COVID-19
ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ЖЕДЕЛ ЖЕЛІСІ
1406, +7 (7172) 768 043

БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ

Qazaq

№ 40-41 (1 040), 06-13 қазан, 2020 жыл

Республикалық қоғамдық-саяси газет

qazaq1913.com +7 (701) 505 48 48 +7 (777) 797 77 88 kazakh_2006@mail.ru

qazaq gazeti qazaq gazeti qazaq_gazeti qazaq gazeti

1913–1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ыждағатымен
Орынборда 265 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 266-санынан бастап қайта жаңғыртты.

«ҚАРА АЛТЫН» өндірісінің жаңа дәуірі

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары көгілдір экраннан көрсетілген бейнеролик есіңізде ме? Сонда Асан Қайғыға кезіккен кішкентай бүлдіршін ақсақалдың алдынан шығып: «Асан ата, Жеруйықты таптың ба?» – деп сұрайды. «Иә, таптым. Сен соның үстінде тұрсың, балам», – деп тіл қатады ақсақал. «Осы да Жеруйық па?» – деп таңданады бала. «Әрине, ол сендердің ұрпақтарыңа да жетеді. Тек аянбай адал еңбек етіңдер. Елдің болашағы – жердің байлығында, балам», – дейді ел ауызындағы абыз. Осындай қазақтың жер ұйығы бола алатын мекен болса, бұл – өндірісі өркендеген Атырау екені сөзсіз.

Амандық САҒЫНТАЙҰЛЫ,
журналист

БАЛАМАСЫЗ БАЙЛЫҚ

Тәуелсіздік демекші, еліміздің егемендік алғанына да келесі жылы отыз жыл толады. Отыз жыл ішінде озық отыз елдің қатарына қосылуға қаншама қадам жасалды? Талай өркениетті елдермен терезе теңестіріп, тәжірибе алмастық. Міне, соның бәрі жер астындағы «қара алтынның» қадір-қасиетінің арқасында келді десек, артық айтқандық болмас. Сол баламасыз байлықтың біраз бөлігі киелі Атырау топырағынан шығып жатқаны тағы бар.

Сөз жоқ, Атырау – мұнайлы мекен, өндірісті өңір. Бұлай деуімізге негіз де жоқ емес. Жүз жылдан астам уақыт ішінде «қара алтын» Қазақ елінің абыройын асқақтатып, беделін биіктетті емес пе? Бағалы байлықты жеті қабат жер астынан шығаратын мұнайшылар – нағыз еңбек ерлері болса керек.

03-бетте

#Баспасөз2021

«QAZAQ» ГАЗЕТІНЕ 2021 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

ИНДЕКС 64048



■ «Food truck» (фудтрак) – тамақ пен сусынды сыртта саудалайтын мобильді асханасы бар көлік

«ДӨҢГЕЛЕКТІ» БИЗНЕС

карантинде неге дөңгеленіп кете алмады?

Жаңа ғасырда өркениетті экономика бүкіл әлемде бұрынғыдан да өзгеше бағытта дамуға көшті. Айталық, бізге таңсық саналатын «Street food» (көше тағамы), «Food truck» (дөңгелекті немесе жылжымалы дәмхана) сынды бизнестің жаңа түрі пайда болды. АҚШ, Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ірі қалаларында бұл «дөңгелекті» бизнестің дөңгеленіп кеткені соншалық, тіпті қазір қала қазынасын толтыратын, жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыс орнымен қамтамасыз ететін табысты салаға айналды.

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,
экономикалық шолушы

Ғасыр тарихы бар «Qazaq» газетінде былтыр табысты саланың қыр-сырына тоқталып, «Сауда әрекетін реттеу туралы» Заңға толықтырулар енгізілмей, «көше саудасына» жер телімдерін беру мәселесі реттелмей, ірі қалалардағы «street food»-тың да, «food truck»-тың да тынысы жылдан жылға тарыла беретінін жаздық. Содан бері ай алмасып, жыл жылжыды. Төрткүл дүниеде коронавирус пандемиясы орын алып, көп сала карантинге кетті. Ал, карантин кезінде «көше асханасы» өз күнін қалай көрді? Тамақтану орындары жаппай жабылғанда, яғни нарықтан негізгі бәсекелестері уақытша кеткенде, «дөңгелекті» бизнес өз артықшылығын неге пайдалана алмады? Енді осы сауалдар төңірегінде ой өрбітейік.

«ДӨҢГЕЛЕКТІ» КӘСІПТІ ДӨҢГЕЛЕТІП ӘКЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ ҚАНДАЙ?

«Food truck» (фудтрак) – ағылшын тілінен аударғанда «food» – тамақ, «truck» – жүк көлігі деген мағынаны білдіреді. Онда көбіне балмұздақтар, тіске басар жеңіл тағамдар, түрлі сусындар сатылады. Көліктерді адам көп жиналатын жерлерден (концерттер, саябақтар) кездестіресіз. Ал, жаз мезгілінде «жылжымалы асхананың» тасы өрге домалайды.

03-бетте

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БАНК ЕЛ ҮКІМЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫН ОҢ БАҒАЛАДЫ

02

АЛАШТЫҢ ҮШ АРЫСЫНА АСЫЛ ЖАР БОЛҒАН ФАТИМА

09

ӨЛІМ ЖАЗАСЫ БЫЛТЫР ҚАЙ ЕЛДЕРДЕ ҚОЛДАНЫЛДЫ?

12

ШЫҒЫС ТЕҢІЗІНДЕГІ ШЫРҒАЛАҢ

Солтүстік Корея балықшылары Жапон теңізінің тұтқындарына қалай айналды?

Тынық мұхитының шеткі теңізі саналатын Жапон теңізінің ауданы – 1 062 мың шаршы шақырым, орташа тереңдігі – 1 753 метр. «Шығыс теңізі» деген атпен де әйгілі бұл теңіздің жағалауында Ресей Федерациясы, Жапония, Корея Республикасы және Солтүстік Корея (КХДР) елдері орналасқан. Аталған алып теңіздің Ресей және Жапония жағалауы жағынан көп жылдар бойы қаңыраған қайық қалдықтары табылып келеді. Ал, «елес қайықтардың» ішінде балықшылардың өлі денелері де болады. Олар кімдер? Олардың мұндай жағдайға тап болуына не себеп? Ғасыр тарихы бар «Qazaq» газеті бүгін белгілі һәм белгісіз жағдайларды топшылап, тақырыпты тарқатады.

■ Солтүстік Корея балықшылары ескі қайықпен бастарын қатерге тігіп, Жапон теңізінің Ресей мен Жапония бөлігінде балық аулайды

Аружан МҰХАНБЕТҚАЛИ,
саяси шолушы

КИМ ЧЕН ЫН ЖОЛДАСТЫҢ ҚАРАҚШЫЛАРЫ

Ресей жағалауына дейін судың ағысын бойлай жылжыған сынған қайық бөлшектері мен өлі адам денесін жергілікті тұрғындар жиі байқайды. Бұндайда төлқұжат тұрмақ, сау тантығы қалмай, неше күннен бері теңіз ағысымен ағып, ақжем болған адам бейнесін ажырату мүмкін емес. Ұдайы қайталанатын бұл жайттарға тан болған тұрғындар ағаш бөліктерімен бірге балық аулау құралдарын, КХДР басшысы Ким Чен Ынның суреті басылған ескі газет бөліктерін тауып алады. Мәйіттің дәл сол кездегі жағдайынан өлім себебін анықтау мүмкіндігі болмағанымен, қайықтан табылған осындай айғақтардан олардың Солтүстік Кореядан шыққан теңізшілер екенін аңғаруға әбден болады. Солтүстік Корея балықшыларының жаппай заңсыз балық аулаумен айналысатындығы белгілі. Әскери-теңіз флоты тыйым салынған тұсқа шығып, ауа райының жайсыздығынан жан тапсырар халге жетуі мүмкін деген болжам бар. Сондай-ақ, Ресейдің Владивосток қаласындағы В.Ильичев атындағы Тынық мұхиттық океанологиялық институты ғалымдарының зерттеуінше, тұрғындар сипаттағандай бұл қайықтар Солтүстік Кореяның балық аулау флотына тән.

Соңғы жылдары жиі ұшырасатын бұл көрініске Қиыр Шығыс халқының еті әбден үйренген.

Ағыспен келген экипаж мүшелерінің өлі денесін тұрғындар Владивосток маңындағы зиратқа жерлейді. Олардың қабірін өзгелерден ажыратуға болады. Белгісіз балықшылар сандармен белгіленіп, қабіріне темірден жасалған қызыл жұлдыз қойылады. Жағалаудағы жерлеу орындарында «қызыл жұлдыз» саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Дегенмен, «жұмбақ жандардың» жанашыры жоқ. «Бұл мәселеге Ресей үкіметі де, Солтүстік Корея билігі де бас сұқпай отыр» дейді Ольга ауылындағы жерлеу үйінің басшысы Владимир Гороховский.

07-бетте

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БАНК ЕЛ ҮКІМЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫН ОҢ БАҒАЛАДЫ

Дүниежүзілік банктің жыл сайын жүргізетін Мемлекеттік басқару индикаторлары (Worldwide Government Indicators) бойынша зерттеуінде Қазақстанның көрсеткіші жақсарды. Бұл туралы «ҚазАқпарат» агенттігі хабарлады.

WGI – Дүниежүзілік банк тобының әлем елдерінің мемлекеттік басқару сапасы мен тиімділігі саласындағы жетістіктерін бағалайтын кешенді зерттеуі. Зерттеу әдістемесінде мемлекеттік басқару сапасының барлық басты параметрін кешенді түрде көрсететін негізгі алты индикатор қолданылады. Жаңартылған есепте Қазақстан 6 көрсеткішінің бесеуін жақсартқан:

1. Үкімет жұмысының тиімділігі;
2. Регуляторлық климат сапасы;
3. Саяси тұрақтылық;
4. Заңның үстемдігі;
5. Жемқорлықпен күрес.

Дүниежүзілік банк билік институтын нығайту, оның тиімділігін, ашықтығы мен болжамдылығын арттыру бойынша Үкіметтің бірізді жұмысын жоғары бағалап отыр. Зерттеуге сәйкес, Үкіметтің жұмысының тиімділігі мемлекеттік аппарат жұмысының сапасы және саяси, экономикалық бағдарындағы тұрақтылығы, сонымен қатар халыққа базалық мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде (көлік, инфрақұрылым) қанағаттанушылық деңгейінің есебінен көрсеткіші жақсарған.

Регуляторлық климат сапасы бойынша Қазақстан бірнеше жыл бойы қалған бес көрсеткіштен қарағанда жақсырақ нәтижеге қол жеткізіп келеді. 2019 жылы Қазақстан бизнес жүргізетін шетелдік инвесторлардың тәуекелдерін азайту бойынша тиімді шараларының арқасында өз позициясын жақсартқан еді. Банк биліктің сабақтастығы жолға қойылып, ішкі және сыртқы қақтығыстар болмағандықтан елдегі саяси тұрақтылық көрсеткішінің жақсарғанын атап өтеді.

Заңның үстемдігі көрсеткіші бойынша дауды реттеудің баламалы жүйесін дамыту, құқықтың қорғалуын қамтамасыз ету және азаматтық, қылмыстық заңнаманың жетілдірілуі есебінен прогрес бары байқалған.

Жемқорлықпен күрес индикаторы бизнес жүргізуде жемқорлық қаупінің төмендеуі есебінен жақсарған.

Жалпы, WGI есебін ұлттық экономикалар болжамы мен несие бағалауын қалыптастыру үшін жетекші халықаралық қаржы ұйымдары, даму институттары мен рейтинг агенттіктері пайдаланады. Сонымен қатар, Fitch рейтинг агенттігінің зерттеуі де ұлттық экономиканы «BBB» деңгейінде бекемдеп, Үкімет жұмысының тиімділігін атап өткен.

Алматы қаласында 1 тамызда басталған екінші модульді инфекциялық ауруханасының құрылысы аяқталды. Ол «Aport» сауда, ойын-сауық орталығының жанында орналасқан және қалалық клиникалық инфекциялық балалар ауруханасының филиалы саналады. Госпиталь 12 блоктан тұрады, оның ішінде 8 палаталық бөлім бар. Онда 300 төсек-орын және 30 реанимация палатасы бар. Барлық төсектер медициналық газбен және өкпені жасанды желдету аппаратына қосылған.

АЛМАТЫДА БҮГІННЕН БАСТАП ТЕАТРЛАР ЖҰМЫС ІСТЕЙ БАСТАДЫ

Бүгін, 6 қазаннан бастап Алматы қаласында театрлардың жұмысына рұқсат берілді. Бұл туралы Алматы қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысынан белгілі болды. Дегенмен, театрларда отыру орындарының толуы 50%-дан аспауы тиіс.

«Мәдени нысандарда әлеуметтік арақашықтық сақталуы міндетті. Сондай-ақ, санитарлық-дезинфекциялық режим, желдету және ауаны баптау жүйелері үздіксіз жұмыс істеп тұруы керек. Оған қоса, ауаны сәулелендіру (кварц) ұсынылады», – делінген Алматы қаласының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшиннің коронавирус инфекциясын алдын алу жөніндегі жаңа қаулысында.

Айта кетейік, Алматыда дәмханалардың, көлік жуу орындарының, көлікке техникалық қызмет көрсету станцияларының, жалпы адаммен байланыссыз жұмыс істейтін нысандардың жұмыс уақыты ұзартылды. Бүгіннен бастап халыққа байланыссыз қызмет көрсететін нысандар үшін жұмыс уақытын таңғы сағат 10:00-ден түнгі 00:00-ге дейін ұзартуға және жұмыс, демалыс, мереке күндері таңғы сағат 05:00-ден түнгі сағат 00:00-ге дейін жеке ғимараттарда орналасқан қоғамдық тамақтану нысандарына (асханалар, кофеханалар, кафелер және т.б.) барлық санитарлық талаптарды сақтай отырып, жеткізу қызметін көрсетуге рұқсат беріледі.

ЖАНАР ДӘУЛЕТҚЫЗЫ
«QAZAQ» ГАЗЕТІНІҢ ШОЛУШЫСЫ

Қазақстанда коронавирус жұқтырған науқастардың арасында

86

адамның ахуалы нашар, соның ішінде 14 науқас өлім аузында жатыр

Жексенбі, 11 қазанда Михал Билек шәкірттері Алматы қаласының Орталық стадионында Албания құрамасын қабылдайды. Ал, 14 қазаннан 15 қазанға қараған түні Қазақстан футболшылары сырт алаңда Беларусь құрамасымен ойнайды.

ЖАНДАРБЕК БЕКШИН,
АЛМАТЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАР ДӘРІГЕРІ:

«АЛМАТЫДА ТҰМАУҒА ҚАРСЫ ВАКЦИНАҒА СҰРАНЫС АРТТЫ»

Алматы қаласында тұмауға қарсы вакцина салғызуға ниеттілер саны артты. Бұған статистикалық деректер дәлел. Қазіргі кезде барлық вакцина салынды. Сұраныс жоғары. Егер өткен жылы 100 мың доза вакцина 1 желтоқсанда бітсе, биыл қазаның алғашқы күндері 130 мың доза вакцина салынды. Біз бұл жұмыстарды жалғастырамыз. Себебі, екпе тұмауды алдын алудың ең тиімді тәсілі болып есептеледі. Қоймаға қосымша 56 мың доза түсті. Жалпы мегаполиске тағы қосымша 300 мың доза вакцина жеткізіледі...

(Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында айтқаны)

http://qazaq1913.com

СӘДУАҚАС БАЙҒАБЫЛОВ,
КӨЛІКТЕГІ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРЛЫҚ ДӘРІГЕР:

«ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛЕТІН ШЕТЕЛДІКТЕР ПТР АНЫҚТАМАМЕН ҒАНА КІРГІЗІЛЕДІ»

6 қазаннан бастап шетелден әуе рейсімен келетін шетелдік азаматтар елге COVID-19 тестінің теріс нәтижесі туралы ПТР анықтамасыз кіргізілмейді. Анықтама шекараға дейінгі 72 сағат ішінде жасалуы тиіс. Халықаралық рейспен келген Қазақстан азаматтарына келсек, тиісті мерзімі көрсетілген анықтамасы жоқ жолаушылар ПТР әдісімен зертханалық тексеруден өту үшін екі тәулікке карантиндік стационарға жатқызылады. Бұл талаптар Қазақстанмен әуе рейсі қайта ашылған барлық елдерге қатысты. Бұған дейінгі елдерді санатқа бөлу қарастырылған жоқ. Дәл осындай шектеу шаралары Қазақстанның мемлекеттік шекарасын теміржол, теңіз, өзендік көлікте және автожолдар арқылы кесіп өтетін барлық тұлғаларға қойылады...

(Орталық коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында айтқаны)

КОРОНАВИРУС ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ РЕСМИ САЙТ
CORONAVIRUS2020.KZ

Өткен аптада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ректоры Тілектес Есполовты қабылдады. Бұл туралы Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасының ресми сайты хабарлады.

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ ТІЛЕКТЕС ЕСПОЛОВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Әңгіме барысында Нұрсұлтан Назарбаев университеттің отандық аграрлық сектор үшін жоғары білікті мамандар даярлау бойынша жүргізіп жатқан жұмысының маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар, Қазақстанның Тұңғыш Президенті инновациялық технологияларды енгізу және аграрлық ғылымды дамыту мәселесіне тоқталды. Осы орайда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында айтылған отандық ғылым саласын қолдау мен дамытудың жаңа тәсілдерін енгізудің өзектілігі айтылды.

«Өскелең ұрпақтың тәрбиесі жеке тұлғаның адамгершілік және азаматтық жауапкершілігін дамытуға бағытталған. Бұл үдерісте толеранттылық, ұлтаралық келісім, патриотизм, заңға бағынушылық және еңбексүйгіштік негізгі бағыт болуы керек», – деді Елбасы.

Кездесуде Тілектес Есполов Нұрсұлтан Назарбаевқа жоғары оқу орнына зерттеу университеті мәртебесі берілгені жөнінде мәлімдеді.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Мемлекет басшысының биылғы Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында «Қазақстан Республикасындағы қоғамдық бақылау туралы» Заңының, ілеспе жобасы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қоғамдық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының тұжырымдамасы мен заң жобасын әзірлеу бойынша жұмыс тобын құрды. Бұл туралы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Баспасөз қызметі хабарлады.

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ: ЗАҢНАМАЛЫҚ БЕКІТУ БОЛАШАҒЫ

Жұмыс тобының құрамында үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, сарапшылар, орталық және жергілікті деңгейдегі қоғамдық кеңестердің мүшелері, мемлекеттік органдардың мүдделі қызметкерлері бар.

Өткен аптада, 1 қазан күні ҚР Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі, жұмыс тобының басшысы Болат Тілеповтің төрағалығымен заң жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының онлайн отырысы өтті.

Отырыс барысында қоғамдық бақылау туралы заң жобасы Тұжырымдамасының негізгі тәсілдері мен ережелері талқыланды.

Болашақ заң жобасының мақсаты – қоғамдық бақылау жүйесінің құқықтық негізін, сондай-ақ азаматтық қоғамды одан әрі жетілдіруге арналған құқықтық жағдайларды айқындау.

Заң жобасының міндетіне бірыңғай ұғымдық аппаратты қалыптастыру, қоғамдық бақылауды жүзеге асыру қағидаттарының бірыңғай жүйесін белгілеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қоғамдық күшжігерді біріктірудің құқықтық тетіктерін жасау, қоғамдық бақылау субъектілері мен объектілерінің міндеттілігін, өкілеттігін және жауапкершілігін айқындау кіреді.

Талқылауға Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығының президенті, қоғамдық даму саласындағы қоғамдық кеңестің мүшесі Айгүл Соловьева, «Қазақстанның Азаматтық Альянсы» ЗТБ вице-президенті Гамал Түзелбаев, Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі қазақстандық халықаралық бюроның директоры Евгений Жовтис, Almaty Management University президенті Асылбек Қожахметов, «Талап» қолданбалы зерттеулер орталығының директоры Рахым Ошақбаев, «Қазақстан заңгерлерінің одағы» РҚБ Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалының төрағасы Серік Беркамалов, «Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту орталығы» жеке мекемесінің директоры, Солтүстік Қазақстан облысы қоғамдық кеңесінің мүшесі Сергей Худяков, құқықтық саясатты зерттеу орталығының атқарушы директоры Татьяна Зинович қатысты.

Жұмыс тобы ta.akhmadiev@qogam.gov.kz электронды ардесіне жіберуге болатын «Қоғамдық бақылау» белгісі бар ұсыныстарды жинақтайды және олар міндетті түрде жұмыс тобының отырыстарында қаралатын болады.

«ҮРКЕР-2020» ҰЛТТЫҚ СЫЙЛЫҒЫНА ӨТІНІМДЕРДІ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі және «Медиа дамыту қоры» корпоративтік қоры жыл сайынғы «Үркер-2020» Ұлттық сыйлығына қатысу үшін өтінімдер қабылдаудың басталғаны туралы хабарлады.

Ұлттық сыйлық баспа, радио, интернет-журналистика саласындағы үздік жетістіктері үшін беріледі, журналистика мәртебесін арттыруға, оны насихаттап ерекшелейтін кәсіби стандарттар мен критерилерді бекітуге бағытталған. Конкурс мақсаты – талантты журналистер мен шығармашылық ұжымдарды анықтау, олардың кәсіби журналистиканы дамытуға қосқан үлестеріне құрмет көрсету.

Бәйгеге контентті өндіретін және тарататын республикалық және өңірлік радиостанциялар, баспа және интернет-басылымдар қатыса алады.

Ағымдағы жылы болған әлемдік өзгерістерге байланысты «Үркер» Ұлттық сыйлығы күз маусымында өткізіледі. Өтінімдер 2020 жылдың 2 қазанынан 2 қарашасына дейін қабылданады.

Конкурстық жұмыстарға қойылатын талаптар:

- жұмыстар 2019 жылдың 1 қаңтары мен 2020 жылдың 1 қарашасы аралығында жарияланууы тиіс;

- жұмыстар баспа басылымында, интернет-ресурста жарияланууы немесе радиоэфирде шығуы тиіс.

«Үркер-2020» Ұлттық сыйлығының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі онлайн форматта 2020 жылдың 13 қарашасында өтеді.

Биылғы жылы «Үркер-2020» сыйлығы 11 номинация бойынша марапатталады:

Жылдың үздік фотосуреті;
Жылдың үздік репортажы;
Жылдың үздік аналитикалық материалы;
Жылдың үздік журналистік зерттеуі;
Жылдың үздік сұхбаты;
Жылдың үздік танымдық материалы;
Радиостанциядағы үздік жоба;
Жылдың үздік жаңалықтар порталы;
Жылдың үздік газеті;
Жылдың үздік журналы;
Шерхан Мұртаза атындағы номинация.

Биылғы жылы публицистерге жеке номинация арналды. Номинация Шерхан Мұртазаның құрметіне аталды. Шерхан Мұртазаның есімімен тек қазақ әдебиеті ғана емес, отандық журналистика да байланысты. Қазақстандық публицистика саласының майталманы кәсіби журналистердің бірнеше буынын тәрбиелеген еді. Бүгінгі қоғам өмірінің өзекті мәселелері мен құбылыстарына өз жұмыстарын арнаған авторлар аталмыш номинацияға үміткер бола алады. Материалдар баспа немесе интернет-басылымдарда қазақ немесе орыс тілдерінде жариялануы тиіс.

Байқау жұмыстарын беделді журналистер, саланың еңбек сіңірген қайраткерлері және халықаралық медиа сарапшылардан құралған тәуелсіз қазылар алқасы бағалайды.

Конкурс қорытындысы бойынша әр номинацияның үздік өкіліне жеңімпаз атағы беріліп, «Үркер-2020» естелік мүсіншесі және 1 000 000 теңге мөлшеріндегі ақшалай сый табысталады. Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер https://urker-awards.kz/ru/ ресми сайтындағы тиісті өтінімді толтыруы қажет.

Қосымша сұрақтар бойынша +7 775 332 08 00 (Бибігүл) нөміріне хабарласыңыз.

«ДӨҢГЕЛЕКТІ» БИЗНЕС

КАРАНТИНДЕ НЕГЕ ДӨҢГЕЛЕНІП КЕТЕ АЛМАДЫ?

01-беттен

«Жылжымалы асханамен» айналысудың таяқтың екі ұшы болатынындай өз кемшілігі мен артықшылығы бар. Артықшылығы – бизнеске ақшаны аз мөлшерде құясыз және елімізде бұл салада әзірге бәсекелестік төмен. Кемшілігі – сіз бұл кәсіптен белгілі бір маусымда ғана пайда табасыз. Яғни, көктемнің соңғы айлары мен жаз мезгілінде. Ауа райының мейірімі түссе, күздің алғашқы айларында да пайдаға кенелесіз.

Бүгінде елімізде фудтрактарды көбейту мәселесі көтеріліп келеді. Мысалы, былтыр ҚР Ұлттық экономика министрлігі отандық кәсіпкерлерді азық-түлік тасымалдау саласына мән беруге шақырды. Сол тұстағы ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту департаментінің директоры Асланбек Жақыпов (былтыр ол 500 мың теңге пара алғаны үшін 3 жылға сотталып, кейін ақталып шықты, – ред.) Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «дөңгелекті» бизнесті бастау жылдам әрі тиімді екендігін атап өтті.

«Фудтрактарға қатысты бізде нақты реттеулер жоқ екені рас. Дегенмен, кез келген адамға жүк көлігіне газ плитасын орнатып, баллонды қойып, қала ішінде сауда жасауға жол беруге болмайды. Үш нәрсені ескеру қажет: өрт қауіпсіздігі, жол қозғалысының ережелері және санитарлық талаптар. Ал, сауда жасау орындарын қалалық әкімдік белгілеуі керек», – деп түсіндіреді Асланбек Қуандықұлы.

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері Қазақстан заңнамасында «жылжымалы асханалар» үшін қандай да бір жеке талаптардың жоқ екендігін, өзге елдерде бұл кәсіптің арнайы ережелері қалыптасқандығын айтады. Мәселен, АҚШ-та азық-түлік тасымалдаушылар үшін арнайы «Мобильді сауда туралы» заң бар. Тиісті құжаттарды толтырып, рұқсат алған соң, өз тауарларын тұтынушыларына еркін сата береді. Сөйтіп, сауда бағытын жергілікті билік-тің рұқсатынсыз қалағандарынша жүргізеді. Демек, АҚШ-тағыдай Қазақстанда «дөңгелекті» бизнестің дөңгеленіп кетуі үшін қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізілуі керек.

«КӨШЕ АСХАНАСЫ» КАРАНТИНДЕ НЕГЕ ӨЗ КЛИЕНТТЕРІНЕ ЖЕТЕ АЛМАДЫ?

Фудтрак тамақтану орны болғандықтан, бұл қызмет түрі «Сауда қызметін реттеу туралы» заң және санитарлық ережелер мен нормалардың аясында жұмыс жүргізеді. «Атамекен» ҰКП өкілдерінің айтуынша, «дөңгелекті» бизнестің кәсіпкерлерге қаншалықты таныс екендігін айту қиын. Себебі, бизнестің бұл түрі қызмет барысында да, тіркеу кезінде де ерекшеленбейді. Тіркеу барысында заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің мекенжайы көрсетіледі. Бағытты жергілікті әкімдіктің өкілдері белгілейді. Саудасаттық белгіленген бағыттың кез келген нүктесінде жасауға рұқсат етіледі. Бірақ, рұқсат етілмеген жерде сауда жасаған жағдайда айыппұл салынады. Сондай-ақ, фудтрак иелері жол ережелерін, заңның басқа да талаптарын орындауға міндетті.

Әрине, заңға томпақ келетін бұл әрекеттерге «food truck» иелері ғана емес, барлық кәсіпкерлер бармауы керек. Ал, «food truck» иелері үшін әкімдік сауда жасауға рұқсат беретін орындардың шектеулі болуы басты мәселе. Мұнымен «Атамекен» ҰКП өкілдері де келіседі. Қазіргі уақытта қолданыстағы заңнама концерттерде, саябақтарда және халық көп жиналатын басқа да жерлерде азық-түлік сату мәселесін реттемейді. Ең бастысы фудтрак иелері бекітілген шектеулі бағыт бойынша ғана сауда жасауы керек.

Рас, фудтрак – көше асханасы. Бизнестің мұндай түрі карантин кезінде қызметін жалғастыруға құқылы еді, алайда бұл мүмкіндікті толыққанды пайдалана алмады, себебі «дөңгелекті» сауданы реттеу қиын болды. Мәселен, іс-шараларда кейтерингпен айналысқан кей кәсіпкерлер дәстүрлі емес саудаға бөлінген орындарға қол жеткізе алмады. Оларға сол орын үшін жылына бір рет өткізілетін тендерге қатысып, оны ұтып алу керек болды. Ол жерлерге жәй ғана барып, сата беру заңға қайшы келеді.

Заңнамадағы өзгерістер осы дәстүрлі емес сауда саласының өкілдері арасында әкімдік пен «Атамекен» ҰКП өкілдерінің жұмыс тобымен бірге талқылануда. Нарық қатысушылары кафе-фургондарға арнап бағыттар қарастыруды ұсынады.

Журналистердің «көліктегі тамақтану орнына қатысты арнайы заң қашан шығады?» деген сауалына «Атамекен» ҰКП өкілдері мұндай сауда түрі қызметінің алғышарттары әлдеқайда жеңілдетілгенімен, фудтракерлерге жаңа мүмкіндіктердің пайда болғанымен, яғни 2019 жылдың 19 шілдесінде шыққан «Ішкі сауда ережелерін бекіту туралы» бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенімен жауап береді. Ол жерде әкімдік енді «дөңгелекті» сауда нысандарының орнын ғана емес, бағытын да бекітетінін айтады. Алайда, фудтракерлер атқарушы биліктің әлі де бағыттарды белгілемегенін алға тартады.

Фудтрак бизнесі карантинде «қиналып» қалғаны жасырын емес. Себебі, өзінің мобильділігін толыққанды пайдалануға мүмкіндігі болмады. Бизнес орталықтар мен адам көп жүретін жерлерге орналастырылатын кафе-фургондар мобильді қоғамдық тамақтануға қатысты нақты қағидалардың болмауынан алыстағы көшелерге де жете алмай қалды.

БИЗНЕСТІ БАСТАУҒА ҚАНША ҚАРАЖАТ КЕТЕДІ?

Жоғарыда жазғанымыздай, фудтрак – тамақ пен сусынды сыртта саудалайтын мобильді асханасы бар көлік. Ал, «дөңгелекті» кәсіпті бастауға қанша қаржы керек? Бұл сұраққа осы кәсіптің иесі Марлен Мәлкеев жауап бере алады.

Марлен Нұрланұлының айтуынша, автоасханада дайындалған бургер мен хот-догтарды сатып бастау үшін орташа есеппен 8-12 млн теңге қажет. Оның үштен екісі автокөлік немесе трейлерді сатып алуға кетсе, қалғаны арнайы құрылғыларды орнатуға жұмсалады. Егер автокөлікке үнемдесеңіз, жұмысты одан да аз қаржыға үйлестіруге болады.

■ Қазақстанда «food truck» шығаратын «Sputnik» зауытының директоры Андрей Шенцовтің айтуынша, «food truck»-тің өзі – 5 млн, ал арнайы жабдықталғаны – 6-8 млн теңге тұрады

«Қайта жабдықтау және жөндеуімен 4 млн теңгеге түседі. Бұл – фудтрак құрылысына қажетті ең аз сома. Онда да жұмыстың біраз бөлігін өз қолыңызбен істейтін болсаңыз. Қолданылған дайын фудтрактардың бағасы ең кемі 7 млн теңгеден басталады», – деп түсіндірді 1995 жылғы «Mercedes 308D» сатып алып, оны кәсіпке айналдырған «Picnic Food Truck» басшысы Марлен Мәлкеев.

Тағы бір кәсіпкер Павел Завриннің пікірінше, сусын сату үшін үлкен жүк көлігінің қажеті жоқ. Минивэнді қайта жабдықтаса да жеткілікті. Ескісін 3,5 млн теңгеге сатып алуға болады. Кәсіпкер өзінің жеке мысалына сүйеніп осылай айтады. Өйткені, осындай қаржыға «Renault Kangoo» минивэні базасындағы қозғалмалы кофехананы сатып алған.

Қозғалмалы кофехана қызмет көрсетуде салыстырмалы түрде арзан және қарапайым болып келеді, сондықтан жаңадан кәсіп бастаушы кәсіпкерлер фудтракерлік бизнестің дәл осы сегментін жиі таңдайды.

Иә, «жылжымалы асханалары» бар кәсіпкерлердің сөздерінше, базалық жиынтықтағы жүк көлігінің тіркемелерін алуға 5-8 млн теңгенің арасында қаражат кетеді. Сонымен бірге, жүк көлігінің ішкі жабдықтарының материалдарын алуға да біраз ақша керек.

Қазақстанда «food truck» шығаратын «Sputnik» зауытының директоры Андрей Шенцовтің айтуынша, «food truck»-тің өзі – 5 млн, ал арнайы жабдықталғаны – 6-8 млн теңге тұрады.

Осы саланың басы-қасында жүргендер жұмыстың алғашқы маусымында бизнеске салынатын инвестицияның көлемі шамамен 15 млн теңгені құрайтынын айтады. Кәсіпкерлердің есебін ҚР Франчайзинг қауымдастығының басшысы Әдемі Досжанова да қуаттайды. Кәсіптің бұл түрі орта және төмен бюджеттік франчайзингтердің қатарына жатады. Салынатын инвестицияның көлемі 20 млн теңгеге дейін баруы мүмкін. Жүк көлігіне, керекті құрал-жабдықтарға кететін шығындар да осыған кіреді.

Әдемі Досжанова «street food»-пен айналысатын «Red Dragon» мейрамханалар желісін және «Zheka's doner house»-ті мысалға келтірді. Оның айтуынша, бүгінгі таңда аталмыш «көше асханалары» қолжетімді деңгейде. Ал, франчайзинг жобаларына салынатын инвестициялардың көлемі 300 мың теңгеден басталып, 20 млн теңгеге дейін барады.

ШЫҒЫН ШЫҚПАЙ, КІРІС КІРМЕЙДІ

Шағын кәсіпкерлік тұрғысынан қарағанда «дөңгелекті» бизнесті бастау қымбатқа түседі. Кәсіпкердің біраз шығындалатынын жоғарыда жаздық. Дегенмен, аралығында құбылып тұрады. Бизнес-орталық «әрбір шаршы метрге қарай» классикалық тәсілді де қолданса болады. Мөлшерлеме бизнес-орталықтың орналасқан жері мен маусымға да байланысты.

Биыл «Алматыда «дөңгелекті» бизнес орындарына арнайы бөлінген 60 орынның біріне орналасуға болады» деген жақсы жаңалық шықты.

Мемлекет қарамағындағы жерлердің ақысы да анау айтқандай қымбат емес, фудтракерлердің айтуынша, айына 300-400 мың теңгеге бағаланады (оның үстіне бұл баға жыл бойына өзгеріссіз қалады, қайта бағасы қыс кезінде 3-4 есе төмендейді).

Фудтракерлердің бірінші жұмыс үлгісі шын мәнісінде тартымды, өйткені, оның құжаттамасында бас қатыратын дүниелер жоқ, ал табыс онсыз да жеткілікті. Әкімдік ұйымдастырған іс-шаралар өтетін жерлердің жалгерлік ақысы орта есеппен күніне 30 мың теңгені құрайды. Егер бұл жеке ұйымдастырушылардың ивенті болса, онда күніне 50 мың теңге. Алайда, бүгінде коронавирус пандемиясына байланысты бұқаралық шараларға тыйым салынғандықтан мобильді кейтерингке маманданғандар табыссыз қалды. Дәстүрлі емес сауда нысандарының айналасында тұрған кәсіпкерлердің де тұрақты тұтынушылары азайып кетті. Павел Завриннің бағалауы бойынша, аталған салада табыс биыл 60%-ға қысқарды. Карантин кезіндегі екі жұмыс үлгісі де тиімсіз болды, алайда пандемияның кесірінен басқа жерлерге ауысу, мәселен, шет аймақтарға көшуге фудтракерлердің батылы жетпеді.

Айта кетейік, 2017 жылы күрделі жөндеуден өткізіліп, кеңестік ескі көшеден желекжолға (ішкі жағына ағаш егілген алаң/көше, – ред.) айналған Алматы қаласының Панфилов көшесіндегі бес «дөңгелекті асхана» бір жылда қала қазынасына 67,4 млн теңге пайда түсіріпті. Демек, «street food», соның ішінде «food truck» – мол табыс табатын сала.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Маркетингтік зерттеулер фудтрактың бүкілдүниежүзілік нарығының жылдық орташа өсімі алдағы бес жылда 5%-ға артатынын болжайды. Аталған сегменттің артықшылығы ретінде дәстүрлі кафелермен салыстырғанда әлдеқайда төмен бағасына тоқталады.

Сондай-ақ, нарыққа ауысуы мен тұтынушылар легін басқарудағы икемділігін де ескеріпті (теория бойынша қай жерде тұтынушы көп болса, сол жерге орналаса алады).

Бүкіл әлемдегі маркетологтар сегменттің қауіп-қатері ретінде аса қолайсыз құқықтық-ережелік орта мен фудтракерлердің қоғамдық немесе жеке аумақты өз мақсатына тек заң шеңберінде ғана қолдануға міндеттелгендігін алға тартады. Яғни, бұл саланың құқықтық, құжаттық реттелуін бір ізге түсірмей, айы оңынан тууы екіталай.

«ҚАРА АЛТЫН» ӨНДІРІСІНІҢ ЖАҢА ДӘУІРІ

01-беттен

«АЛДЫМЕН ЭКОНОМИКА, СОСЫН САЯСАТ!»

Мұны Елбасы талай айтты. Қазіргі Президент те осы қағиданы қатаң ұстануға шақырады. Озық отыз елдің тізімінен табылғымыз келсе, мұнай өндірісін өркендету керек. Ал, бұл үшін сапалы білім қажет. Ендеше, еліміздің мұнай-газ саласын қандай келешек күтіп тұр? Қазақстанда алдағы уақытта технологияның қай түрлері сұранысқа ие болмақ? Бұл бағытта білім берудің болашағы нешік? Біз бұл сауалдарды өңірге сапарлаған сәттерінің бірін пайдаланып, белгілі саясаттанушы, қоғам қайраткері, геосаясат ғылымдарының магистрі Саясат Нұрбекке қойып көрген едік. Өйткені, ол – «Қазақстанның жаңа мамандықтар мен құзыреттер атласы» атты жобаның жетекшісі және «BTS Education» білім беру мекемесінің басшысы болып табылады. Шыны керек, сарапшының сөзі біраз ойландырып тастады.

– Түсінемін, коронавирус пандемиясы қоғамның қай саласына да салмақ салды, – дейді ол. – Бірақ, әр нәрсенің әр кезде қос қыры болады ғой. Жаһанды жайлаған жұқпалы дерт бәрімізді де төзімділік пен табандылыққа үйретті. Кем-кетік пен қателіктерді де көзге көрсетті. Санда бар да, сапада жоқ жайттарды да жөнге салды. Яғни, қазір құр статистикаға сабыр сақтап отыратын уақыт емес екенін түсіндік. Сөзден іске көшетін сәт туды. Әсіресе, еңбек нарығын қайта қарауға тура келеді. Бұл ретте, өткеннен өнеге алар тұстар да бар. Мәселен, Кеңес үкіметі кезінде білімі мен білігіне сай дипломы бар жас маман жұмыс іздеп жүрмейтін еді. Өйткені, ол үшін мәселенің бәрін Үкімет шешті. Ал, нарықтық экономикаға көшкен кезде экономика бәрін өзі реттейді деген түсінік тарады. Қазір де мемлекет тарапынан бөлініп жатқан білім гранттары толып тұр, бірақ, сақадай сай сала маманы көп емес. Демек, еңбек нарығына нақты кімдер керек, соны зерделеп-зерттеп жатқан ешкім жоқ. Міне, мұнай-газ саласында да осындай қиындықтар бар екенін жасырудың жөні жоқ. Еңбек нарығы тек бүгінгі жағдаймен ғана реттелмеуі керек. Алдағы он, жиырма жылға да осы кезден дайындалу қажет. Айталық, бүгін мұнай-газ өндірісіне маңыз берсек, ертең мұнай химиясына тұтастай көшіп кетуіміз мүмкін ғой.

Иә, спикердің айтуы өте орынды. Шынымен де, еңбек нарығын, соның ішінде, мұнай-газ саласы бағытында жастар мен ата-аналарға арналған нұсқаулық керек секілді. Нұрбек Саясат жетекшілік жасайтын атласта әзірге тоғыз сала қамтылған. Солардың көшін мұнай-газ бастайды. Өйткені, бұл – ел экономикасының көшбасшысы.

Біздің шетел тәжірибесінен түйеріміз әлі көп. Әсіресе, өндіріс пен өнеркәсіпті толықтай автоматты жүйеге көшіруге күш салу керек. Себебі, жер қойнауындағы шикізат енді азаймаса, көбеймейтіні анық. Осыған дейін әлем елдері жарыса жүріп мұнай өндірсе, енді оны өңдеуге бет бұруда. Яғни, алдағы уақытта мұнай химиясының алтын дәуірі туып жатса, таң қалмаңыз.

МҰНАЙ ХИМИЯСЫНА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛЕ МЕ?

Өндіріске оралсақ, қазір Қазақстан «қара алтын» өндірудің үшінші буынына қадам басты. Жер қойнауын қазған сайын, ондағы қазынаны алу да қиындап тұр. Сайып келгенде, мұның бәрі қомақты қаражатты талап етеді. Демек, мұнай алудың тиімді тұстарын тапқан дұрыс. Олай болмаған жағдайда, өңдеу өнеркәсібін өркендету керек. Тығырықтан шығудың төте жолы жоқ.

Бұл бағытта бірде-бір жұмыс жасалып жатқан жоқ деуге тағы болмайды. Жергілікті мұнай компанияларына жастарды өндіріс ошағында оқытудан өткізуге тапсырма берілген болатын. Сондай-ақ, баяғы топтық оқытудан гөрі қазір жекелей білім беру анағұрлым тиімді. Өндіріс барысының күрделене түсетінін түсінген кей мемлекеттер мұнайдан бас тартып, тіпті, электр энергиясын тұтынатын құралдар шығарып, газбен жүретін көліктерге көшуде. Екінші жағынан, экологиялық стандартқа қойылар талап та күшейіп келеді. Осылайша, «экологиялық аудитор» секілді жаңа мамандықтар да пайда болуда.

– Жалпы, адам баласын бір жұмыста ұстап отыру мүмкін болмай бара жатыр. Жұмысшылар жұмыс жасауға жайлы орта болғанын қалайды. Оларға, тіпті, бұрынғыдай жалақы да маңызды емес. Егер ұнамаса, басқа қызметке кете салады. Сондықтан, енді ірі компаниялар өз ішінен оқу орталықтарын ашуға тырысады. Бұл жаңа технологияны тез меңгеріп кету үшін де керек. Мысалы, дамыған елдерде бұрғылау жұмыстарына адам тікелей араласпайды. Оны енді робот алмастырды. Техниканың өзі шикізат іздейді. Сөйтіп, «ақылды үй» секілді «ақылды» ұңғымалар мен кен орындары пайда болуда, – дейді спикер.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Айтпақшы, қазір ел ішінде «жаңа кен орнын ашу керек пе, әлде, қазынаны қиын қабаттан қазудың тың тәсілін тапқан дұрыс па?» деген бағытта пікірталас қызу жүріп жатыр. Селкеусіз сеніп келген баламасыз байлықтың бәсі де бәсеңдеп барады. Шикізатты арзан бағаға сату тым тиімсіз. «Қара алтын» қоры тек біздің елде ғана емес, басқаларда да жетіп жатыр. Тек соны өңдеу керек. Міне, ең маңызды мәселе осында.

Халықаралық қарттар күні аясында Нұр-Сұлтан қаласы мен Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарының жекелеген аудандарында 216,7 мың зейнеткерге 2,3 млрд теңге көлемінде біржолғы қаржылай көмек көрсетіледі. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Баспасөз қызметі хабарлады.

216,7 МЫҢ ЗЕЙНЕТКЕР

БІРЖОЛҒЫ ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК АЛДЫ

Жалпы, ағымдағы жылы жергілікті бюджет мүмкіндіктерін ескере отырып және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде 15,2 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді (оның ішінде жергілікті бюджеттен – 14,2 млрд теңге, тартылған қаражат есебінен – 1 млрд теңге):

- Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне бірреттік материалдық көмекке 7,6 млрд теңге (123,6 мың адам);
- азық-түлік себетін беруге 1 млрд 481,1 млн теңге (233,4 мың адам);
- жеңілдікпен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге 174,2 млн теңге (40,8 мың адам);
- тісті протездеуге 142,7 млн теңге (3 мың адам);
- шипажайлық емделуге 1 млрд 362,3 млн теңге (19,5 мың адам);



- тұрғын үйді жөндеуге 46,4 млн теңге (376 адам);
- отынмен қамтамасыз етуге 136,1 млн теңге (3,7 мың адам);
- қоғамдық көліктерде жеңілдікпен жүруге 740,7 млн теңге (133,9 мың адам);
- көмектің басқа түрлеріне 3 498,8 млн теңге (134,0 мың адам).

Айта кетейік, Қазақстанда 2 млн-нан астам зейнеткер тұрады.

Кеше, 5 қазан күні Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев Байзақ ауданына жұмыс сапары барысында жөндеу-құрылыс жұмыстарымен және ауыл шаруашылығы саласындағы жағдаймен танысты. Бұл туралы Жамбыл облысы әкімінің Баспасөз қызметі хабарлады.



Бердібек САПАРБАЕВ,
Жамбыл облысының әкімі:

«Пияз Жамбыл облысының брендіне айналуы керек!»

Аймақ басшысы алдымен ауандағы Қостөбе ауылына ат басын бұрды. Ондағы орта мектеп жанынан «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында спорт зал, мәжіліс залы, үш оқу кабинеті мен асхананы қамтитын қосымша ғимарат салынуда. Бас мердігер «Тараз Ирригация» ЖШС нысанды биыл тамызда пайдалануға беруі керек болатын. Мерзімнен кешіккені үшін кәсіпорынға үш млн теңге айыппұл салынды. Тапсыру мерзімі 18 қарашаға созылды.

«Құрылыс екінші айға созылуда, ал оқу жылы әлдеқашан басталған. Жақында екінші тоқсанға аяқ басамыз. Жұмыстарды жеделдетіп, екінші тоқсан басталғанға дейін аяқтау қажет. 1-қарашаға дейін нысан тапсырылуы тиіс», – деді облыс әкімі.

Бердібек Сапарбаев жоспардан тыс Қостөбе ауылындағы Әулиеата мен Қонаев көшелеріне ат басын бұрды. Бұл көшелерде үш айдан бері жолдар, тротуарлар мен арықтардың құрылысы жүріп жатыр. Бұл жұмыстардың жалпы құны 2,1 млрд теңгені құрайды.

«Жұмыс тым ұзаққа созылды. Мен екі ай бұрын осында болған кезбен салыстырсам өзгеріс көп емес. Бұл өте қымбат жоба, мұны қабылдауда өте мұқият болыңыздар. Биыл аудан тұрғындарының әлеуметтік маңызды мәселелерін шешуге бюджет қаражатынан 12,9 млрд теңге бөлінді. Дегенмен, кейбір жобаларды жүзеге асыру мерзімдері кешіктірілуде. Келер жылы қаражатты бөлу кезінде бюджет ақшасын барынша тиімді пайдаланатын аудандарға басымдық берілетінін ескеріңіздер», – деді өңір басшысы аудан әкімі Нұржан Нұржігітовке қарата.

Ал, Бурыл ауылында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынуда. Мұнда гимнастикалық және ойын залдары болады. Жобаның құны 349 млн теңгені құрайды. Мердігер «Тараз құрылыс дизайн» нысанды ағымдағы жылдың қазан айының соңына дейін тапсыруды жоспарлап отыр. Бердібек Сапарбаев әкімшілік үй-жайларды қысқарту арқылы спорт залдарының аумағын барынша кеңейтуді тапсырды.

Оған жақын маңда 180 орындық Мәдениет үйі бой көтеруде, ол да қазан айының соңына дейін тапсырылмақ. Облыс әкімі мердігерлер ғимараттың ішкі құрылысына ғана емес, қасбеттің безендірілуіне де жауапкершілікпен қарау керектігін атап өтті. Жергілікті Жеңіс саябағында да абаттандыру жұмыстары басталыпты. Бұл жұмыстар ағымдағы жылдың қараша айына дейін аяқталатын болады.

Түймекент ауылындағы «Қарлығаш» балабақшасының күрделі жөндеуі аяқталған. Мекеме басшылығының айтуынша, мұнда 1983 жылдан бері күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Жөндеу жұмыстарының нәтижесінде ғимарат ішінде су құбыры мен кәріз жүйесі жүргізілген. 140 орынға есептелген балабақшада қазіргі таңда 75 бала тәрбиеленуде.

Түймекент орта мектебіндегі күрделі жөндеу жұмыстары да аяқталуға жақын. Қазір еңбек сабақтарына арналған шеберхананы жөндеу жұмыстары қызу жүргізілуде. Ал, демеуші есебінен киім шешетін орын салынуда. Сондай-ақ, демеушілік қаражатқа мектеп аумағының бір бөлігін асфальттау жоспарлануда.

«Мектепті жөндеу және оның сыртқы келбетін жақсарту маңызды. Балалар үлкендердің қамқорлығын сезініп, жақсы жаққа қарай өзгергенде, бұл білім беру үдерісіне оң әсер етеді», – деп атап өтті Бердібек Сапарбаев.

Бүгінде Байзақ ауданының алқаптарында пиязды жиі кездестіруге болады. Дегенмен, бұл көкөністі сақтау әлі күнге өзекті күйінде қалып отыр, өйткені ол өте ерекше күтім мен арнайы сақтау шарттарын талап етеді.

Байзақ ауданының әкімі Нұржан Нұржігітовтың айтуынша, ауданда әрқайсысының сыйымдылығы 20 мың тонна болатын екі қойма бар. Қазір олар 15 мың тоннаға толтырылған. Ағымдағы жылы Байзақ ауданының алқаптарында 100 мың тонна пияз жинау жоспарланып отыр. Бұл көкөністі өсірумен шаруа қожалықтары ғана емес, қарапайым отбасылар да айналысып келеді.

Қырықбаевтар отбасы биыл 18 гектар жерге пияз еккен. Оған тамшылатып суару жүйесі қолданылады. Егістік басынан пияздың келісін 35 теңгеден сатып алуға болады. Өнім жинау қарқынды жүріп жатыр. Жергілікті тұрғындардан құралған жұмысшылар жинаған әр қабы үшін 80 теңгеден алады. Бір күнде жұмысшылар 8 мың теңгеге дейін табыс табады. Облыс әкімі Бердібек Сапарбаев фермерлер отбасының жұмысын жоғары бағалады.

«Осы жазда жақсы жұмыс істегендеріңіз көрініп тұр. Өнім жақсы. Қазір ең бастысы – бұл өнімді көктемге дейін сақтау. Сонда оның құны едәуір артып, біздің фермерлер лайықты ақша табатын болады. Бізге осы бағытта жұмыс істеп, көкөніс қоймаларын көбейту керек. Бұл көкөніс біздің еліміздің барлық аймақтарында өсе бермейді. Сондықтан пияз Жамбыл облысының брендіне айналуы қажет», – деп атап өтті аймақ басшысы.

Аудандағы «Яшар» шаруа қожалығы 25 гектар жерде қант қызылшасын өсіруде. Биыл пестицидтердің құны өскен, ал шикізатты қабылдау бағасы бұрынғы деңгейде қалған. Қазір «Меркі қант зауыты» ЖШС қызылшаның келісін 20 теңгеден қабылдауда, оның 12 теңгесін мемлекет субсидия ретінде төлейді.

«Нарықта монополист болса олар өзінің ережелерін айтып, жеңілдік жасамайды. Сондықтан шаруалар оларға тәуелді болады. Шаруа қожалықтары қауымдастыққа бірігіп, өздерінің шағын қант зауытын салуы керек. Сонда шаруалар өздеріне ыңғайлы жағдайда жұмыс істеп, егістік көлемін қорықпай ұлғайта алады», – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, «Яшар» шаруа қожалығының басшылығы «Меркі қант зауыты» ЖШС шикізатты тек кешкі алтыға дейін ғана қабылдайды деп шағымданды. Көптеген диқандар өз өнімдерін бұл уақытқа дейін жеткізуге үлгермейтіндігін айтып, зауыттың қабылдау уақытын ұзартуды сұрайды. Сондай-ақ, кәсіпорын шикізатты тек 1 желтоқсанға дейін қабылдайтындығын хабарлаған. Аймақ басшысы шаруаларға бұл жағдайды өзі бақылауға алатындығын айтты.

Бүкіл облысқа танымал «Ағали» шаруа қожалығы әртүрлі ауылшаруашылық дақылдарын өсірумен ғана емес, ірі қара малын бордақылау және сүт өнімдері мен шұжық өндірумен айналысады. Ал, жақында бұл шаруашылық құлпынай өсіре бастаған. Биыл бұл жидек бес гектарға отырғызылыпты.

Нәби Ағалиев әкімге шаруашылық тұрақты дамып келе жатқанын айтып, облыс орталығында сауда нүктелері қажеттігін жеткізді. Жамбыл облысының басшысы Бердібек Сапарбаев шаруаның бұл мәселесін шешіп беруге облыс әкімдігі көмектесетінін айтып сендірді.

Мұғалімдер күні қарсаңында Алматы облысында жыл сайынғы облыстық «Жыл мұғалімі» байқауының жеңімпазы анықталды. Ол Ақсу ауданы Ғ. Мұратбаев атындағы орта мектептің математика пәнінің мұғалімі Асыл Қаймұханов. Салтанатты шарада облыс әкімі Амандық Баталов оған автокөліктің кілтін табыстады.

ЖЫЛ МҰҒАЛІМІНЕ автокөліктің кілті табысталды

Мұғалімдер күніне арналған салтанатты жиында құттықтау сөз сөйлеген Амандық Баталов білім беру саласын дамыту және мұғалімдерге қолайлы жұмыс жағдайын жасау мақсатында облыста жүргізіліп жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталды.

Облыс әкімінің айтуынша, соңғы үш жылда мемлекеттік қолдаудың арқасында облыста 19 жаңа мектеп салынып, оқушыларға арналған 2 жатақхана пайдалануға берілді. Тағы екі жатақхана салынуда. Жалпы, облыста 2020 жылға білім беруді дамытуға 320,9 млрд теңге бөлінді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 114 млрд теңгеге артық.

Қашықтан оқытуды ұйымдастыру мәселелеріне ерекше назар аударылады. Оқушыларды компьютермен, ноутбукпен, роутермен, планшетпен қамтамасыз етуге 13 млрд теңге бөлінді. Мектеп ішіне дәретхана орналастыру мәселесі де шешілуде. Оның 347-сі заман талабына сай жөндеуден өтті. Сонымен қатар, студенттерді тасымалдау үшін 71 жаңа автобус сатып алынды.

Басқосуда Амандық Баталов «Жұмыспен қамтудың жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында облыста 1050-ден астам жобаны жүзеге асыруға 105,6 млрд теңге бір реттік қаражат бөлінгенін, оның көп бөлігі әлеуметтік салаға қатысты екенін баса айтты. Бұл облыстың инфрақұрылымын, тұрғындардың өмір сүру деңгейін айтарлықтай жақсартатын жаңа мектептер, ауруханалар, балабақшалар, мәдени нысандар, спорт, тұрғын үй нысандары екенін ерекше атап өткен жөн.

Баяндамасын қорытындылаған облыс әкімі Жетісу мұғалімдерінің жас ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлесін атап өтті. Сондай-ақ, оларға кез келген жағдайда күнделікті жауапты жұмысы үшін шын жүректен ризашылығын білдірді.

«Құрметті, ұстаздар! Шәкірттеріңіздің тағдыры және жас ұрпақтың болашағы сіздердің кәсіби және адами қасиеттеріңізге байланысты. Ұстаз – білім беру жүйесінің басты байлығы, оның алтын интеллектуалдық қоры. Сіздердің жұмыстарыңызға, балаларға деген сүйіспеншіліктеріңізге, таңдаған ұлы қызметке деген адалдықтарыңызға, жас ұрпақты тәрбиелеуге сіңірген қажырлы еңбектеріңізге шын жүректен алғысымды білдіремін. Індетпен күрес жүріп жатқан кезде алдыңғы қатарда және қиын кезеңде өздеріңіздің кәсіби міндеттеріңізді, барлық білім мен біліктіліктеріңізді мол тәжірибелеріңізбен байланыстыра отырып, жас ұрпаққа білім беру ісін толық жауапкершілікпен атқарып шықтыңыздар. Жас мамандарға мамандыққа шынайы қызмет етудің айқын үлгісі болған білім беру саласының ардагерлеріне ерекше алғыс айтамыз. Атақты ойшыл Цицерон айтқандай: «Жас ұрпақты оқытудан асқан асыл да бағалы кәсіп жоқ». Білім берген оқушыларыңыздың еңбегі мен жетістігі сіздің күнделікті жұмысыңыз үшін лайықты баға жетпес сый деп білеміз. Баршаңызға мықты денсаулық, бақыт, қуаныш тілеймін! Мерекелеріңізбен ұлағатты ұстаздар», – деп қорытындылаған Амандық Баталов мерекелік марапаттау рәсімін бастады.

«Жыл мұғалімі – 2020» байқауының республикалық кезеңінің жеңімпаздары атанған облыс мұғалімдері марапатталды. Олар Көксу ауданының М. Құрманов атындағы №2 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Людмила Герман, №28 IT мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Индира Байғожина, дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын М. Арын атындағы №24 экономика және бизнес арнаулы лицейінің математика пәні мұғалімі Мұрат Буланов және Алматы облысының қызмет көрсету саласындағы инновациялық технологиялар колледжінің арнайы пән оқытушысы Айнұр Қабдуллина. Әр жеңімпазға 2 миллион 778 мың теңгенің сертификаты табысталды.

«Жыл мұғалімі» облыстық байқауының жеңімпаздарына 850 мың теңгенің сертификаты табысталды. Олардың қатарында Текелі кәсіптік колледжінің оқытушысы Анна Падалкина, Талдықорған қаласындағы №20 дарынды балаларға арналған лицейдің мұғалімі Әлия Әмірова және Алматы экономикалық колледжінің оқытушысы Гүлсая Жеткізгенқызы бар.

«Облыстың үздік сынып жетекшісі» Алакөл ауданының Үшарал қаласындағы №1 орта мектебінің мұғалімі Айгүл Ахметова атанды. «Үздік кәсіптік білім беру ұйымы» номинациясы бойынша Жамбыл атындағы Ұзынағаш кәсіптік колледжінің командасы жеңіске жетсе, Қарасай ауданы Алмалыбақ ауылының орта мектеп-гимназиясы «Үздік ауыл мектебі» деп танылды.

Бас жүлдеге берілетін автокөлікті Ақсу ауданының Ғ. Мұратбаев атындағы орта мектептің математика пәнінің мұғалімі Асыл Қаймұханов жеңіп алды. «Жыл мұғалімі – 2020» облыстық байқауының жеңімпазы атанған Асыл Қаймұханов облыс басшылығына ұстаз мамандығына көңіл бөліп, жоғары баға бергені үшін алғыс білдіре отырып, әріптестерін келе жатқан Мұғалімдер күнімен құттықтап, жұмыстарына сәттілік тіледі.

Салтанатты шарада Жетісудағы бірқатар мұғалім Құрмет грамоталарымен, облыс әкімінің Алғыс хатымен, «Ы. Алтынсарин» медальдарымен және «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілерімен марапатталды. Облыстың педагогикалық қоғамдастығы атынан білім беру саласының ардагері Күлай Түсіпова құттықтау сөз сөйледі. Ол мемлекет мұғалімдерге барлық қажетті жағдайды жасап отырғанын, сондықтан қазіргі кең мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып, білім мен жас ұрпақтың тәрбиесінің сапасын көтеруде толық жауапкершілікпен жұмыс істеу маңызды екенін атап өтті.

Мерекелік кешке жиналған қонақтарға арналған концерттік бағдарлама мерекелік кешке арналған соңғы сыйлық болды.

Жалпы, шара барысында барлық қажетті санитарлық-эпидемиологиялық талаптар қатаң сақталды.

Алматы облысы әкімінің Баспасөз қызметі

Ғұмар ДҮЙСЕМБАЕВ, ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

«Қазіргі субсидия беру ережелері ФЕРМЕРЛЕРГЕ КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕДІ»

Сенатор Ғұмар Дүйсембаев мал шаруашылығын субсидиялау ережелерін өзгерту қажет деп санайды. Ол бұл туралы Үкімет басшысына жолдаған депутаттық сауалында айтты. Сенатордың пікірінше, елімізде өндірілетін тағам өнімдері көлемін арттыру және импорттық азық-түліктерді азайту – пандемия кезеңінде ерекше сипаттағы өткір мәселе болып отыр.

«Осы бағытта берілетін субсидиялау ережелері мал бордақылау орындарында бір мезгілде көп мөлшерде мал басының болуын талап етеді. Оның талаптарын кіші шаруашылық түгілі, ірі шаруашылықтардың өзі орындай алмай отыр», – деді сенатор.

Қолданыстағы ережеде ірі қара малын бордақылау орындарында бір мезгілде 5000 бас малды ұстауды көздейтіні айтылған сауалда. Депутат қатал континентальды, құрғақ климатты жағдайымен ерекшеленетін, жер үстінде жарамды су көзі жоққа тән Атырау мен Маңғыстау облыстарының кәсіпкерлері бір мезгілде 2000 бас ірі қара санын 500 басқа дейін түсіру туралы министрлікке ұсыныс енгізгені туралы атап өтті.

Жергілікті жерден шабылған шөп мал азығы үшін жеткіліксіз болуына байланысты мал шаруашылығына қажетті қоспа құрама жем мен азықтық дән еліміздің астықты аймақтарынан сатып алынып, тасымалданып жеткізіледі. Бұл фермерлерге қаржылай ауыртпалық түсіреді. Депутаттың айтуынша, осының бәрі шағын және орта бизнестің дамуына, аймақтарды жергілікті ет өнімдерімен қамтамасыз етуге кедергі келтіріп отыр.

Депутат Палатаның жалпы отырысында: «Еліміз бойынша жаңа дамып келе жатқан кіші шаруашылықтарды көтеру және өзімізді таза сапалы ет өнімдерімен қамтамасыз ету үшін бордақылау алаңдарында бір мезгілде тұратын мал санын төмендету қажет деп санаймыз», – деді.

Ғұмар Дүйсембаевтың айтуынша, ережеде әр облыстың ерекшелігін ескере отырып, әртараптандыру түрінде қарау қажет. Жоғарыда аталған екі облыста бір мезгілде бордақылауға тұратын мал санын ережеде 500 басқа дейін төмендетсе, осы кәсіппен айналысатын шаруа қожалықтары біртіндеп аяққа тұрғаннан кейін бір мезгілде ұстайтын мал санын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

ҚР Парламенті Сенатының Баспасөз қызметі

Дүйсенғазы МУСИН,
ҚР Парламенті
Сенатының депутаты:

«Құс тұмауынан жойылған үй құстары үшін өтемақы төленуі қажет»

Сенаттың жалпы отырысында сенатор Дүйсенғазы Мусин құс тұмауының экономикалық залалына алаңдаушылық білдірді. Себебі, елімізде құс етінің 45%-ы импорттаратынын ескерсек, құс тұмауы салдарынан бұл көрсеткіштің өсетіні сөзсіз. Бұл отандық өнімдер бағасының қымбаттауына алып келуі мүмкін.

Екіншіден, мұның салдары тек үй құстарының иелеріне ғана емес, мемлекет тарапынан карантиндік және ветеринарлық-санитарлық іс-шараларды жүргізуді енгізуге, ауру құстарды жоюға, жаппай вакцинациялауға, құс иелеріне өтемақы беруге мемлекеттік бюджетке қосымша салмақ түсіреді.

Оған қоса, депутат АШМ-нің тиісті комиссиялар кей шаруашылықтарда құс шығынының технологиялық, өндірістік себептерін анықтауда, құс тұмауынан өлген құстардың нақты санын есептеуде қателіктерді анықтағанын айтып отыр.

«Ауыл шаруашылығы министрлігінің соңғы мәліметтері бойынша, Қазақстанның бірнеше өңірінің 117 елді мекенінде індеттен 576 мың бас әр түрлі құстар өлген. Ал, Қазақстан құс өсірушілер одағының мәліметтері бойынша, құс тұмауынан Солтүстік Қазақстан облысында 2 құс фабрикасында 768,8 мың бас және Қостанай облысында бір құс фабрикасында 360 мың бас құс шығыны тіркелген. Тек үш құс фабрикасында қырылған құстың саны 1 млн 128 мыңнан асқан», – дейді сенатор.

Осыған орай Дүйсенғазы Мусин депутаттық сауалында құс тұмауының өршу себептеріне, тиісті ветеринарлық іс-шаралардың орындалуына тексеру жүргізу, құстарға міндетті вакцинациялау үшін ҚР қолданыстағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, індет салдарынан жойылған үй құстары үшін нарықтық құны бойынша өтемақы төлеу, жұмыртқа өндірудің көлеміне қарамастан, барлық құс фабрикалары үшін бірыңғай норматив белгілей отырып, субсидиялау ережелеріне өзгерістер енгізу және ветеринарлық препараттарды мемлекеттік сатып алуды оңтайландыру және үй құстарын сақтандыру бағдарламасын әзірлеуге қатысты өз ұсыныстарын жеткізді.

ҚР Парламенті Сенатының Баспасөз қызметі

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты биылғы Жолдауында: «Отандық ауыл шаруашылығын дамытпай, елімізде бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін емес», – деп баса айтты. Жолдауда отандық агроөнеркәсіп кешеніне ерекше көңіл бөлінуі ауыл шаруашылық бағыттағы білім, ғылым саласы мамандарына үлкен жауапкершілік жүктеп отыр.

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА серпін беретін ұлттық жоба

Тілектес ЕСПОЛОВ,
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің ректоры,
ҰҒА вице-президенті, академик

Қазақстанның агроөнеркәсіп кешені – елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған экономиканы дамытудың басым бағыттарының бірі. Қазақстан аумағы бойынша әлемде тоғызыншы орында, ТМД елдері арасында (Ресейден кейін) екінші орында болғандықтан, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайту үшін барлық қажетті ресурстарға ие. Атап айтқанда, жеріміздің жалпы көлемінің 80%-дан астамын ауыл шаруашылығы алқаптары құрайды. Ал, осы алқаптардың 80%-ын жайылымдар алып жатыр, бұл шамамен 30 млн шартты мал мен құс басын өсіруге мүмкіндік береді.

Ауылдық жерлерде халықтың 42%-ы немесе 8 млн-ға жуық адам тұрады, олардың 3 млн-нан астамы ауыл шаруашылығында жұмыс істейді. Бұл осы саланың еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілгенін көрсетеді. Елдегі егістік алқабы 25 млн гектардан асады, бұл ауыл шаруашылығы дақылдарының әр түрін өсіруге мүмкіндік береді. Қазақстан әлемдегі ең ірі астық державасы екені белгілі. Орта есеппен соңғы 10 жылда астық экспорты 5-тен 10 млн тоннаға дейін жетті.

Республиканың ауыл шаруашылығы алқаптарын суару үшін су ресурстары да жеткілікті. Су мамандарының есебі бойынша елімізде 4 млн га егістік жерлерін суаруға мүмкіндік бар. Осындай ресурстарға ие бола отырып, Қазақстан ауыл шаруашылығын дамытуда көшбасшы болуы тиіс. Алайда, отандық аграрлық саладағы дамудың абсолюттік көрсеткіштері әлі де төмен болып отыр.

Республикадағы ауыл шаруашылығын дамытудың қазіргі жағдайы жалпыұлттық өнім құрылымында үлесі әлі де төмен (шамамен 5%). Ауыл шаруашылығы өнімінің жекелеген түрлері бойынша еліміз әлі күнге дейін импортқа тәуелді. Азық-түлік қауіпсіздігі деңгейінде біз нан өнімдерін (100%), картопты (95%), көкөністі (86%), етті (83%) тұтынамыз, ал қалған өнімдер бойынша импорттың едәуір көлемі (30-дан 60%-ға дейін және одан да көп) орын алады, бұл елдің аграрлық секторының басқа елдерге тәуелді екенін көрсетеді. Әсіресе, нарық сыйымдылығындағы кейбір өнімдер бойынша импорттың үлесі тым үлкен. Атап айтқанда, бұл жемістер (70%), құс еті (56,8%), шұжықтар (44,3%), сүт өнімдері (40-50%), консервіленген жемістер мен көкөністер (85-95%) және т.б. бойынша байқалады.

Қазақстан ауыл шаруашылық өнімдерін экспортқа негізінен шикізат түрінде шығарады. Қосымша құны жоғары дайын өңделген өнімдердің импорттағы үлесі төмен. Мысалы, қазақстандық дәнді дақылдар экспортының 1 тоннасы 301,4 долларды құрайтын болса, азық-түлік импорты тоннасының бағасы 408 долларға жетеді. Сондықтан болашақта өнімнің осы түрлері бойынша өндірісті ұлғайту қажет. Қазақстанда өндірілмейтін өнімдерді рұқсат етілген көлемде ғана басқа мемлекеттерден импорттауға болады.

Қабылданған мемлекеттік қолдау шараларына қарамастан, елімізде өндірістің жалпы көлеміндегі ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарының үлесі төмен болып отыр. Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректеріне сәйкес, қайта өңдеу зауыттарының қуаты тек 20-60% ғана жүктелген. Өндірілетін еттің, сүттің, жемістер мен көкөністердің 30%-ы ғана өңдіріледі. Сондықтан ет және сүт өңдеу кәсіпорындары толық жүктememен жұмыс атқара алмай отыр. Себебі, малдың негізгі басы үй шаруашылықтарында шоғырланған. Онда өндірілген аз өнім шағын көлемде жергілікті нарықта ғана сатылады. Үйде өндірілген өнімдер көптеген көрсеткіш бойынша санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келмейді.

Үй шаруашылықтарында көкөніс дақылдарының – 40%, картоптың – 56%, еттің – 60%, сүттің – 74%, жеміс-жидектің 95%-ы өндіріледі. Бұл шаруашылықтар өндіріс көлемінің аздығына байланысты өсірілген егінді сатуды іс жүзінде ұйымдастыра алмайды. Сондықтан олар өздері өсірген өнімді арзан бағамен делдалдарға сатуға мәжбүр. Өнімді делдалсыз өткізу өңдеуші кәсіпорындардың жүктемесін 1,3 есеге арттырады деп есептелген. Ал, делдалдық байланыстарды қысқарту есебінен өнімнің үстеме бағасы 15-20%-ға төмендейді.

Қайта өңдеу кәсіпорындарының жұмысына шикізатты жоспарлы, тұрақты жеткізудің болмауы, сондай-ақ олардың материалдық-техникалық базасының әлсіздігі де кері әсер етеді. Мысалы, ет өнеркәсібінде жұмыс істейтін қондырғылардың 12-15%-дан аспайтын бөлігі ғана бәсекеге қабілетті өндірісті қамтамасыз етеді.

Ет комбинаттарындағы механикаландырудың орташа деңгейі 30-40%-ды құрайды, бұл ретте тиеу-түсіру жұмыстарының 80%-ы адам күшімен орындалады. Ет комбинаттарында жұмысшылардың 50%-ы жұмысты қолмен атқарады. Қосымша құны жоғары ауыл шаруашылығы өнімдерін шығару үшін олардың көлемін арттырып қана қоймай, дайын өнім өндірісін де ұлғайту қажет. Ол үшін өңдеуші кәсіпорындарға шикізат жеткізудің көлемін ұлғайту қажет. Осы саланың дамуын және «өндірістен тұтынушыға дейін» технологиялық тізбектің барлық қатысушыларын ынталандыра алатын экономикалық механизмдердің болмауы тежейді. Бүгінде бұл жүйелі «тізбек» бұзылғандықтан, өңдеуші кәсіпорындардың шикізат жеткізушілермен, яғни тікелей агроқұрылымдармен тұрақты байланысы жоқ. Шикізат пен қайта өңдеу өнімдеріне бағаның қалыптасқан диспаритеті, яғни оның алшақтығы да агроөнеркәсіп кешенінің дамуына кері әсер етеді. Іс жүзінде өндіріс шығындары алынған түсіммен өтелмейді. Соның салдарынан ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік алқабы, мал басы және оны өндіру көлемі қысқарды.

Осы мәселелерді шешу үшін мемлекет қолдауымен қоса инвестиция тарту арқылы қайта өңдеу өнеркәсібін дамытудың ұзақмерзімді бағдарламасын әзірлеу қажет. Соның аясында салық заңнамасына ауыл шаруашылық кәсіпорындарының салық жүйесін жеңілдету, оларға жеңіл пайызбен несие бөлу және т.б. мәселелерді іске асыру қажет.

Агроқұрылымдардың ұсақтығы – отандық ауыл шаруашылығы саласындағы өзекті мәселенің бірі. Қазіргі кезде елімізде ауыл шаруашылық өнімдерін өндірумен 200 мыңнан астам түрлі меншік нысанындағы агроқұрылымдар жұмыс атқарады. Олардың 188 мыңы немесе 94%-ы – шаруа (фермер) қожалықтары. Ұсақ шаруа қожалықтары сан жағынан басымдыққа ие болғанымен, жалпы өнімнің 31%-ын ғана өндіреді. Олардың 40%-да 10 га-дан аспайтын жері ғана болғандықтан, шаруашылық деңгейі қарқынды түрде, кең көлемде тауар өндіруге қабілетсіз. Ұсақ фермерлер жаңа технологиялар мен заманауи техникаларды пайдалануға жағдайы толық жете бермейді. Осының салдарынан ірі және ұсақ кәсіпорындар арасындағы өнім өндіру көрсеткішінің едәуір алшақтығы байқалуда. Мемлекет басшысы сондықтан Жолдауда «тікелей кооперация» (вертикалды) және «көлбеу кооперацияны» (горизонталды) тиімді дамытуды тапсырды.

Ауылдық жерлерде, әсіресе аграрлық секторда қызмет ететін білікті жас мамандарды тарту мақсатында бірінші кезекте ұсақ шаруашылықтардың кооперацияға бірігуі мен ғылым, білім, өндіріс интеграциясын қарқынды түрде жүргізу қажет. Көлбеу кооперация қызметіне қарай немесе белгілі бір өнімді өндіруге мамандарған ауыл шаруашылық кәсіпорындарының бірігуі арқылы жасалады. Сондықтан олардың құқықтық мәртебесі мен экономикалық дербестігі сақталады. Кооперативтердің тікелей үлгісі – өнім өндіруші шаруашылық субъектілердің тек қана бірігуі емес, сонымен қатар олардың өндірген өнімдерін сақтау, тасымалдау, қайта өңдеу және тұтынушыға жеткізу. Аталған үлгі маркетингтік қызметтің кең дамуына, республикадағы жекелеген аймақтардың сыртқы және ішкі нарығын бақылауға айтарлықтай мүмкіндік береді. Ол халық шаруашылығының басқа да салаларында агроөндірістік интеграцияны дамытуға, өндіріске ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізуге, сонымен қатар жер, еңбек және материалдық ресурстар, тауар айналымындағы шығындарды төмендетудің тиімді жолдарын айқындауға мүмкіндік береді. Кооперацияның осы үлгісі республикамыздың жеке аймақтарында ішкі және сыртқы нарықты зерделеуде маркетингтік қызметті кеңінен дамытуға ықпал етеді. Елімізде кооперация өз деңгейінде дамымай отырғандықтан, нәтижелі қызмет етумен олардың қалыптасуына жағдай жасауда және ауылда кооперацияны дамытуда қолданыстағы заң барлық кедергілерді жоюы тиіс.

Ауыл шаруашылығы дақылдарын суару кезінде суды жоғалту себептерінің бірі – пайдалану нәтижесінде 60-70% тозған суару жүйелерінің техникалық жай-күйі. Бұл суармалы жерлердің тозуына және олардың ауыл шаруашылығы айналымынан шығуына, суармалы судың артық шығындалуына, топырақ құнарлылығының төмендеуіне әкеледі.

Қазіргі кезде су ресурстары мәселелерін кең көлемде қарастыратын болсақ, алдағы уақытта Қазақстан үшін бұл күрделі мәселеге айналатыны анық. Еліміздің аймақтарындағы су ресурстарының бірқалыпты таралмауы, жаһандық жылыну, климаттың өзгеруі, антропогендік факторлар, сондай-ақ республикадағы басты өзендердің трансшекаралық болып табылуы, яғни су бастау алатын көрші мемлекеттердің экономикасының қарқынды дамуы, ондағы халық санының өсуі суға деген сұранысты жоғарылатып отыр.

Ауыл шаруашылығының дамуы – су ресурстарының сарқылуын, тұздану және батпақтану есебінен суармалы жерлердің қысқаруын, су үнемдеу технологияларын қолданудың төмен деңгейін, инженерлік жүйелерді қайта жаңарту қажеттілігін, жайылым аумақтарын суландыру және қалпына келтіру бойынша жүйелі жұмыстардың болмауын, суды ысырапсыз тұтынуды, сондай-ақ өзендердегі, көлдердегі су деңгейінің төмендеуін және т.б. қиындатады. Осылайша, ауыл шаруашылығын дамытуда көптеген мәселе жинақталды және оны жедел шешу үшін ел Президенті Үкіметке бизнеспен бірлесіп, бес жылға арналған агроөнеркәсіптік кешенін дамыту бойынша сапалы жаңа Ұлттық жоба әзірлеуді тапсырды. Бұл елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ауыл кәсіпкерлерінің табысын ұлғайтуға, еңбек өнімділігін 2,5 есеге және отандық ауылшаруашылық өнімдерінің экспортын 2 есеге арттыруға мүмкіндік береді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналуға және ТОП-100 үздік ЖОО-ның жаһандық рейтингісіне енуді мақсат тұтады. Бұл ауқымды мақсатты ректор, академик Ғалым Мұтанов халық алдындағы жыл сайынғы есептік кездесу барысында айтты. Ол үшін инфрақұрылымды дамыту жалғастырылады, сондай-ақ шетелдік инвестицияларды тарта отырып, мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде бірқатар ірі халықаралық инновациялық жобалар іске асырылады. Бұл туралы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Баспасөз қызметі хабарлады.

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҮЗДІК ЖҮЗ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАТАРЫНА КІРУДІ МАҚСАТ ЕТКЕН УНИВЕРСИТЕТ

Ғалым Мұтановтың биылғы жылғы жұртшылық алдындағы есептік кездесуі онлайн-форматта университеттің жеке «JynalisRoom» дистанциялық платформасында өтті. Кездесу YouTube арнасында және университеттің әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарында тікелей эфирде жүргізілді.

Есеп беру кездесуіне оқытушылар құрамы, студенттер активі, түлектер қауымдастығы, жұмыс берушілер кеңесі, «Саналы ұрпақ» республикалық жобалық кеңсесі, бұқаралық ақпарат құралдары, жастар мен студенттер ұйымдарының өкілдері, білім алушылар мен олардың ата-аналары қатысты.

Биылғы жылдың жаңалығы – есептік кездесуден бір ай бұрын алдын ала сұрақтар қоюға мүмкіндік берілді. Әрбір ниет білдіруші ректорға kaznu.kz сайтының виртуалды қабылдау бөлмесінде және арнайы ашық онлайн нысанда жүгінуге мүмкіндік алды. Келіп түскен сұрақтар мен ұсыныстар жүйелендіріліп, өңделіп, тікелей эфир кезінде және кері байланыс арқылы жауап берілді.

Еліміздің жетекші жоғары оқу орнының ректоры жұртшылыққа университеттің жетістіктері мен мыңдаған ұжымның алдында тұрған стратегиялық міндеттер, университеттің пандемия жағдайында қашықтықтан оқыту форматында қалай жұмыс істейтіні, ғылымды дамытудың өзекті мәселелерін шешу, инновациялық жобаларды іске асыру туралы егжей-тегжейлі баяндап берді.

Ғалым Мұтанов әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойында оның есімін лайықты иеленіп жүрген университет QS жаһандық рейтингінде әлемнің топ-200 үздік жоғары оқу орындары қатарына еніп, 165-орынға ие болғанын атап өтті. ҚазҰУ қарқынды түрде әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айнала отырып, қол жеткізген жетістіктермен шектелмей, өз алдына әлемдегі ТОП-100 үздік жоғары оқу орындары қатарына кіру мақсатын қойып отыр. Ол үшін бірнеше ірі халықаралық инновациялық жобалар іске асырылады. Мәселен, шетелдік инвестицияларды тарту арқылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде «Әл-Фараби» ғылыми-техникалық алқабы құрылып жатыр.

ҚазҰУ кампусы аумағында ҒТА құрудың алғашқы қадамы әлемнің 130-дан астам жетекші жоғары оқу орындарын біріктіретін «Жаңа Жібек жолы университеттерінің Альянсы» Халықаралық IT-кластерін іске қосу болады. Оның өзегін «Silicon Valley» моделіндегі IT-технопарк және ҚХР үкіметінің гранты бойынша ҚазҰУ-ға ұсынылатын суперкомпьютер құрайды. «Алқаптың» маңызды құрамдас бөліктері қатарында заманауи емхана мен зерттеу зертханасы бар медициналық-биологиялық кластер, сондай-ақ нанотехнологиялар мен жаңа материалдар, ядролық, ғарыштық және телекоммуникациялық технологиялар, робототехника, пәнаралық гуманитарлық зерттеулер сияқты ғылыми бағыттарды біріктіретін инновациялық кластер бар.

Қаз ҰУ «Университет 4.0» атты жаңа буын ЖОО-ның өзіндік даму моделін әзірлеп, енгізуде. Ол тек өзінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл адамзаттың тағдырына жауапты, рухани-адамгершілік құндылықтары жоғары ел мен әлем азаматтарын қалыптастыруға бағытталған. БҰҰ-ның Нью-Йорктегі Штаб-пәтерінде ұсынылған модель халықаралық деңгейде кеңінен таратылуға ұсынылды. ҚазҰУ-дың озық тәжірибесі әлемнің жетекші шетелдік университеттерінде ҚазҰУ ашқан 10 әл-Фараби ғылыми-білім беру орталықтары мен Ыстамбұл (Түркия) және Делиде (Үндістан) әл-Фараби мұражайүйлері арқылы таратылады. Осының арқасында шетел азаматтары қазақ тілін, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрін үйренуге, Қазақстанның жетістіктерімен танысуға мүмкіндік алуда. Таяу уақытта әлемнің түрлі елдеріндегі осындай орталықтардың саны 20-ға дейін артады.

Университеттің инновациялық түрлендірулерінің негізі функционалдық менеджменттен процесті басқаруға көшуі болды. ҚазҰУ қалашығы инфрақұрылымы соңғы бес жылда шамамен 50 пайызға өсті. Биыл мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде 1250 орындық Студенттер үйінің құрылысы басталды. Университет елімізде бірінші болып moocs.kz. платформасында жаппай ашық онлайн курстарды іске қосты. Бүгінде университет білім беру қызметтерін экспорттаудың және сұранысқа ие мамандар даярлаудың Орталық Азия хабына айналуда. Тек соңғы жылы шетелдік білім алушылардың саны 15 есе өсті. Басқаруды автоматтандыру және барлық бизнес-процестерді цифрлық форматқа ауыстыру, коронавирус пандемиясына байланысты карантин жариялау кезеңінде ҚазҰУ-ға бұрынғы сабақ кестесін сақтай отырып, жедел және еш кідірместен қашықтықтан оқытуға көшуге мүмкіндік берді.

Есеп беру кездесуі барысында «ҚР минералды шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталықтың» ғылыми хатшысы Светлана Ефремова сөз сөйледі. Ол білікті мамандарды даярлауда ҚазҰУ-мен ынтымақтастық туралы айтты. 2019 жылы университет орталық жанынан «Металдар мен минералдар технологиясы» мамандырылған кафедрасын ашты. Спикердің айтуынша, орталық қызметкерлері студенттерді оқытудың барлық кезеңдерінде (бакалавриат, магистратура, докторантура) білім беру процесіне тікелей қатысады. Бұл болашақ кәсіби қызметінде көп салалы міндеттерді шешуге дайын ғылым мен тәжірибені ұштастыратын мамандар даярлауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

«Саналы ұрпақ» республикалық жобалық кеңсесінің жетекшісі Қайыржан Тоқышев өз сөзінде ҚазҰУ-мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша ғылыми-білім беру кластерін құрудағы тығыз ынтымақтастықты атап өтті. Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша әдістемелік ұсынымдар мен бірлесіп әзірленген бағдарламалар қолданылуда. Факультеттерде «Саналы ұрпақ» студенттік клубтарының жұмысы ұйымдастырылып, іс-шаралар өткізілуде. Қызметтің осы бағытын дамыта отырып, жақын арада университетте ИСО 37001 халықаралық стандарты енгізіледі. Жобалық кеңсенің басшысы ҚазҰУ қызметіне оң баға беріп, жоғары оқу орны жаңа елеулі табыстарға жететініне сенім білдірді.

Университет түлектері қауымдастығының атынан республикалық «Білімді ел» газетінің бас редакторы Ләззат Түркістанова сөз сөйледі. Ол түлектердің туған Альма-матермен тығыз байланысы және ҚазҰУ Түлектер қауымдастығындағы үлкен рөлі туралы айтты. Өзара іс-қимылды одан әрі жақсарту және университеттің жетістіктері мен қызметі туралы кеңінен ақпараттандыру бойынша бірқатар ұсыныстарды да атап өтті.

Онлайн кездесу соңында ректор Ғалым Мұтанов пен ҚазҰУ проректорлары оқытушылар, студенттер мен қоғамдастықтан бұған дейін әрі тікелей эфир кезінде келіп түскен сұрақтарға толық жауап берді. Кездесу қорытындысы бойынша келіп түскен ұсыныстар қаралатын болады және ортаға салынған бірқатар мәселелерді шешу университет басшылығы тарапынан бақылауға алынады.

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Палата жанындағы Жас сарапшылар клубының мүшелерімен кездесті. Кездесуді ашқан Сенат Төрағасы іс-шараға қатысушыларға Президент Жолдауын іске асыруға қатысты еліміздің алдында тұрған басты міндеттерді, сондай-ақ, Сенат пен сарапшылар қауымдастығы арасындағы ынтымақтастықтың өзара іс-қимыл мүмкіндіктерін талқылауды ұсынды. Бұл туралы ҚР Парламенті Сенатының Баспасөз қызметі хабарлады.

СЕНАТ ЖАНЫНАН
Жас сарапшылар клубы құрылды

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде мемлекетіміз бен қоғамымыздың қазіргі кезеңдегі дамуын айқындайтын үрдістерге талдау жасады.

«Сенаттың алдында тұрған негізгі міндет – Мемлекет басшысының Жолдауында көрсетілген барлық басымдықтарды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету. Осы жұмыс барысында бізге қоғамдық ұйымдар мен түрлі сала мамандарының пікірін тыңдау, оларды ескеру маңызды. Сондықтан Сенат жанынан Жас сарапшылар клубын құруды ұсынамыз. Сіздердің білімдеріңіз, күш-қуаттарыңыз, тәжірибелеріңіз Қазақстанды өзгертуге және Президентіміздің реформаларын іске асыруға тың серпін береді деп сенемін», – деді Сенат Төрағасы.

Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының жаңғырту бағдары мен Жолдауын жүзеге асыру кезінде басшылыққа алатын қағидаларды атап өтті. Біріншісі – жүйелілік қағидасы.

«Қазір ел дамуының басқа бағыттарын ескерусіз қалдырып, бір саланы ғана реформалауға болмайды. Мысалы, саяси реформаларсыз экономикалық даму болмайды. Мемлекеттік басқару жүйесінде реформа жүргізбесе экономикада елеулі өзгерістер бола қоймайды. Өз кезегінде мемлекеттік басқарудағы ілгерілеу білім сапасына тікелей байланысты», – деді Мәулен Әшімбаев.

Екіншісі – стандартты емес шешімдер қағидасы: «Бүгінгі әлем тым күрделі және тез өзгеруде. Ол бұрынғы қабылдаулар мен жүйелеуге сай келмейді. Сондықтан мемлекет пен қоғамға мәселелерді шешудің стандартты емес тәсілдері қажет».

Үшіншісі – мәселенің мән-маңызына зер салу.

«Қазіргі шындыққа сәйкес келе бермейтін ақпараттар және қоғамдық санаңы манипуляциялау дәуірінде сыртқы көріністерге емес, ішкі мазмұнға назар аудара отырып, құбылыстар мен процестердің мәнін түсіну қажет», – деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесу барысында Клуб мүшелері Президенттің «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауын іске асыруға қатысты өз ойларын айтты.

Жас сарапшылар клубының құрамында мемлекеттік басқару, экономика, қаржы, әлеуметтік қолдау, сот-құқықтық реформа, білім беру, денсаулық сақтау және цифрландыру салалары бойынша 30-дан астам маман бар. Клубтың алдағы отырыстары өзекті қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерге арналады.

---

1 қазанда Нью-Йоркте «Гендерлік теңдікті жеделдету және барлық әйелдер мен қыздарға мүмкіндік беру» атты әйелдер жөніндегі бүкіләлемдік конференция өтті. Конференция БҰҰ Бас Ассамблеясының 75-сессиясында әйелдердің құқықтарын қорғау туралы Пекин декларациясының 25 жылдығына арналды.

Ләззат Рамазанова
БҰҰ ЖАНЫНАН БІРІККЕН БАНК ҚҰРУДЫ ҰСЫНДЫ

Қатысушылар алдында Қазақстан Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның төрайымы Ләззат Рамазанова сөз сөйледі. Ол Пекин декларациясы Қазақстандағы гендерлік прогресстің катализаторына айналғанын атап өтті: «Гендерлік саясаттың ұлттық моделі, әйелдердің құқықтарын қорғаудың құқықтық базасы мен тетіктері құрылды. 2030 жылға дейінгі отбасылық-гендерлік саясат тұжырымдамасының екінші кезеңі жүзеге асырылуда. Ол Пекин декларациясы мен Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенцияны жүзеге асыруға бағытталған. Әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау бойынша кешенді шаралар қабылдануда.

Жыл басында әйелдер мен балалардың жыныстық қол сұғылмаушылығына, адам саудасына және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік күшейтілді. Парламентте депутаттардың Ұлттық комиссиямен бірлесіп бастау алған отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын-алу және гендерлік саясат туралы заң жобалары қаралуда. Әйелдердің саясаттағы өкілдігінде, олардың экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуде прогреске қол жеткізілуде».

Бүгінгі таңда Қазақстанның мемлекеттік қызметіндегі басшылық қызметтердегі әйелдердің үлесі 40%-ды құрайды. Парламент Мәжілісіндегі өкілдік – 27%, жергілікті өкілді органдарда – 22%. Әйел судьялардың саны 51%-ға жетті. Сонымен қатар, әйелдердің 43%-ы шағын және орта бизнесте жұмыс істейді, ал 78%-ы жеке кәсіпкерлер. Екінші деңгейлі банктердің басқару құрамында 25% әйелдер.

Ұлттық комиссия төрайымы Қазақстан әйелдері пандемия жағдайында жанқиярлықпен жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Бұл, ең алдымен, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау саласындағы қызметкерлер, олардың осы салалардағы үлесі 71%-ды құрайды. Қазақстан ақшалай және азық-түлік көмектен, әлеуметтік төлемдерді индекстеу және бизнесті қолдау бойынша шұғыл шаралар қабылдаудан тұратын дағдарысқа қарсы шаралар пакетін қабылдады.

Қазақстан БҰҰ бастамасымен БҰҰ-75 форматында әлемнің болашағы туралы жаһандық дискуссияны қолдайды. Бүгінде адамзатқа тез арада қауіп төндіретін қатерге қарсы елдердің күш-жігері мен интеграциясын біріктіру қажет.

«Біз БҰҰ платформасында жаһандық дағдарыстан кезең-кезеңімен шығу бойынша ұсыныстар әзірлейтін дағдарысқа қарсы орталық, сондай-ақ, әйелдердің құқықтарын қорғау, олардың сақталуын бақылау жөніндегі шараларды жүзеге асырудағы мемлекеттердің озық тәжірибелерімен жедел алмасу үшін бірыңғай Банк құруды ұсынамыз. Бірлескен тәжірибе заманауи сын-қатерлерден иммунитетке айналатыны сөзсіз және бұл алға жылжудың негізі», – деп атап өтті Ләззат Рамазанова.

01-беттен

Әл осындай жағдай Шығыс теңізінің Жапония жақ жағалауында да орын алуда. Жағаға шығып қалған өлі денелерді тұрғындар жапон салты бойынша жерлейді. Шекара қызметкерлері бұндай жағдайға жиі тап болады. Бастапқыда «Солтүстік Кореяның тыңшылары ма» деген күдік туындағанымен, мәселенің байыбына бара бұл теңіз дауылына төзбеген балықшылар екендігі белгілі болды.

Теңіздің Ресей жақ жағалауына жылына қанша қайық шығып қалатындығы белгісіз. Кейбірінде өлі денелер болса, кейбірі иесінен айырылған қайық сынықтары түрінде кездеседі. Ал, Жапония билігі статистикалық мәліметті сараптап, сырттан келген «жау» санын жасырмай жариялап отырады. Токио таратқан ресми мәліметке сенсек, Шығыс теңізі аталатын алып теңіздің Жапон жағалауына соңғы бес жылда «жұмбақ қайықтардың» 500-ге жуығы жеткен. Әсіресе, 2017 жылы мұндай жағдайдың Пхеньянға қарсы санкциялардың күшейтілуімен қатар көбеюі де жай сәйкестік емес секілді. Бұл көрсеткіш былтыр 158-ге жеткен.

■ Отбасын асырау үшін ескі қайықпен Жапон теңізінің өзге елге тиесілі бөлігінде заңсыз балық аулауға мәжбүр болған солтүстіккореялық балықшылардың қайықтары көбіне теңіз дауылына шыдас бермей, олардың өлі денелері мен қайықтары осылай Ресей және Жапония елдерінің жағалауларынан табылып жатады

ШЫҒЫС ТЕҢІЗІНДЕГІ ШЫРҒАЛАҢ

Солтүстік Корея балықшылары Жапон теңізінің тұтқындарына қалай айналды?

ҚАРАҚШЫЛАР ҚАЗАСЫНА КІНӘЛІ КІМДЕР?

Жапон теңізінің климаты – қоңыржай муссондық, яғни мамырдан қазанға дейін, әсіресе оңтүстік-шығыс бөлігімен тайфун жиі өтеді. Осындай дауылды күз айларында жағаға шығып қалған қайықтардың саны күрт көбейеді. Апатты дауыл салдарынан қозғалтқышы істен шықса, жолаушының дәм-тұзы таусылуы әбден мүмкін. Жан сақтап жағаға жеткендер теңіз жағалауындағы жергілікті тұрғындардың көмегіне мұқтаж болады. Бұл жағдай Ресейдің Рейнеке аралында тұратын Геннадий Воробьевтің отбасы үшін үйреншікті нәрсе. Жағаға жақын үйде тұратын ол Lenta.ru порталына жылына кемінде төрт корей азаматын ауыр жағдайдан құтқарып қалатындығын айтқан.

Жағалау күзеті қызметкерлері кейде қылмыстық топтың үстінен түсіп, жүздеген заңсыз әрекеттің бетін ашса, кейде қарақшыларды қақпанға түсіру үшін оларды батып бара жатқан қайықтан құтқаруға тура келеді. Осындай жағдайларды қоса есептегенде 2019 жылдың қыркүйегінде қауіпсіздік күштері 26 адамды заңсыз іспен айналысқаны үшін айыптаған.

Тап осы жылы оқыс жағдай орын алды. Корей браконьерлері заңнан тыс теңізге шығып, қылмысқа барғанымен қоймай, жазалаушы топқа қарсы әрекет жасаған. 2019 жылы қолға түскен «теңіз қарақшылары» шекарашыларға берілгісі келмей, оларға қарсы оқ жаудыра бастаған. Ақырында теңізшілердің алтауы жарақаттанып, олардың барлығы Солтүстік Корея азаматтары екендігі анықталған.

Халықаралық келісім бойынша Жапон теңізі Жапония, Ресей, Солтүстік және Оңтүстік Корея елдеріне тиесілі. Аталған елдерге теңіз өнімдерін өндіруді кәсіпке айналдыруға рұқсат. Дегенмен, шекарадан шығуға болмайды. Бірақ, Солтүстік Корея балықшылары қызыл сызықты кесіп өтіп, өзгеге тиесілі аумаққа шығуға құмар. Спутниктік деректерді зерттеумен айналысатын Global Fishing Watch (GFW) ұйымының 2020 жылдың шілде айында аяқтаған жұмысының нәтижесі жаға ұстатарлық жайдың бетін ашты. Коммерциялық емес ұйымның хабарлауы бойынша, 2018 жылы Ресейдің экономикалық аймағына 3 мыңнан астам Солтүстік Корея қайықтары заңсыз өткен. Бұл тарихтағы ең үлкен браконьерлік іс болуы мүмкін.

2020 жылы жүргізілген тергеу жұмыстары нәтижесінде жан-жануарларды қорғау туралы заң мен ережелерді ескермей, балықтарды қаскөйлікпен қырған Солтүстік Корея балықшыларының қасақана өліміне Қытайдың қатысы бар екендігі анықталып отыр. Қытай Халық Республикасының теңіз биоресурстарына арналған қатаң талаптары жағдайдың ушығуына себеп болса керек. Қытайлар корей теңізшілерінен пайда көрсе, өз кезегінде оқиға астарынан Ким Чен Ынның ядролық бомба жасау жоспары қылаң береді.

■ Жапонияның жағалау күзеті балықтарды заңсыз аулаған солтүстіккореялық браконьерлерді құрықтау үстінде

■ Солтүстік Корея басшысы Ким Чен Ын елдің балық шығаратын зауытында. Өкінішке қарай, Жапон теңізінің өз аумағында ауланған бұл балық өнімдері билік пен әскерилерге ғана қолжетімді, халықтың қалған бөлігі көрші елдерге тиесілі аумақта жандарын шүберекке түйіп, күндерін көруге мәжбүр

КІНӘЛІ СОЛТҮСТІК КОРЕЯ МА, ӘЛДЕ ҚЫТАЙ МА?

Корей теңізшілері өз аймағында балық шаруашылығымен айналыса алмайды. Себебі, оларға тиесілі теңіз бөлігіне көршілес «айдahар елі» иелік етіп отыр. Пхеньян өзінің атом бағдарламасы туралы ақпарат беруден бас тартқаннан кейін, 2017 жылы БҰҰ бұл елдің су айдындарын өзге мемлекеттерге пайдалануға тыйым салған. Бұған қарамастан Қытай айлақтарына жыл сайын Солтүстік Кореяға тиесілі бөліктен ауланған теңіз бағалыларын артқан жүздеген кемелер келіп жатады. «Бұл өнімдер ядролық сынақ нәтижесінде улы болуы мүмкін» деген қауіп Бейжіңді еш елеңдетер емес.

Қытайдың Солтүстік Кореяға тиесілі айдынға көз салуының басты себебі – балық шаруашылығы. Оның ішінде аса бағалысы – кальмар еті. Екі жылдың ішінде Қытай шаруалары 160 мың тоннадан астам өнім өндіріп, көл-көсір пайдаға кенелген. 2017 жылдан бастап екі жыл ішінде ҚХР корей кальмарынан 550 млн доллар табыс табуға мүдделі еді. Бірақ, «Шығыс шықпай, кіріс кірмес» дейді қазақ. Екі ел арасында заңсыз келісімдер орнап, Қытай кәсіпкерлері Солтүстік Корея территориясынан балық аулауға рұқсат алады. Әлбетте, келісім құнға тіреліп, КХДР екі жылдың ішінде 120 млн доллар табысқа кенелген.

Қытай мен Солтүстік Корея арасында тығыз саяси байланыс орнаған. Қос мемлекет арасындағы кей келісім заңды түрде болса, кейбірі заң аясынан тыс серіктестік тәжірибелер болатын. 2012 жылғы Fishnews порталының ақпаратына сүйенсек, Пхеньян Бейжіңге өздерінің су айдынын ғана емес, Ресейге тиесілі бөліктен балық аулауға алынған өз рұқсатнамаларын да жалға береді. Демек, жоғарыда айтылған браконьерлік топтың жартысы қытайлар да болуы мүмкін.

КХДР басшысы Ким Чен Ын елдегі жағдайдың жақсы екенін айтып жар салғанымен, жабық есік саясатын ұстанатын бұл елде әлі күнге дейін азық-түлік тапшылығы болып тұратыны белгілі. Сол себептен де күн сайын жүздеген қайықпен балықшылар өзге аймақтардан азық табуға аттанады. Олардың кейбірі діттегеніне жетсе, көпшілігі «браконьерге айналып» қолға түседі. Тіпті, кейбірі Ресей, Жапония аймағындағы белгісіз қабірлердің иесіне айналады. Бұл аянышты жағдай. Дегенмен, корей теңізшілері туралы нақты ақпарат не расталмай, не теріске шығарылмай келеді.

Мыңдаған балықшы, мыңдаған қайық, мыңдаған тонна теңіз өнімі. Бұлар қайда кетуі мүмкін? France 24 арнасының мәлімдеуінше, шекараның Қытай жақ қапталынан келген теңізшілерді әскери инспекция қарсы алады. Келген өнімнің барлығы әуелі әскери қызметкерлер мен олардың отбасына бөлінеді. Туристік ресурстармен таныстырушы қытай мамаңы журналистерге берген сұхбатында Солтүстік Корея «алдымен армия» саясатын ұстанатындығын айтқан. Яғни, мемлекет ауланған балықтарды алдымен әскери қызметтегілерге бөліп береді. Бұл өз кезегінде балықшылардың жағдайын ауырлата түседі.

Global Fishing Watch сайтының сілтеуінше, мұндай көлеңкелі сауданың түбі жақсылыққа апармайды. Бүгіннің өзінде табиғатқа айтарлықтай зардап келуде. Теңіз өнімдерінің бағалысы саналатын кальмарлар қоры екі есе азайған. Ресейлік балықшылар да бұл ақпаратты растап, кәрістердің жиі «ұрлыққа түсуімен» теңіз өнімдерінің азайып, қармақтары құр қалып жүргенін айтады.

Балық шаруашылығында «дрейфтік тор» ұғымы бар. Ұзындығы 50-60 метге дейін жететін тордың көмегімен тек балық емес, теңіздегі тіршілік иесін түгел аулауға болады. Сондықтан бұл құралды Еуропа елдері қолдануға тыйым салады. Жапон теңізінің Ресей жақ жағалауына шығып қалған қайықтарда бұл торлардың кездесуі – заңсыз істің заңға қайшы құрылғылармен қамтамасыз етілгендігінің айғағы.

Өткен ғасырдың ортасында осындай торларды жаппай қолданған Жапония кеңестік Қиыр Шығыстың экономикасын айтарлықтай құлдыратқан еді.

Қытай да, Ресей де, батыстағы державалар да Global Fishing Watch (GFW) ұйымы анықтаған жайға қатысты ресми мәлімдеме жасамады. Ақпарат нақты айқындалмайынша, үнсіздік жалғасатын секілді. Содан билік басындағылар мемлекетаралық мәселенің мән-жайына жетпей, жағалау тұрғындары КХДР жалауы ілінген қайық сынықтарын тауып, өлі денелерді жерлеуді жалғастыра бермек.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Жағдай жылдан жылға жақсарудың орнына кері кетуде. Уақыт өткен сайын «ұрлар» саны артып, Ресей мен Жапония экономикасына айтарлықтай зардабын тигізуде. Бұл өз кезегінде табиғат ресурстарына да зиян келтіруде. Теңіз жануарларының жоғалу қаупі алдында тұрған түрлері күн санап кемуде.

Бір теңіздің «тамашасын» тең бөлісе алмаған Жапон теңізі жағалауы елдерінің жағдайы не болары белгісіз. Өзгелер үшін табыс көзі болып отырған елдердің экономикалық ахуалы мәз емес. Заңсыз іспен шұғылданып, ережені елемегендердің шекесі жарқырамасы да анық. «Бермегеннің жолынан» тапқан табыстың берекесіз екені де бесенеден белгілі. Абайдың «Ақырын жүріп, анық бас» позициясын ұстануды жөн санайтын қазақ бұл ретте «Тәртіпке бағынған құл болмайды» деп турасына тартады.

Посткеңестік кеңістікте жер көлемі мен халық саны жөнінен ірі елдер де, шағын елдер де бар. Тоқсаныншы жылдары азаттық алған сол 15 елдің ұлттық құрамы да, орналасу аймағы да әртүрлі. Кейбірі Кеңес Одағының азиялық бөлігінде орналасса, енді бірі Еуропаға жанаса жатыр. Кезінде КСРО-ның құрамында болған бұл елдер 11 сағаттық белдеуге бөлінеді, яғни бір бөлігінде таң атқанда, қиыр шығысында күн батады. Сол кеңестік республикалардың ішінде Еуропаға етене жақын әрі бұрыннан славян халықтарымен бірге өмір сүріп келе жатқан Молдова Республикасының орны ерекше. Қазақстанның ең кішкентай облысы – Солтүстік Қазақстан облысының жері көлемінен үш есе кішкентай бұл мемлекет өзінің шарабымен әлемге әйгілі. Дегенмен, кішкентай Молдованың да үлкен мәселелері бар.



КІШКЕНТАЙ МОЛДОВАНЫҢ ҮЛКЕН МӘСЕЛЕСІ

Кишинев Приднестровьеден қалай көз жазып қалды?

Мадияр ӘЗИЗҰЛЫ,
саяси шолушы

Молдова – Украина мен Румынияға жапсарлас жатқан мемлекет. Ол посткеңестік кеңістіктегі елдермен салыстырғанда әлдеқайда кішкентай болғанымен, еуропалық өлшеммен алғанда шағын мемлекеттің біріне жатпайды. Айталық, Молдованың жер көлемі 33 мың шаршы шақырымды құрайды. Мәселен, Молдованың жер көлемі Бельгия, Швейцария, Нидерландымен шамалас болса, Словения, Черногория, Албания сынды бірқатар еуропалық елдерден үлкен.

Бүгінде Молдовада 2,6 миллион халық тұрады. Алайда, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Приднестровье аймағы бөлініп шықпағанда бұл күндері Молдованың халқы мен жер көлемі қазіргіден де көп болар еді. Өйткені, Кишиневтен іс жүзінде 1990 жылы бөлініп шыққан Приднестровье аймағының жер көлемі – 4,1 мың шаршы шақырым (Молдова жерінің 12%-ы), халқының саны – 500 мың.

Приднестровье Молдова Республикасы – отыз жылдан бері БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің ешқайсысы мойындамаған Еуропаның оңтүстік-шығысындағы мемлекет. Халқының 31%-ын молдовандар, 30%-ын орыстар, 28%-ын украиндар құрайтын ел Украина мен Молдованың қақ ортасында орналасқан. Мемлекеттік шекарасының жалпы ұзындығы – 816 шақырым. Оның Молдова Республикасымен шектесетін тұсы – 411 шақырым. Астанасы Тирасполь қаласында 128 мың халық тұрады. Дегенмен, Молдова Конституциясы бойынша Приднестровье – Молдова Республикасы аумағының ажырамас бір бөлігі.

Жалпы, Приднестровье аймағы Молдованың бас ауруына қалай айналды? Енді осы сұраққа жауап беріп көрелік.

Кеңес Одағы тарамас тұста тіл мәселесінің ушығуы Молдованы екіге бөлді. Қазіргі тілмен айтқанда, КСРО-ның соңғы президенті Михаил Горбачевтің қайта құру саясаты кеңестік республикалар халқының әлеуметтік белсенділігін оятты. 1988 жылғы КСРО Жазушылар одағының құрылтайында республикаларды құраушы ұлт тіліне мемлекеттік мәртебе беру мәселесі көтерілгеннен кейін Молдовада румын мен молдован тілінің айырмасының жоқтығына байланысты екі елдің бірігуі туралы бастама көтерілді. Осылайша, молдованның зиялы қауымы бастаған көпшілік Румыния мен Молдованың қосылу идеясын жақтады.

1988 жылы Молдова Жазушылар одағының «Нистру» журналында молдован-румын тілдерін бір санап, молдован тіліне мемлекеттік мәртебе беру, латын әліпбиіне көшу туралы бағдарлама жарық көрді. Әрине, бұған кеңестер заманында республиканың өндірісті аймақтары шоғырланған Днестр өзенінің негізінен сол жағалауын мекендеген славяндар (орыстар) қарсылық білдірді. Олардың қарсылығының күшеюіне сол кездегі Молдовада жанданған ұлтшылдардың «Молдова – молдовандар үшін», «Чемодан – вокзал – Ресей» деген сыңайдағы көзқарастардың ашық айтылуы себеп болды. Бұл – бір.

Екіншіден, 1988 жылдың аяғында Молдова халықтық майданы құрылды. «Бір халық – бір тіл» деген олар Румынияға қосылуға үндеді. 1989 жылы тағы да молдован жазушыларының елдегі тіл қолданысына қатысты әзірленген заң жобасы жарыққа шықты. Онда ата-аналардың балаларын тек молдован тілінде білім беретін мектепте оқытулары көрсетіліп, егер ресми жағдайда молдован тілінен өзге тіл қолданылса, әкімшілік жауапқа тартылу қарастырылды. Үкімет әзірлеген заң жобасында да молдован тіліне мемлекеттік мәртебе берілетіндігі, іс қағаздарының тек қана осы тілде жүргізілетіні жазылды. Сол жылдың тамыз айында тілге қатысты заң жобасына қарсылық білдірген халық алаңға шықты. Ана тіліне мемлекеттік мәртебе сұрағандар алаңға шыққандарға қысым көрсетіп, өліспей-беріспейтіндерін аңғартты. Осылайша, қарулы қақтығыс орын алып, соғыс өрті өршіді. Соғыс өрті 1992 жылы Ресей әскерінің араласуымен өшкендей болды. Бірақ, Тирасполь Кишиневтің ырқынан шығып кетті.

Кейбір деректер бойынша, 1992 жылдың шілде айында екі жақтан бір мыңдай адам қаза тауып, 4,5 мыңы түрлі дәрежеде жараланыпты. Қазіргі күні кикілжіңді аймақтағы тыныштықты бітімгершілік әскері қадағалап тұрған жайы бар. Әрине, кикілжің туған аймақтың тыныштығын қарумен, әскермен қадағалау – мәселенің түпкілікті шешімі емес.

Приднестровье Молдова Республикасы өз тәуелсіздігін жариялаған 1992 жылдан бері Мәскеуден экономикалық, саяси және әскери қолдау көріп келеді. Приднестровьеде Ресей Федерациясының 1 200 әскери қызметкері орналасқан. Даулы аймақта 2006 жылы арнайы референдум өткізіліп, халықтың 97 пайызы Ресей Федерациясына қосылуды қолдапты. Тіпті, 2013 жылы Приднестровье аймағының билігі елде Ресейдің федералдық заңдарын мойындау туралы конституциялық заң қабылдады. Аймақ тұрғындары 2017 жылы Ресей Федерациясының құрамына субъект түрінде енуге тағы да үндеу тастады. Қырымдағыдай референдум да өткізбекші болды. Алайда, оған Қырым, Донбас секілді Кремль тарапынан нақты ұсыныс түскен жоқ.

Әрине, Тираспольдің мұндай бағыттағы кез келген шешімдерімен Кишинев келіспейді, бірақ Молдованың көл тартылғанда шалшықтың арасында қалып қойған шортандай қанша туласа да, Мәскеудің қолдауына ие Приднестровье аймағына билік жүргізуге дәрмені қалмай барады. Дегенмен, Кишинев Приднестровьеден ешқашан бас тартпайды. Неге десеңіз, аймақты өзіне қайтарса, елдің экономикасы айтарлықтай жақсарады. Кеңес Одағы ыдырап, бір ел екіге бөлінген тұста Молдованың экономикасына елеулі үлес қосқан металлургия зауыты, су электр стансасы секілді ірі кәсіпорындар Приднестровьенің аумағында қалып қойды.

Молдованың қазір Днестр өзенінің екі бетінде бір-біріне қарама-қарсы өмір сүріп жатқаны өкінішті, әрине. Днестрдің батысын Молдова халқы мекендесе, шығысында Приднестровье халқы қоныстанған. Екеуінің де негізгі халқы – молдовандар. Бірақ, олар саясаттың құрбанына айналды. Сондықтан бір ұлт екі жүйемен өмір сүруге мәжбүр. Мұндай тәртіп бұрын коммунистік және социалистік лагерь болып бөлінсе, кейінгі жылдары мемлекет ішіндегі мемлекет болып көрініс табуда.

Кішкентай Молдованың тағы бір үлкен мәселесі бар. Ол – Ғағауызия автономиясы. 1994 жылдары Молдова жерінде бүлік болып, ел тоқырау кезеңін бастан кешіріп жатқанда мемлекеттің оңтүстік аймағынан тағы бір автономиялық аудан пайда болды.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК **COVID-19 ЖҰҚТЫРҒАНДАР САНЫ ӘЛЕМДЕ 35,2 МЛН АДАМНАН АСТЫ, БАСЫМ БӨЛІГІ АҚШ (7,4 МЛН), ҮНДІСТАН (6,6 МЛН), БРАЗИЛИЯ (4,9 МЛН) ЖӘНЕ РЕСЕЙДЕ (1,2 МЛН) ТІРКЕЛДІ**

Мемлекетіміздің басты құндылығы – адам. Осы тұста Сізді де адами капиталды дамыту туралы тұжырым толғандырады ма? Бүгінгі жас ұрпақ өз интеллектуалдық әлеуетін қалай ұтымды пайдаланбақ? Халық өмірін жақсартуда басты назарға нені алуға тиіспіз? Ұлт болашағы неге білімге тәуелді? Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры Такир Оспанұлымен осы және өзге де мәселелер турасында ашық әңгімелескен болатынбыз.

Такир БАЛЫҚБАЕВ,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры:

«Сапалы білім – ұлт болашағы»

– Такир Оспанұлы, жақында Алматы қаласы тұрғындарымен есеп беру кездесуіңіз өтті. Онда қандай мәселелер талқыланды?

– Менің алматылықтармен есеп беру кездесуім Президент Жарлығына сәйкес өтті. Онда университеттің өткен оқу жылындағы жетістіктері, қол жеткен мақсаттары мен қара шаңырағымыздың әлемдік деңгейдегі үздіктер керуенінен көрінгендігі сөз болды. Мысалы, ұлттық рейтинг бойынша ҚазҰПУ отандық оқу орындары арасында бесінші орыннан төртінші сатыға табан тіреді. Абай атын иеленген университетіміз – еліміздегі педагогикалық мамандарды даярлайтын көшбасшы оқу орны. Сондай-ақ, қара шаңырақ ғылым көкжиегінде биік белестерді бағындырып, QS World University Rankings (QS) компаниясының 2020 оқу жылына жасаған жоғары оқу орындарының жыл сайынғы рейтингісінен орын алды. Ауылдық жерлерде университет «құру», ғылыми бағыттағы оқу орны және цифрлық білім беру жүйесін жасау – басты назардағы мәселелер. Соңғы уақыттарда негізгі екі аспектіге ден қойылуда. Біріншісі – тәжірибелік оқыту. Бір жыл бұрын біз оқыту жүйесіне өзгеріс енгізу арқылы университетімізде дамудың жаңа бағытына жол ашқан болатынбыз. Бұрындары 4-курс студенттері үшін педагогикалық тәжірибе алмасу жұмыстары 2-3 айға ғана созылатын болса, қазір жыл бойы мектептерге барып, еңбекке етене араласуға мүмкіндік жасалған. Аптаның төрт күнінде оқытушы, оқушылармен біліктіліктерін дамытса, қалған екі күнде университетте білімдерін шыңдайды. Осындай ұтымды тәсілдермен студенттер пайдалы дағдыларға қол жеткізді. Түрлі іс-шаралар өткізіп, нәтижесінде 208 студент маман атанбай тұрып-ақ жұмысқа орналасты. Мектеп басшыларының біздің студенттеріміз жайлы оң пікірлері де көңіл қуантады.

Екіншісі, еліміздегі пандемияға байланысты қашықтықтан оқыту жүйесін іске қосуға тура келгендігі белгілі. Оқу жүйесіндегі дәстүрлі дағдыны бір күнде өзгертіп, қайта құру оқытушылар үшін де, білім алушылар үшін де оңай болмады. Біз үшін қашықтықтан оқыту – жалпы білім берудің кішкентай ғана құралы іспетті еді. Білікті маман даярлаудағы басты бағыт классикалық оқыту әдісімен тікелей байланысты. Бұл үшін біздің университетімізде барлық жағдай жасалған. Жайлы әрі жеткілікті жабдықталған аудитория-лар – студенттің алаңсыз білім алуының басты кепілі. Карантиндік шаралардың енгізілуіне орай ел ертеңдерінің сапалы білім алуы ұтымды шешім шығаруды қажет ететін үлкен мәселе туғызды. Бұған дейін біздің университетіміз оқытуды толық қамтамасыз етіп отырған Univer және Moodle ақпараттық автоматтандырылған жүйелерінде жұмыс жасайтын. Елдегі жағдайға сәйкес, аталған жүйелермен қатар бейнедәрістер, Zoom, Microsoft Teams, Google Meet, Microsoft Classroom платформалары енгізіліп, студенттердің электронды кітапханаға қолжетімділігі қамтамасыз етілді. Оған дейін мұғалімдер аудиторияда дәріс оқып, студенттерді білім нәрімен сусындатса, ендігі жерде қажетті ілім электрондық жүйелер арқылы ізденушілерге жол тартты.

– Қашықтық режимі мұғалімдерге де, студенттерге де келеңсіздік туғызып, түрлі мәселелер орын алғаны анық. Онлайн форматқа көшу қалай болды?

– Қашықтықтан білім алу жүйесіне көшуге ешкім де дайын болмады. Бізге, мұғалімдерге, жұмысымызды жедел түрде жүйелеп, қайта құру және онлайн платформаны игеру қажеттігі туындады. Бастапқыда аздап қиын болғаны рас. Кей студенттердің интернетке қол жеткізу мүмкіндігі шектеулі еді. Осындай кедергілерге қарамастан біз Proctoring арқылы онлайн түрде сессия, мемлекеттік емтихан, диплом қорғауды ұйымдастырдық.

Қашықтықтан оқыту, тестілеу өткізу барысындағы оқу процесін ұйымдастыру және бақылау ҚР Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылды. Есеп беру отырысында халық тарапынан негізгі сұрақ осы мәселеге қатысты қойылды. Пандемия бізге дәстүрлі оқу жүйесімен қатар қашықтықтан оқыту жүйесін қатар қолданудың тиімділігін көрсетіп берді. Кездесуге келгендердің көкейінде «жағдай қашанға дейін жалғасады?» деген сауал тұрды. Бұл, әрине, санитарлық-эпидемиологиялық ахуалға байланысты болмақ. Жағдай тұрақталса, рұқсат берілген сәттен бастап классикалық оқыту жүйесіне көшуге әзірміз. Бұл үшін аудиториялар, жатақханалар, зертханалар – барлығы дайын.

– Сіз білім беру министрлігінде жұмыс жасаған, 40 жылдық тәжірибесі бар жоғары білікті кәсіби оқытушы әрі біздің қоғамның белсенді мүшесісіз. «Nur Otan» партиясының праймеризіне қатыстыңыз. Праймериздің алдын ала мәліметтері бойынша сайлауда Медеу ауданы партия мүшелерінің 64 пайыз дауысына ие болдыңыз. Газет оқырмандарына сайлауалды бағдарламаңыздың басым бағыттары туралы айтып берсеңіз...

– Биылғы жылы «Nur Otan» партиясы алғаш рет праймериз өткізуде. Партия Төрағасы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бұл бастамасы лайықты кандидаттарды таңдауға, Қазақстанның дамуы бойынша жаңа идеялар мен нақты жобаларды іріктеуге мүмкіндік береді деп ойлаймын. Түрлі қызықты бастамалар көтеруші тұлғаларға жол ашылуда. Мен қатысқан Алматы қаласының Медеу аудандық мәслихатында 49 кандидат болды. Олардың барлығы өзіндік пікірі мен ұтымды бағдарламасы бар жандар. Бірі кәсіпкер, бірі шығармашылық адамы болғанына қарамастан, барлығы қоғамдағы елеулі мәселелерді шешуде белсенді, анық бағытты ұстанушылар. Праймериздің негізгі мақсаты да осындай тұлғаларды таңдау. Мен өзімнің өмірлік және кәсіби мол тәжірибеме сүйене отырып, «Nur Otan» партиясының ел алдына қойған міндеттерін орындауға мүмкіндіктерім бар екендігін ескеріп, праймеризге қатысуға бел будым. Сайлауалды бағдарламамның басты бағыты – Алматы қаласы шеңберінде адами капиталды дамыту. Неге? Біріншіден, қазіргі кезде адам капиталы экономикалық өсу мен өркендеудің басты элементі болып табылады. Жетекші әлемдік державалар үшін бұл өте маңызды сала.

Екіншіден, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында ел дамуының жеті бағытының бірі – адами капиталды жоғарылату мен білімге қаражат құю екендігін атап өткен болатын. Сондай-ақ, білім беру, жастар саясаты, еріктілер, Алматының инновациялық экожүйесі және басқа да мәселелер маңыздылығы көрсетілген. Әр тармаққа шамалап тоқталып өтейін. Білімнің қолжетімділігі мен сапалылығы – басты идеология. Мен мектепке дейінгі және орта білімге баса назар аударамын. Елімізде мектептер тапшы екендігін мойындауымыз керек. Нәтижесінде жаңа оқу ордасын тұрғызу мәселесі туындайды. Мен бұндай бастаманы қолдаймын. Бұл «Nur Otan» партиясының бағдарламасында да қозғалған. Мемлекет басшысының айтуынша, республиканы 2025 жылға дейін қажетті балабақшалармен толықтырып, алты жасқа дейінгі балалардың мектепке дейінгі білім алуын қамтамасыз ету қажет. Бұл мәселеде сапа бірінші орында болуы тиіс. Сапалы білім беру ең алдымен ұстаздар қауымына артылар жүк екенін, Ыбырай Алтынсариннің «Мұғалім – мектептің жүрегі» деген даналығының астарында терең мән жатқанын ұғынуымыз қажет. Сондықтан біз үшін мұғалім мәртебесінің көтерілуі маңызды. Осы мақсатта елімізде «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданып, ұстаздардың айлық табысын төрт жылда екі есеге көтеруге шешім шығарылды.

Үшіншіден, мұғалімдердің біліктілігін арттыру мен олардың одан әрі дамуына жағдай жасалуын қамтамасыз ету. Қазірдің өзінде бұл мәселеге қатысты толық бағдарлама дайындап қойдық. Біздің профессорларымыз жылына 30, яғни аптасына бір сағатын мектептерде дәріс оқып, семинар жүргізуге, белгіленген ғылыми жобаларды жүзеге асыруға арнайды. Еліміздегі білім сапасының дәрежесі – ұстаздар еңбегінің нәтижесі. Өз тәжірибеміз бен білімімізді пайдалана отырып, бұл бағытта жетістікке жете аламыз. Мен өз бағдарламамда барлық университеттерге мектептер мен балабақшаларға көңіл бөліп, жұмыс жасауды және мұғалімдерге қосымша мүмкіндіктер беруді ұсынамын.

Төртіншіден, ересектердің білім алуына жағдай жасауымыз қажет. Қазір әлемде «Өмір бойы білім алу» («Life long learning») түсінігі қалыптасқан. Бұл жай ғана жүйе емес, жаңашыл адамның ұстанымы. Заман ұдайы даму жолында жұмыс жасауды қажет етеді. Мұғалімдер мен педагогтер ғана емес, басқа да ересек тұлғалар үшін сапалы білімнің қолжетімділігі маңызды. Осыған сәйкес «Күміс университет» ұғымы бар. Бұл «күмістей ақ шашты тұлғалардың білім алуына» байланысты пайда болған. Біздің оқу ордаларына да осындай жүйені енгізіп, түрлі салада білім алғысы келетін орта жастан асқан тұлғаларға жағдай жасалуын қамтамасыз етуді ұсынамын.

Бесіншіден, біздің әсем қаламыздың көпшілік үшін мерейлі мекен екендігіне баса назар аударғым келеді. Қала – еліміздегі кәсіпкерлік пен мәдениеттің ірі ошағы. Сондықтан ол өзінің әлеуметтік потенциалын арттыруы қажет. Алматының инновациялық әлеуетін көтеруді көздегенде, біздің университеттердегі мүмкіндіктерді басты назарда ұстауымыз керек. Қаламызда ондаған мың ғалымдары, зертханалары мен ғылыми орталықтары бар 40 жоғарғы оқу орны бар. Біз бұл көрсетілген сандарды тұтастай алып, барлығының алдына бір ғана мақсат қою арқылы мәселенің түйінін таба аламыз.

Алматы Smart city – өте жақсы идея, оның әлеуетін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Қазақ-Британ техникалық университеті және Халықаралық ақпараттық технологиялар университеттерінің көмегімен жүзеге асыра аламыз. Аталған оқу орындары Алматы қаласының әлеуметтік потенциалын жаңа деңгейге көтеруге ықпал ете алады. Мен өзімнің сайлауалды бағдарламамда осындай идеяларды тиімді жүзеге асырудың жолдарын ұсынамын.

Алтыншы. Партия бағдарламасында Алматы қаласының шығармашылық индустрия орталығына айналуы мүмкін екендігі сөз етіледі. Бұл шаһардағы өнер, музыка, теледидар және басқа да салалардың жоғары дәрежелігімен байланысты. Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Құрманғазы атындағы консерватория, Абай атындағы ҚазҰПУ худграфы – қаламыздағы мәдениет пен өнер туындыларын тудырушы арналар. Шығармашылық индустрия орталығы дәл осы институттардың негізінде салынуы керек. Қосымша аймақтар құрып, оған шығындалудың қажеті жоқ. Оның есесіне, қолда барды тиімді пайдалану жолын іздегеніміз ұтымды болмақ.

Жетіншіден, Алматының экологиялық мәселелеріне тоқталғым келеді. Соңғы жылдары бұл турасында жиі айтылуда. Билік партиясының бағдарламасында экологиялық мәселені шешуге бағытталған ауаны тазарту мен ластануды азайтуға арналған бастамалар жеткілікті. Іске асыру үшін, әрине ғалымдарымыздың ұсыныстарына құлақ аса отырып, зерттеу жүргізу қажет. Бұл тұста жастарды түрлі тазалық жұмыстары мен ағаш отырғызу сияқты шараларға белсенді тартуға да болады. Алайда, біздің басты проблемамыз – экологиялық мәдениеттің төмендігі. Бұл адамдарға экологиялық сауаттылық саласындағы білімнің жетіспеушілігінен орын алады.

Менің бағдарламамның сегізінші бағыты жастар саясатына арналған. Қала тұрғындарының 700 мыңнан астамы жастар. Бұның ішінде студенттер, жұмыс жасайтындар санатындағы және жұмыспен де, оқумен де қамтылмаған адамдар бар. Өз кезегінде олардың әрқайсысына қатысты проблемалар бары анық. Мысалы, жұмыс жасайтындар үшін баспана мәселесі өзекті. Қаламызда «Алматы жастары» бағдарламасы құрылып, оған сәйкес 2025 жылға қарай бес мың пәтер бой көтереді деп болжануда. Біз өз тұжырымдамамызда мұғалімдерге, медицина қызметкерлеріне, ЖОО оқытушыларына көбірек пәтер беруді ұсынамыз. Қажет болған жағдайда салынып жатқан тұрғын үй санын көбейтудің қосымша мүмкіндіктерін қарастыра аламыз. Жұмыссыз жастар үшін қалалық жұмыспен қамту бағдарламасы оқытуға мүмкіндік берсе, студенттер үшін де жатақхана мәселесін шешуге болады. Сонымен қатар, бізде қаланы, инфрақұрылымды, көшелер мен жол құрылысын, қоғамдық қауіпсіздікті дамытудың тұтас бағдарламасы бар.

– Сіздің партияішілік сайлауға қатысу ниетіңізді отбасыңыз қалай қабылдады?

– Мен өзім көпбалалы отбасынан тәрбие алып өскенмін. Он ағайындымын. Менің әкем ұстаз болған кісі. Анам да мектеп мекемесінде қызмет атқарған. Отбасымыздан жетеуіміз білім беру саласында, оның ішінде мектептер мен университеттерде жұмыс жасаймыз. Біздің отбасымыз үшін педагогика әрдайым басымдыққа ие болды. Ата-анамыздың ұстаздық жолда жүруі бізге зор ықпал етті. Менің ұлттық білім беру жүйесіне үлес қосу мақсатымен жасап жатқан әрекеттерімді, сонымен қатар, педагогикалық қызметімді бауырларым әрдайым қолдайды.

Өзімнің отбасым туралы айтатын болсам, жұбайым, ұлым, қызым және төрт немерем бар. Олар менің белсенді өмірлік ұстанымымды ұдайы қолдайды. Біз бен сіздің өміріміздің, қала экономикасының, білім беру жүйесінің, сонымен қоса басқа да аспектілердің дамуы әрбір ел азаматы үшін маңызды екенін түсінеді. Мен жақындарымнан әркез жылулық сезінемін және бұл үшін оларға алғыс айтамын. Өмірде, әсіресе, жаңа толқынға түскенде отбасының қолдауы өте маңызды.

– Бірнеше жыл бұрын Сіздің университетіңізде ақылы бөлімде оқитын бір студенттің анасы қайтыс болып, оның оқу ақысын төлеуге мүмкіндігі болмай, Сізге хат жолдағанына куә болдым. Нәтижесінде ол оқуын ақысыз жалғастыруға мүмкіндік алып, университетті аяқтап, дипломды маман атанды. Сіз ректор ретінде осындай жағдайларды жиі кездестіресіз бе?

– Өкінішке қарай, оқу ақысын төлей алмайтын студенттер көп. Бұл – біздің басты проблемаларымыздың бірі. Сіз айтып отырған жағдай нақты есімде жоқ, бірақ ондайлар көп болып тұрады. Университетіміздің басты байлығы – студенттер. Біздің әрбір іс-әрекетіміз, қабылдаған шешімдеріміз солардың талап-тілектеріне негізделген. Студенттердің өтініштеріне ұдайы құлақ асып, олардың қажеттіліктерін басты назарда ұстаймын. Барлық талаптарын орындап жатырмыз деп айта алмаймын, бірақ білім алушыларға мүмкіндігінше көмектесуге тырысамыз. Ата-анасы, қамқоршысы жоқ студенттерге тегін білім алуына, жатақханамен қамтамасыз етілуіне, тегін медициналық көмек берілуіне жағдай жасаймыз. Бұндай жеңілдіктер жағдайы төмен немесе көпбалалы отбасы балаларына да қарастырылады. Мысалы, өткен оқу жылында 1,5 мың студенттің білім алуы үшін 10 мыңнан жалпы құны 255 млн теңгеге дейін түрлі көмек бердік. Пандемия кезінде көптеген азаматтар табысынан айырылғаны аян. Соның салдарынан студенттердің ата-аналары бірінші кезекте оқу ақысын төлеуді кейінге қалдыруды сұрады. Біз сұранысты қанағаттандырып, оқу ақысын төлеу уақытын ұзарттық. Жыл бойы білім алып, бірақ оқу ақысын төлей алмай қалатын жағдайлар да жиі кездеседі. Біз олардың келесі курсқа өтуіне мүмкіндік береміз. Бұл негізінде қауіпті, бірақ өмірде түрлі жағдайлар болуы мүмкін. Сол себепті әрқайсысын түсінуге тырысамыз. Кейде жеңілдіктер жасауымызды сұрап ата-аналар да келіп жатады. Биыл пандемияға байланысты өтініштер мен ұсыныстар да көп. Білімге құштар студенттер біздің оқу орнымызға білім алу үшін келетіндігі белгілі. Осы тұста біз де ел болашақтары үшін жеткілікті жағдай жасауға барымызды салуымыз қажет деп ойлаймын.

– Еліміздегі пандемия жалғаса берсе, біздегі білім дәрежесі қандай болады? Онлайн оқу жалғасуда, дегенмен студенттер үшін мұғалімдермен бетпе-бет байланыс жасау, аудиторияда дәріс тыңдап, пікір алмасу маңызды емес пе?!

– Өкінішке қарай, қауіпсіздік шараларын жеңілдету біздің қолымызда емес. Мен студенттермен онлайн-кездесу ұйымдастырып, байланыс орнатып, жағдайды мәлімдедім. Олар қазіргі жағдайда білім алуды жалғастырудың басқа жолы жоқ екендігін түсінеді. Мемлекет басшысы төтенше жағдайлар енгізген сәтте-ақ біз оқу жүйесін екі жолға да бұруға дайын болдық. Егер карантин аяқталса, университетке келіп оқуды жалғастыруға, басқадай жағдай бола қалса, қашықтықтан оқуға да дайын отырдық. Бірақ, мұнда мектеп қабырғасында басқа қағидалар негізінде білім алып келген бірінші курс студенттері үшін екі маңызды мәселе туындады. Мәселені шешу үшін не істеп жатырмыз? Біріншіден – оларды барынша қолдауға тырысудамыз. Бұл тұста институт директоры, эдвайзерлермен бірлесе отырып, онлайн-кездесулер өткіздік. Жиналыс барысында оларға елдегі жағдайды, университеттің ішкі саясатын түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Бірінші курс студенттерінің ата-аналары классикалық оқу дағдысына көшіруді сұрап ұсыныстар жасайды. Біз үшін де бетпе-бет сабақ өтіп, студенттермен тікелей кездесу маңызды. Бірақ, бұлай екен деп жағдайды ушықтырмауымыз қажет. Қаламызда 40-қа жуық оқу ордасы, онда шамамен 200 мың студент бар. Бұл сандардың барлығын бір уақытта бір жерге жинайтын болсақ, елдегі жағдай жақсарады ма? Меніңше, жоқ! Бұлай ету арқылы тек індеттің таралуына жол ашамыз. Екіншіден, қазіргі уақытта біздің университетіміз бүкіл оқу процесін өзгерте бастады. Жағдай тұрақталған күнде де кей пәндер қашықтықтан оқытыла бермек. Яғни, аралас оқыту жүйесі енгізілуде. Карантиндік шаралар аяқталғанымен, тура бұрынғыдай бір жақты оқыту жүйесі ғана жүрмейтінін түсіну қажет. Жаңа жүйеге сәйкес түрлі қолайсыздықтар мен келеңсіз жайттар болып жатқанынан хабардармыз, өз кезегінде университеттің сапалық рейтингіне әсер ететіні тағы бар. Бірақ, біздің студенттеріміз өз бетінше білім алудың маңыздылығын түсінуде. Бұл қазіргі таңда заман талабы болса, бір жағынан олардың келешегі үшін маңызды қадамдар. Өз бетінше білім алып, өзінше жұмыс жасап үйрену арқылы болашақта өз мәселесін өзі шеше алатын, тәуелсіз тұлға қалыптасатындығы сөзсіз.

– Өткен жылы Президентіміз дипломды «басып шығарумен» ғана айналысатын оқу орындарын жабуға бұйрық берді. Ол өзінің соңғы жариялаған Жолдауында да бұл мәселені баса айтты. Сіздің ойыңызша осындай келеңсіздіктермен қалай күресуге болады? Және неліктен осы күнге дейін ұлттық дипломдар базасын жақсарту туралы мәселе қозғалмады?

– Мемлекет басшысы өте маңызды мәселе көтерді. Сапасыз білім беретін университеттер – біздің қоғамымыз үшін үлкен проблема. Бізде университеттердің қызметін бақылайтын тиісті жүйе жоқ. Бұл бізге қажет. Менің ойымша, қоғам мұндай университеттердің бар екендігінен және олардың беделінен хабардар болуы керек. «Мына университет диплом-дарды жай ғана басып шығарады» деп айта салуға болмайды. Мұндай дәлелсіз мәлімет тарату әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Бүгінде кейбір сарапшылар университеттерді төрт санатқа бөлу туралы идея ұсынуда. Бұл бойынша алғашқы үштік үздік болса, төртінші санаттағы университеттер нашар оқу орны деп есептелмек. Бұл бір жағынан дұрыс. Себебі, білім алушы оқу ордасын ондағы білім жүйесі мен сапасына қарай таңдауға ерікті. Барлығы шынайы әрі айқын болуы қажет. Биыл өз құзыреттілігінен айырылған бір университетте 14 мың студент білім алып жатқаны анықталды. Дәл сол сәтте біздегі білім алушылар 10 мың болатын. Бұл көрсеткіштен нені аңғарамыз? Кез келген тұлға өзінің болашақ үшін алып жатқан біліміне жауапкершілікпен қарауға тиіс. Бұл тұста басты мәселе – жоғарғы оқу орнын дұрыс таңдау.

– Биылғы жылы еліміз ұлы ойшыл, философ Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын атап өтуде. Абай атын иеленген Сіздің қарамағыңыздағы оқу орны осы атаулы датаға арналған іс-шараларды ұйымдастыруда көшбасшылар қатарында болатыны анық. Қандай шаралар іске асты? Алда қандай жоспарлар бар?

– Әңгімені әл-Фарабидің мерейтойынан бастасам... Мен әл-Фарабидің 1150 жылдығы мен Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын атап өту жөніндегі комиссияға мүшелік еттім. Пандемия жоспардың жүз пайыз жүзеге асуына мүмкіндік бермеді. Дегенмен, біз алға қойған мақсатқа жету үшін біртіндеп әрекет етудеміз. Әл-Фараби – философ, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз. Ол осы күнге дейінгі орта ғасырдың ең атақты ойшылы, ірі энциклопедист ғалымы ретінде даңқты. Бірнеше жыл бұрын біз Абай атындағы ҚазҰПУ-да исламның ғана емес, әлемдік ғылымның дамуына орасан зор үлес қосқан тұлғаның құрметіне «әл-Фараби орталығын» аштық. Ондағы мақсат – ұлы философтың ұлағатты мұрасын оқушылар арасында дәріптеу. Ғалым астрономия, математика, геометрия сияқты ғылым салаларында үлкен жаңалықтар ашты. Сондықтан да бүгінде философ шығармашылығына ірі ғалымдар ғана емес, балалар да қызығушылық танытуда. Біздің университет қазірдің өзінде бірнеше оқу құралдарын шығарды. Абай шығармаларын дәріптеу жолында да көптеген жаңалықтар енгізілуде. Осыдан он жыл бұрын «Хакім Абай» орталығы құрылып, «Абайтану» пәнін оқу үдерісіне енгіздік. Бұл пән негізінде ұлы ойшылдың шығармалары талданып, сонымен қатар түрлі фестивальдер өтеді. Биылдың өзінде біз Мемлекет басшысының өзі қатысқан #Abai175 челленджі, ақындар айтысы, «Абай әлемі» ұлттық фестивалі, дебаттар, олимпиадаларды ұйымдастыруға мұрындық болдық. Осыған орай Абай атындағы 15 шәкіртақы тағайындалып, жеңімпаздарға үлестірілді. Алдағы күндері тағы да ауқымды іс-шараларды жоспарлаудамыз. Сондай-ақ, Абай шығармаларын оқу процесіне енгізу мәселелерін көтерудеміз. Философтың «Толық адам» тұжырымының астарында «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстау» тұр. Бұл дегеніміз, күш біріктіріп, әрекет ету. Философиялық тұрғыдан алып қарағанда, бұл концепция кез келген тұлғаны адалдыққа, өз Отанының патриоты болуға тәрбиелейді. Себебі, ақыл – білім, білік, дағды. Жүрек – тәрбие мен ұлтжандылықтың көрінісі. Қайрат – күш, шығармашылық, еріктілік, т.б. Осылайша, біз бүгінгіден нәтиже шығарып қана қоймай, болашақтың бағдарлы болуы үшін нық қадамдар жасаймыз.

– Ашық әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан: **Римма ЖАНБАЕВА**

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК **КОРОНАВИРУСТАН ҚАЙТЫС БОЛҒАНДАР САНЫ ӘЛЕМДЕ 1 МЛН АДАМНАН АСТЫ, БАСЫМ БӨЛІГІ АҚШ (209 МЫҢ), БРАЗИЛИЯ (146 МЫҢ) ЖӘНЕ ҮНДІСТАНДА (102 МЫҢ) ТІРКЕЛДІ**

Алаштың үш арысына асыл жар болған ФАТИМА

«Алаштың айымы» дегенде ауыз толтырып айтатын бірден-бір есім – Фатима Ғабитова. Қазақтың заңғар үш алыбының аяулы жары болған. Елімізде білім жүйесінің негізін қалаған белгілі ағартушы-педагог Біләл Сүлеевке, XX ғасырдағы қазақ поэзиясының ірі тұлғасы Ілияс Жансүгіровке, ұлы жазушы Мұхтар Әуезовке рухани дос, жан серік бола білген қиын да күрделі тағдыр иесі.
Ол 16 жасында (1919 жылы) Біләл Сүлеевке тұрмысқа шығып, ал 1932 жылы Ілияс Жансүгіровпен тұрмыс құрған.

Қызжібек ӘБДІҒАНИҚЫЗЫ,
журналист

■ Солдан оңға қарай (отырғандар): Фатима Ғабитова, қолында қызы Ильфа (Жансүгірова), Ілияс Жансүгіров, қолында қызы Үміт, Азат Сүлеев, Хуппижамал (Фатима Ғабитованың нағашы апасы), солдан оңға қарай (тұрғандар): Жәнібек Сүлеев, Болатхан (Ілияс Жансүгіровтің жиені), үй қызметкері (есімі белгісіз). 1937 жыл.

«Ерім – ақылды, батыл, өз халқын сүйетін, қазақ халқының белді, белгілі ағартушысы еді, – дейді Фатима Ғабитова естелік жазбасында. – Ерімді ешбір жазықсыз, «ұлтшыл-ау» деген оймен Совет Одағы жоқ қылды. Екі ұлыммен еңіреп мен қалдым. Екінші ерге шықтым... Екінші ерім ешбір жазықсыз еді, НКВД оны да жоқ қылды. Бұл ерім де теңдесі жоқ асқан шебер ақын еді. Мен бес баламен қалдым... Ілияс кеткеннен бастап-ақ Мұхтар біздің өмір-тағдырымыз туралы өзіне тән үлкен адамдық жанашырлықпен ойланды...»

Үш рет тұрмыс құруының себеп-салдарын естелігінде бүкпесіз айтады. Ол осынау тағдырды қалап алған жоқ. XX ғасырдың бірінші жартысында өткен тоталитарлық режимнің қаталдығы мен рақымсыздығы өмірін астан-кестең еткенін өз жазбалары осылайша дәлелдей түседі. Аумалы-төкпелі, қайғылы оқиғаларға толы уақыт жалғыз Фатима Ғабитованың емес, «қазағым» деген ұлтжандылардың бәрінің шаңырағын шайқалтты. «Өсек атты оққа байлау» арқылы қазақтың қаймақтарын «аулады». Отбасын қаңғыртып, балаларын тірі жетім етті. Ең сорақысы, «халық жауы» деп айыптап, қазағым дегендерді – қазаққа «жау» етті. Бұдан өткен сорақылық болмас!

Алаштықтардың алды атылып, соңы айдауда жүріп азаптанса, соңындағы отбасы «өсек-өрмекші торында» жан алысып жүрді емес пе?! Міне, Фатима Ғабитованың рухының мықтылығы – осының бәрін көрді, бәріне төзді. Өміріндегі осынау «ақтаңдақтар» оның тұлғасын биіктетпесе төмендеткен жоқ. Қолдан жасалған зұлматтың зардабынан рухының асқақтығы аман алып шықты. Алып шығып қана қоймастан үш бірдей арысынан сүйген перзенттерін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай жетілдірді. Перзенттері арқылы абзал азаматтардың есімдерін өшірген жоқ. Бұл жөнінде Фатима Ғабитованың өз балаларының естелік сөздерін келтірелік.

Қазіргі қазақ әдебиетінің жауһарына айналған «Абай жолы» романының авторы Мұхтар Әуезовтен сүйген ұлы Мұрат ағамыз: «Анамның тағдырын түсіну үшін кең жүректілік, асқан саналылық пен сауаттылық керек. Мұны кез келген пендемін дегендер жасай алмайды. Кезінде «Фатима Ғабитованы үш алыптың сүйгені қалай?» деген сықылды жеңіл сөздер де айтылған. Мәселе анамның сұлулығында емес. Анам шынында да сол сұлулығын адамгершілік қасиеттерімен тең ұстап, кір шалдырмастан байланыстыра білген. Осындай парасаттылығын сол үш алып танып, қадірлеген. Тағдыр талқысы, қолдан жасалынған зұлмат құрығынан құтыла алмаған үш бірдей арысқа асыл жар болған анамыздың биік болмысын әкеміздің кем көрген емеспіз», – дейді.

Ал, Ілияс Жансүгіровтен туған қызы Ильфа анасының алмастай өткір сөздің адамы екендігін былай келтіреді: «Анамның 1957 жылғы Қазақстан Жазушылар одағындағы партия жиналысында айтқан мына сөзі есімнен кетпейді. Ол сөзі үш адамды – Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров және Бейімбет Майлинді ақтауға арналған еді. Сәнді киінген, маңғаз, асқақ келбетімен шыға келгенде, бәрі тына қалды. Оттай жанған қара көзінің әсерінен у-шу болған зал лезде басылды. Оның сөзі өзіне дейін сөйлегендердің сөзінен ерекше болды. Хрущев пен қазақстандық үкіметке атүсті алғысын айтқан соң қолын залға созып, бірінші қатарда отырғандарды нұсқап, бірінен соң бірінің айыбын айта бастады: «Сен Ілиястың үстінен арыз жазғансың!», «Сен оның еңбектерін иемденіп алғансың!», «Ал, сен Ілиястың отбасын қуып шығарып, пәтеріне кіргенсің!». Бұл бір құлақ естіп, көз көрмеген, ғаламат нәрсе болды. Мен оның сөзінің жарым-жартысын да ұқпай, қатты масаттанып отырдым».

Зиялы қауым жиылған үлкен залдың қақ төрінде тұрып жылдар бойы жүрегін жаралаған ақиқатты – үш арысына қиянат жасағандармен қалай бетпе-бет келгендігін қызы нақты келтірген. Осы көріністен-ақ Фатима Ғабитованың жүрегі қуатты, отты адам екендігін көреміз. «Мың өліп, мың тірілуінің» сырын ол былайша еске алады: «Мен өз өмірімде сансыз жапа шеккен жанмын. Бірақ, ешбір қайғы-қасірет осы күнге шейін, қандай ауыр болса да, мені әлсірете алмап еді. Қайта қайғы көрген сайын сол қайғыны жеңу үшін бар күшімді салып, күресіп бақтым».

Фатима Ғабитова күнделік қана жүргізбеген. Ол Біләлдің, Ілиястың, Мұхтардың өзіне, өзінің оларға жазған хаттарын, ең негізгісі олардың аса бай мұраларын өртеп жойылуға бұйырылып, тәркіленуге түскенде жасырып, сақтап, күні бүгінге жеткізіп, сөйтіп мемлекеттік мұрағатқа табыс еткен бірден-бір жинақтаушы. Сондай-ақ қазақ фольклорын жетік білген. Уақыт өте келе ол қазақ әдебиеті мен мәдениетінің үлкен жанашыры, зерттеушісі және жинақтаушысы болды. Айталық, 1965 жылы жарық көрген «Үш ғасыр жырлайды» атты қазақ әдебиетінің үш ғасырлық кезеңінің көрнекті өкілдерінің шығармаларының жинағында Шал ақын (барлығы 13 өлең), Асан қайғы, Доспамбет жыраулардың жазбаларын жазып алып, сақтап, заман түзелгенде мұрағатқа өткізген. Осы еңбектердің соңында «Жинақтап тапсырушы Фатима Ғабитова» деп жазылған. Және бұл өлеңдер кейін «Бес ғасыр жырлайды» жинағына да Фатима Ғабитова дайындаған үлгіде енгізілген. Осыдан оның ана, оқытушы ғана емес, әдебиет зерттеушісі екендігін де аңғарамыз. Ал, ақындығы көңіл-күйіне орай жазылған әр жылдардағы өлеңдерінен көрінсе, ғалымдығына «Қазақтың ұлы ақыны», «Ескі мұраларды жинау және өңдеу», тағы басқа да зерттеу мақалалары куә бола алады.

Фатима Ғабитованың тағдырлы ғұмырындағы қиындық атаулыға төтеп беруінің тағы бір сыры оның сауаттылығы дер едік. Мұсылман мектебінен сауат ашқан ол қазақ, татар және орыстармен араласып өскен. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін туып-өскен өңірі Талдықорған аймағындағы Қапал өңіріне тұтқынға түскен немістер келіп қоныстанып, солардың ішінде Ида Карловна Кайзер есімді өте білімді әйелмен танысып, сол әйелден неміс тілін үйренген. Еуропаның әдебиеті мен мәдениетіне көз ашуына осы әйелдің үлесі мол болған. Аса зерделі жан өзінің қабілетін өзі ұштап, білімін жетілдіріп отырған.

Қайсар жанның тағы бір қыры – көргенін саф қалпында шеберлікпен қара сөзбен де, өлеңмен де жеткізе білуінде. Өлеңдерінде «әшекейлеуге» бармайды. Бірақ, ол өмірдің ащы шындығын айта білген. Тура жолмен жүріп, ащы шындықты айту екінің бірінің қолынан келмейді. Мәселен:

Қаншама қуғын-сүргін көрсетсе де,
Арналған тағдырыма болдым ырза.
Тек тілеймін ұрпағым өзімдей боп –

Зарламауын жазықсыз тартып жаза, – деген бір шумаққа бүкіл қасіретті күндерін сыйғызып, нақты жеткізе білген, оқырманға да түсінікті, бірақ астарында сұмдық зіл жатыр...

Фатима Ғабитованың күнделігін зерделеп оқыған жан ғана оның жан қайғысын, бүкіл болмысын таниды. Күнделікті сыр сандық еткенін, сырлы сандықтың ішінде мезгіл салған жара мен қоғам түсірген аяусыз жайттарға куә боласың, еріксіз егілесің...

Тәлкекті тағдыры қанша сынға алса да, қанша електен өткізсе де адамгершілік асқақтығына кір шалдырмастан перзенттеріне тура жолды көрсетті. Екі ұл, бір қызының әкесі Біләл Сүлеевке, екі қыз, бір ұлының әкесі Ілияс Жансүгіровке, бір ұлының әкесі Мұхтар Әуезовке деген құрмет пен сыйластығын өле-өлгенше сақтады. Олардың адами болмыстарын балаларының санасына сіңіре білді. Бірінен-бірін төмендетіп ара жіктерін айырмады. Керісінше Алашы үшін жанын қиған арда азаматтарын кейінгі ұрпаққа үлгі етті. Алаштық азаматтардың Фатима Ғабитованы не үшін қадірлегенін осыдан-ақ түсінеміз. Алаш идеясына келгенде оның Ілиясты да, Мұхтарды да «осы идеяға берік болып, таймаңдар» деп «қайрап» қоятын тұстары күнделігінде кеңірек айтылады. Демек, Фатима Ғабитова Алаш азаматтары үшін ұлттық мәселеде күрделі әңгімелерді де қозғай білген.

Шынында XX ғасырдың басында Алаш азаматтары ұлт болып қалыптасып қана қоймады. Олар жеке басын емес бір-бірінің отбасына да, олардың балаларына да қамқорлық танытуды ұмытпаған.

Сөзімізге жан кіргізу үшін тағы да күнделікті парақтайық: «Ілияс кеткен күннен бастап-ақ Мұхтар біздің өмір-тағдырымыз туралы өзіне тән үлкен адамдық жанашырлықпен ойланды. Семейде айдауда жүргенімізде іздеп келді (1939 ж.). Қара жамылып қайғыда отырған маған қанат беріп: «Сен бағалы адамсың, сені тек жарың үшін ғана құрметтеп іздеп келгенім жоқ, өзіңнің қара басыңды да бағалап келіп отырмын», – деген сөздерді айтып, жұбатып аттанды».

Күнделіктің тұла бойы тұнып тұрған тағдыр... тағдырлар жайында. Ойлантады. Ой салады. Жүрегіңді сыздатып, жан дүниеңді аласапыран күйге түсіреді.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Иә, Фатима Ғабитованың күнделігін оқып көрсеңіз, жүрегі бар тірі адамдарды селт еткізетін, бір сәтке болса да марғаулықтан арылтатын, адам болып өмір сүрудің мәні ат басындай алтында, байлықта емес, тыныштықты ұйытуға үлес қосу мен ұлтты сүйетін ұрпақ тәрбиелеуде екендігін ұқтырады. Мына жарық дүниедегі бес күн тіршіліктің тірегі де, оны сақтап, жалғастырып тұрған жүрегі де – ұлтты сүю, ұрпаққа адами тәрбие беру. Отбасына, Отанға деген махаббаттың құнының салмақтылығын осынау күнделік жазбаларынан айқын аңғарамыз...

«ЕРКІН СӨЗ» ДӘСТҮРЛІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУЫ

Түркітілдес журналистер қоры жыл сайын бірнеше байқау өткізеді. Солардың бірі – «Еркін сөз». Түркітілдес журналистер қоры және «Халық банкі» Акционерлік қоғамының серіктестігімен, қазақстандық БАҚ өкілдері арасында өтетін «Еркін сөз» шығармашылық байқауының ережесін жариялап отырмыз. Қаржы тақырыбына арналатын байқауға Қазақстанның барлық облыс, аудан, ауыл, аймақтарынан журналистер қатыса алады. БАҚ өкілдері «Үздік мақала», «Сайттағы үздік мақала» және «Үздік телесюжет» аталымдары бойынша сайысқа түседі.

Әр аталым бойынша Бас жүлде – 500 000 теңге.

2020 ЖЫЛҒЫ «ЕРКІН СӨЗ» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУЫ

1. Жалпы ережелер

1. «Еркін сөз» журналистер арасында өтетін байқауы (бұдан әрі – Байқау) журналистердің шығармашылық қарымын күшейту және журналистерді ынталандыру мақсатында өтеді.

2. Байқаудың міндеттері:

- Қазақ журналистерінің кәсіби біліктілігін көтеру;

- Журналистерді ынталандыру.

3. Сыйлықтарды тағайындау және дипломдар мен бағалы сыйлықтарды тапсыру 2020 жылдың 15 қарашасында өтеді.

4. Жеңімпаздарды айқындау және сыйлықтарды тағайындау Байқау комиссиясының шешімімен жүзеге асырылады.

5. Байқау комиссиясының құрамына белгілі журналистер, мемлекеттік және қоғам қайраткерлері, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кіре алады.

6. Байқау комиссиясы жеңіске талпынған БАҚ өкілдерін іріктеу барысында келесі шарттарды басшылыққа алады:

– Материалдардың объективтілігі;

– Кәсіби шеберлігі;

– Мәселенің көтерілуі және оны жан-жақты ашып көрсету;

– Материалдар туғызған қоғамдық резонанс пен түйткілдерді шешу жолдары;

– Жұмыстардың шығармашылық толымдығы.

7. Байқауды өткізуді үйлестіру.

Байқауды өткізу жұмысын үйлестіру «Түркітілдес журналистер қоры» ҚҚ президенті бекітетін Байқаудың ұйымдастыру комитетіне (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) жүктеледі.

8. Ашықтық.

Осы Ереже байқауға қатысуға үміткер, қызығушылық танытушы тұлғалардың барлығына танысу үшін ұсынылады. Ереже БАҚ-та жарияланады.

9. Жеңімпаздар келесі байқауға 2 жылдан кейін ғана қатысуға құқылы.

2. Байқауға қатысу шарттары

1. Байқауға қатысушылар.

Байқауға қатысуға қазақ тілінде жазатын және хабар тарататын барлық республикалық, халықаралық және аймақтық БАҚ журналистері шақырылады.

2. Ұсынылатын жұмыстардың тақырыбы:

- Байқауға қатысуға қаржы тақырыбындағы материалдар қабылданады.

- 2020 жылдың 01 қаңтарынан 2020 жылдың 15 қарашасына дейін жарияланған немесе эфирге шыққан МАҚАЛА мен ТЕЛЕСЮЖЕТТЕР қабылданады.

3. Байқауға ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптар:

- Жарияланымдар түпнұсқа немесе материалдардың ксерокөшірмесі түрінде (басылымның атауы, күні және автормен байланыс жасау мәліметтері толық көрсетіле отырып) және Word нұсқасы ұсынылуы тиіс.

- Дыбыстық-визуалды жұмыстар телевизиялық бағдарламаның көшірмесі түрінде (cd/dvd дискілерінде, flash-тасымалдаушыларында) немесе телеарна сайтына сілтеме ұсынылуы тиіс.

- Электрондық БАҚ журналистері (сайт, портал, онлайн газеттер) жарияланған материалдардың көшірмесін интернет-сайтта орналастырылғанын растап, сілтеме жолдауы қажет.

- Материалдар мемлекеттік тілде қабылданады. Байқауға материалдарды қабылдаудың соңғы күні – 2020 жылдың 15 қарашасы, сағат 20:00-ге дейін.

- Ұсынылатын материалдарға мыналар қоса беріледі: журналист туралы қысқаша өмірбаяндық ақпарат, журналистің 3х4 см мөлшеріндегі фотосуреті мен ұялы телефон нөмірі.

- Байқауға ұсынылатын жұмыстардың саны. Бір журналист ұсынатын материалдардың саны 1-ден аспайды.

4. Жұмыстар байқаудың Ұйымдастыру комитетіне хабарландыруда көрсетілген мерзімнен кешіктірілмей ұсынылады. Байқау тақырыбына сәйкес емес және талаптарға сай келмейтін материалдар, ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін келіп түскен жұмыстар байқауға жіберілмейді. Байқауға ұсынылған материалдар қайтарылып берілмейді.

3. Байқаудың өту кезеңдері

1. Алғашқы кезең.

Алматы қаласында Баспасөз мәслихаты өткізіліп, БАҚ өкілдеріне байқауды өткізу туралы және оған қатысу шарттары туралы хабарландыру жарияланады.

2. Байқауды өткізудің негізгі кезеңі.

Байқау материалдары байқаудың Ұйымдастыру комитетінің мекенжайына немесе электронды поштаға 2020 жылдың 15 қарашасына дейін келіп түседі. Байқауға берілген өтініштерді қараудың регламентін Байқау комиссиясы белгілейді. Байқау комиссиясы өз жұмысының нәтижесі бойынша байқау лауреаттарын айқындайды.

4. Қорытындылау

Жеңімпаздарды жариялау келесі номинациялар бойынша байқауды жалпы қорытындылау шеңберінде іске асырылады:

1. Үздік видеосюжет (телевидение);

2. Үздік мақала (газет);

3. Сайттағы үздік мақала;

4. Жеңімпаздарды марапаттау.

5. Байқау материалдарын бағалау және іріктеу процедурасы

1. Байқау материалдарын бағалау барысында келесі шарттар назарға алынады: белгіленген тақырыпқа сәйкестік; жаңашылдық; мәселені талдаудың тереңдігі; нақтылық пен логикалық негізделуі; мазмұндау стилі мен тілі, техникалық сапасы; авторлық тұжырымдаманың дербестігі; жарияланымда немесе дыбыстық-визуалдық жұмыста мазмұндалған ақпараттың нақтылығы мен шынайылығы; журналистиканың этикалық принциптеріне сәйкестігі; сыртқы безендірілуі.

6. Ұйымдастыру комитетінің құқықтары мен міндеттері

1. Ұйымдастыру комитеті:

- Байқау туралы осы ереженің талаптарына сәйкессіздіктерді негізге ала отырып, үміткерді байқауға қабылдамауға;

- Қандай да бір үміткерге қатысты Байқау комиссиясының мүшесі өз өкілеттіктерін асыра пайдаланғаны анықталған кезеңде Байқау қорытындыларын жоққа шығаруға құқылы.

2. Ұйымдастыру комитетінің міндеттері:

А) Барлық қатысушылар үшін тең жағдай жасау;

Ә) Байқауды өткізудің жариялылығын қамтамасыз ету;

Б) Байқаудың нәтижелері туралы мәліметтердің уақытынан бұрын жария етілуіне жол бермеу.

3. Байқау комиссиясының құқықтары мен міндеттері

4. Байқау комиссиясы мыналарды іске асыруға құқылы:

- Байқауға түскен материалдарға баға беру;

- Жеңімпаздарға сыйлықтар тағайындай отырып, байқауды қорытындылау.

5. Байқау комиссиясының міндеттері:

- барлық қатысушылар үшін тең жағдай жасау;

- байқаудың нәтижелері туралы мәліметтердің уақытынан бұрын жария етілуіне жол бермеу.

Байқау комиссиясы мүшесінің байқауға қатысуына жол берілмейді.

7. Қатысушылардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі

1. Байқауға қатысушылар мыналарды іске асыруға құқылы:

А) Байқаудың өту шарттары мен тәртібі туралы ақпараттар алу;

Ә) Ұйымдастыру комитетінен осы Ереженің тармақтарына түсіндіруді сұрау;

Б) Байқауға қатысу үшін материалдар жолдау.

2. Байқауға қатысушылардың міндеттері:

А) Байқаудың мән-жайымен алдын-ала танысу, Байқауға қатысу үшін қойылатын талаптарды зерттеу;

Ә) Осы Ереженің талаптарына сәйкес рәсімделген материалдарды уақытылы ұсыну;

Б) Осы Ережеде қарастырылған ережелер мен процедураларды сақтау.

3. Байқауға қатысушылар келесілер үшін жауапты:

А) Материалдар мен түйіндемеде көрсетілген ақпараттардың шынайылығына қойылатын талаптарды бұзғаны үшін;

Ә) Осы Ережеде белгіленген шарттарды, ережелер мен процедураларды сақтамағаны үшін.

8. Медиа ресурстар

Байқауға ақпараттық қолдау жасауды ақпараттық серіктестіктер қамтамасыз етеді.

9. Ұйымдастырушы туралы байланыс ақпараты

Байқаудың ұйымдастыру комитеті:

Алматы қаласы, «Түркітілдес журналистер қоры» ҚҚ, Алматы қаласы, 050008, Жароков көшесі, 39 А.

Байланыс телефондары:

+ 7 775 166 8920; +7 776 275 6156;

электронды пошта:

erkinsoz2020@gmail.com.

Ұстаздық ету – ұлы жол. Шыңы биік, мінер баспалдағы ауыр жол. Оқу мен тынымсыз еңбектің жолы. Қуаныш пен көз жастың жолы. «Ұстазы мықтының – ұстанымы мықты» дейді қазақ. Мұндағы «мықты ұстаз» жаңағы айтылған ұлы жолдың шыңына жетемін деп талпыну. Алда тұрған небір кедергілер мен ауыр асуларды бағындыра алу және оған қарсы тұра білетін ерік-жігер, мықтылық, сабырлық пен төзімділік. Осы қасиеттерді өз бойына ұштастыра білген ұстазды нағыз өз ісінің маманы дейді.

Руслан ХАМЗА,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Ozat pedagog» төсбелгісінің иегері

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ. АЯУЛЫ АНА. АСЫЛ ЖАР

Қажымайтын қайсарлығы мен батыл мінезінің арқасында ұстаздар үнемі толассыз білім мен үлкен ізденістің үстінде жүреді. Тарыдай баланың сауатын ашып, әріп танытса, таудай балаға білім-ғылым үйретеді. Оқулық пен кітап беттеріндегі әрбір сөздің, әрбір сөйлемнің үлкен маңдай термен келген еңбек екенін түсіне отырып, оны баланың санасына құяды, ұғындырады. Білім берудің небір қырлары мен сырларын игере отырып, оны өз тәжірибесінде орынды, тиянақты, дұрыс пайдаланып, қолданады. Білімді беру аз, ал оны қайтарып алу – басты мақсат.

Ұстаз туралы сөз бастау қиынның қиыны. Ол ұстаз кеңінен танылып, ұстаздықтың ең жоғарғы сатысына көтерілген, жалпақ жұртқа сөзі өтетін қайраткер жан болса тіпті де. Негізінде қазақтағы «Алты Алаштың баласы бас қосса, төрдегі орын ұстаздыкі» деп айтылатын нақыл сөздегі төрдегі орын дәл осы ұстазға лайықты секілді.

Иә, Клара Ермұханова жай ұстаз емес, ұлағатты, кемел ұстаз. Оның есімі Атырау облысына ғана емес, бүкіл республика көлеміне белгілі, кеңінен таныс.

Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы Жұмекен ауылының Еңбекші орта мектебінде үзбестен 41 жыл тәрбие саласында қызмет жасап келе жатқан теориялық білімі терең, ұйымдастырушылық қабілеті, ой-өрісі, әдістемелік шеберлігі өте жоғары, жаңаша негізде жұмыс жасап талап қоя білетін өз ісінің шебері, іскер басшы – Клара Олжабайқызы.

Мұғалім – мектеп жүрегі болса, оның беделі мектептің беделі. Ал, мектеп – мемлекеттің басты тірегі. Олай болса, қазіргі таңда мұғалім білікті әрі шебер, ұшқыр ойлы, қабілетті, өз пәнін жетік меңгерген болуы керек. Мұғалімдер қатарын толықтырып отыратын жас мамандар да талмай үнемі ізденіс үстінде болып, әр пәнді жоғары деңгейде, сапалы етіп өткізсе, шығар асуы алыс емес.

Тәуелсіз еліміздің бәсекеге қабілетті, білімді, елін, ана тілін сүйетін, салауатты өмір салтын насихаттайтын саналы да жаңашыл жеке тұлғаны тәрбиелеуді көкейкесті мәселе ретінде басшылыққа ала отырып, педагогикалық ұжым мүшелерімен, ата-аналармен, қоғамдық ұйымдар және оқушылармен жоғары деңгейде тіл табысып, ынтымақтастықта бірлесіп жұмыс атқаруда.

«Нұр Отан» партиясының Құрманғазы аудандық филиалы «Жас Отан» Жастар қанатының мүшесі. Еңбекші селолық округі бойынша жасалатын идеологиялық жұмыстардың және аудандық деңгейдегі «Үздіксіз тәрбие беру тұжырымдамасы» бойынша жұмыс жасайтын тірек мектебінің жетекшісі.

Облыстық, республикалық деңгейде іс-тәжірибесін таратып, марапаттарға ие болды.

2011 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінен Алғыс хат алды.

2012 жылы Республикалық «Тәрбие жұмысының әдістері мен түрлерін жетілдіру» тақырыбындағы семинар-кеңеске қатысып, «Жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамыту» тақырыбындағы жұмысын қорғап, жинақ кітапшасына енді. Республикалық дәрежедегі сертификат алды.

2013 жылы облыстық «Отбасы тәрбиесіндегі ұлттық тәрбиенің ұтымды жолдары» баяндамалар байқауына қатысып, Алғыс хатпен марапатталды.

2013 жылы облыстық Педагогикалық оқуда «Білім беру ұйымдарында патриоттық тәрбие берудің педагогикалық негіздері» тақырыбындағы жұмысы 1-орын иеленді. «Білім беру қызметкерлерінің кәсіби өсуі – білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз етудің шарты» атты республикалық Бірінші педагогикалық оқулардың облыстық кезеңінің баяндамалар жинағына енді.

2014 жылы облыстық «Үздік ұйымдастырушы» байқауында І-дәрежелі дипломмен марапатталды.

2015 жылы «Сынып жетекшілер бірлестігінің жұмысын жаңа форматта ұйымдастыру» тақырыбында коучинг өткізудегі шеберлігі, «Қазақстанның Білім және ғылым әлемі» журналы атынан «Үздік сабақ жоспары» номинациясымен, «Тұлғаны шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту үшін түрлі әдістерді қолдану» тақырыбындағы жұмысы «Жалпыадамзаттық құндылықтар: проблемалар, ізденістер, шешімдер» атты облыстық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарына енді.

2016 жылы «Өрлеу» орталығы мен бірлескен «Білім-ғылым, технология» интернет порталы әкімшілігінің «Жылдың үздік мұғалімі» төсбелгісінің иегері болса, облыстық «Үздік ата-аналар қоғамдық кеңесінде» бас жүлдеге қол жеткізсе, Республикалық «Алтын кітап» жинағына жұмысы енгізілді.

Өткен жылы Құрманғазы ауданы әкімінің «Құрмет грамотасымен» марапатталса, биыл тәрбие бағыты саласына негізделген «Бауыржантану» тақырыбы бойынша авторлық бағдарлама жасап, сыныптан тыс шараларды қолдану бойынша ұсынымдар жасақтады.

Клара Олжабайқызы Халықаралық Қазақ творчестволық бірлестігінің «Бейбітшілік әлемі» медалінің иегері, «Жылдың үздік мұғалімі», «Үздік маман» төсбелгілерімен марапатталды.

Еңбекші жалпы орта мектебінің Педагогикалық кеңесінде Ермұханова Клара Олжабайқызының кандидатурасы талқыланып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ы.Алтынсарин» төсбелгісіне ұсынылды.

Ұстаз үшін берілген білімнің қаншалықты баланың санасына жетіп, көкейінде қалуы маңызды. Болашақта өзі еккен ағашының біртіндеп бүршік атып, жемісін беруі – әрбір ұстаздың қуанышы мен арманы. Ұлы жолдың бойымен келе жатқан ұлы ұстаздарымызды ұлықтау – тұтас елдің парызы.

Тарихымызға үңілсек, ұлы ғұламалардың өзі ғылым жолын ұстаздықтан бастаған. Үлкен еңбегі мен терең білімділігінің арқасында Клара Ермұхановаңың есімі ел аузында жүр.

Ардақты ұстаздың ұлы еңбегі тиісінше ұлылықпен бағалануы керек. Өзгенің баласын өз баласындай көріп, оның әрбір басқан қадамы мен жеткен жетістігіне шынайы қуана білген ардақты ұстаз – екінші аяулы ана, сүйікті әже және жар.

Әрине, «Дарынды шәкіртке – талантты ұстаз» демекші, ұстаздардың білім-білік деңгейін де ешқашан ұмыт қалдырмайды. Қарамағына тәжірибелі, жаңашыл ұстаздарды топтастыра білудің, еркін жұмыс істеп, жас мамандардың шығармашылық тұрғыда жетілуіне мүмкіндік туғызудың өзі білгірлік.

Бұл ұстаздың өмірі мен еңбек жолына назар аударсаңыз – ұстаздық қызметте де, басшылық міндетінде де өз сый-қадірін жоғалтпағандығын, азаматтық қадір-қасиетін сақтай білгендігін бағамдайсыз. Біз жаңашылдық пен оқу-тәрбие үрдісін асқан шеберлікпен жүйелі түрде жүргізе білетін, ұйымдастырушылық қабілеті уақыт сынағында танылған, жас мамандарға айырықша көңіл бөліп, шебер ұстаз болып қалыптасуына ұйытқы бола білген қамқор басшының, «Бар мейіріміміз – балаларға» дейтін аяулы ұстаздың үлгі-өнегесін қысқа ғана қайырып өттік. Ұлағатты ұстаздың аялы алақанынан шыққан мыңдаған оқушылары өміріне азық болар ұлттық тәрбиені бойларына сіңіріп, уақыт талабына сай маман атанып, мемлекетіміздің гүлденуі жолында үлестерін қосып келеді.

Барлық істе жауапкершілік пен адалдықты талап ететін Клара Олжабайқызы Ермұханова сынды ұстаздан әрі қайраткер басшыдан үлгі-өнеге алған, мектебінен өткен кез келген жаннан ел үмітін ақтайтын азамат шығары анық.

Атырау қаласы

Өткен аптада Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ректоры Гаухар Алдамбергенова халық алдында есеп беру кездесуін өткізді. Жиын тікелей эфирде Zoom платформасы мен оқу орнының әлеуметтік желідегі ресми парақшаларында ұйымдастырылды. Үш сағатқа созылған кездесуде университет басшысы өткен оқу жылында атқарылған жұмыстарды жан-жақты баяндап, алдағы жоспарымен бөлісті. Бұл туралы оқу орнының баспасөз қызметі хабарлады.

Гаухар Алдамбергенова ХАЛЫҚҚА ЕСЕП БЕРДІ

«75 жыл бойы еліміздің білім беру жүйесі үшін 60 мыңнан астам маман даярлаған Қазақстанның жетекші педагогикалық жоғары оқу орындарының бірі – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті үшін 2019-2020 оқу жылы Ұлттық университет мәртебесіндегі даму кезеңімен және елдегі төтенше жағдайға байланысты енгізілген шектеу шараларымен тұспа-тұс келді. Өткен оқу жылының екінші жартыжылдығында кездескен қиындықтарға қарамастан, университеттің академиялық саясатына сәйкес білім алушылар мен профессор-оқытушылық құрам алдындағы міндеттемелерін толық орындады», – деді ректор.

Осы уақыт шеңберінде университет ұжымы білім беру сапасын арттыру, ғылыми жүйені жетілдіру, халықаралық ынтымақтастық, тәрбие, тұлғаның кәсіби қалыптасуы, инфрақұрылымды дамыту, кадрлық әлеуетті жақсарту бойынша үлкен жұмыс атқарды.

Атап айтқанда, Қыздар университеті алғаш рет Шығыс Еуропа және Орталық Азия елдерінің QS 301 – 350 халықаралық рейтингіне кірді. ARES жоғары оқу орындарының халықаралық рейтингінде Қазақстанның 130 жоғары оқу орны арасында 29-шы орынға ие болды.

Сонымен қатар, ұлттық институционалдық рейтингте университет ЖОО-ның ондығына және Қазақстанның үздік үш педагогикалық ЖОО-ның қатарына енді. 13 білім беру бағдарламасы бойынша университет «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлік палатасы рейтингіндегі жоғары оқу орындарының алғашқы ондығына табан тіреді.

«2019 жылдан бастап Қазақстанның жоғары оқу орындарына берілген академиялық еркіндік шеңберінде университет жұмыс берушілермен белсенді ынтымақтастық орнатып, оларды білім беру бағдарламаларын жобалау мен жетілдіру жұмыстарына қатыстырды. Білім беру бағдарламаларына енгізілген барлық өзгерістер еңбек нарығының сұранысы мен қазіргі заман қойған талаптарға сәйкестігіне қарай сараптамадан өтті», – деп атап өтті Гаухар Алдамбергенова.

Ректордың мәліметінше, биыл университетті 1 889 түлек бітіріп, оның 82 пайызы жұмысқа орналасты. Ол электрондық үкімет порталы арқылы жүзеге асырылды. Қыздардың көпшілігі өз аймақтарына оралып, жұмыс істеуде. Гаухар Алдамбергенованың айтуынша, бітірушілерді өз мамандығына сәйкес жұмысқа орналастыру үшін университет өңірлік басқармалармен, білім бөлімдерімен, мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарымен тікелей келісімшарттар жасаған.

Есеп беру кездесуінде ҚызҰПУ ректоры ғылыми әлеуетті арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға да шолу жасады.

«Ғылыми-зерттеу жұмыстары 14 зертхана мен орталықтарда жүзеге асады. Оның ішінде Кешенді химия-биологиялық ҒЗО, Биохимия және биотехнология зертханасы, Полимеразды тізбекті реакция зертханасы, Геоақпараттық жүйелер зертханасы, Латын графикасы орталығы, Робототехника орталығы, «Дара» түзету орталығы, Инклюзивті білім беруді қолдау ресурстық-кеңес беру орталығы, «Жан шуағы» психологиялық қолдау орталығы, сондай-ақ Әлеуметтік және гендерлік зерттеулер ғылыми-зерттеу институты қызмет атқарады. Оқу орнында ғылыми кадрларды даярлауды күшейту мақсатында химия және биология ғылымдары бойынша жаңа диссертациялық кеңестер ашылды», – деді Гаухар Алдамбергенова.

Университетте шетелдік жоғары оқу орындарымен 60-тан астам халықаралық шарт бар. Оның ішінде 2019-2020 оқу жылында 10 өзара келісім жасалған. ҚызПУ Түркияның Нийде Омер Халисдемир университетімен, АҚШ-тың Миссисипи алқабының мемлекеттік университетімен, Польшаның Силезия университетімен, Лондонның батыс халықаралық колледжімен қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыруда. 2019-2020 оқу жылында сыртқы шығыс академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында 48 білім алушы шетелдік серіктес жоғары оқу орындарына оқуға жіберілді.

Университет базасында 3 оқу-зертханалық ғимарат, 7 жатақхана, баскетбол, волейбол, гандбол, мини-футбол және бадминтон алаңдары, жаттығу залдары, «Аққу» жүзу бассейні, «Ұлпан» асханасы бар. Барлық жатақханаларда фитнес залдары мен сұлулық салондары жұмыс істейді.

Алтынбек НҰХҰЛЫ, ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

«Ауылда қашықтан оқуға мүмкіндік беретін интернет те, компьютер де жоқ»

Сенатор Алтынбек Нұхұлы ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цойға депутаттық сауал жолдады. Депутатты ауылдық жердегі қашықтықтан білім алатын мектептер мәселесі толғандырады. Мұндай мектептер санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен қашықтық шараларын сақтай отырып, әдеттегі қалыпта оқи алады. Бұл туралы ҚР Парламенті Сенатының Баспасөз қызметі хабарлады.

«Ауылдық мектептердің оқу жабдықтары жеткіліксіз әрі білім беру мүмкіндіктерінің деңгейі төмен. Ауылдық жерлерде интернет сапасының төмендігі карантин кезеңінде мектепте онлайн-режимде сабақ өткізе алмауының басты себебінің бірі болып отыр. Сондай-ақ, ауыл оқушыларының көпшілігінде қашықтан оқуға мүмкіндік беретін интернет те, компьютер де жоқ.

Пандемия біздің интернет байланысы әлсіз әрі жалпы жүктемеге төтеп бере алмайтындығын көрсетті. Осыдан оқушылардың ақпараттық-компьютерлік сауатының сапасы мен деңгейі туралы мәселе туындайды. Ауылда білім беру сапасын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына ауылдық жерде орналасқан 181-ден 600 адамға дейінгі оқушысы бар, сыныптағы балалардың саны 15 адамға дейінгі мектептердің жұмыс істеуін кезең-кезеңімен шешу бөлігінде өзгеріс енгізу қажет», – деді сенатор Алтынбек Нұхұлы өз депутаттық сауалында.

БАЛА ЖАНЫНЫҢ БАҒБАНЫ

Киелі Қостанай өңірінде Обаған деп аталатын қасиетті ауыл бар. Ол Ресейдің Қорған облысына жақын орналасқан. Кез келген кісіні көркем табиғаты бірден еріксіз таңқалдырады. Шіркін, аталмыш елді мекеннің өзіндік ерекшелігін жазғы күндері осы жерде демалғандар ауыздарынан тастамай айтып жүреді. Осы ауылдан қаншама тұлғалар шықты. Араларында өнер майталмандары, қоғам қайраткерлері, ұстаздар қауымы бар. Бүгін біз жастайынан бала жанының бағбаны болуды, яғни мұғалімдік қадірлі мамандықты армандаған Жанар Асанқызы Қошанова жайлы сыр шертпекпіз.

ОБАҒАН – ДАРЫНДАР МЕКЕНІ

Біздің қазақ «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деп босқа айтпайды. Өйткені, кез келген ұл мен қыздың жарқын болашағы, әдебі мен имандылығы, адамгершілік қасиеттері отбасында қалыптасатындығы белгілі.

Адам баласын жібектей әдемі мінезі, көпшілдігі, әділдігі, мейірімділігі және білімділігімен өзіне тартып тұратын ұлтымыздың аяулы перзенті Жанар қарындасымыз айрандай ұйыған шаңырақта дүниеге келіп, тағылым алды.

Отағасы, яғни әкесі Асан ағамыз да жергілікті бауырларымыздың арасында өте беделді-тін. Тек айналасындағы кісілерге «жақсылық жасасам, кейінгілерге үлгі-өнеге көрсетсем» дейтін жаны ізгі ағамыз еді ғой.

Мұндай адамға жерлестері де өте үйір болатын. Өйткені, одан білмегендерін үйренді, ұмырлық тағылым алды. Ол бесаспап маманды. Түрлі салада жұмыс істеді. Зоотехник, агроном, есепші және жас ұрпақты ізгілікке баулыған ұстаз да болды. Ал, шаңырақтың берекесін келтіріп, басқаларға дүниеден өткенше шуақ шашқан ардақты анасы Сақан да өте қадірлі. Жерлестерімен барын бөлісетін. Үйіне келген қонағын дән риза етіп шығарып салатын, қолы ашық, аса жайдары-тын. Осы әулеттің абыройын асырған апамыз биыл 81 жасқа толды.

Асан ағамыз қаншама жауапты қызмет атқарса да әрқашан руханиятты жоғары қойды. Көптеген басылымдарды үйіне жаздырып алатын. Әрине, оның ішінде ана тіліндегі газет-журналдар басым еді. Бауыр еті – балалары соларды кішкентайынан оқып, парасатты болып өсті.

Осы арада отағасының қолы қалт еткенде шығармашылықпен айналысатын әдеті де болғандығын ерекше атап өткеніміз абзал. Кезінде өмірден көргендері мен түйгендерін арқау етіп, «Өмір белестері» деп аталатын қос томдық кітабын да артына мұра етіп қалдырды.

Аталған кітаптар кейінгі жастардың бойына қаншама күш-қуат дарытып, оларды жасампаздық еңбекке жетелеп, тіршілікте өз орындарын табуына ерекше әсерін тигізді. Көкірегі тұнған шежіре, жан-жақты азамат болғандығын өткен жылдарда шапағатын көргендер әлі күнге дейін әңгімелейді. Міне, осындай кісілерден тәлім алған ұрпақтары да бұл күндері тамырларын тереңге жайып, өңірде өзгелерге ғибрат болып жүргендерін мақтанышпен айтар едік.

Әбілтаевтар әулетінде жеті бала тәрбие алды. Олардың бәрі де бертін келе жүректері қалаған мамандықтарды игеріп, солардың шебері атанды. Осы арада сөзіміз жалаң болмас үшін қысқаша тоқталып өтелік. Мәселен, кейіпкеріміздің үлкен ағасы Ғалым қазіргі таңда көлік инспекциясында білікті маман. Інілері Жанболат, Ерболат, Тасболат, Нұрболат та өз қатарларынан қалмай, айрандай ұйыған, татутәтті отбасының ұйытқылары болып отыр.

Олардың бәрі де өз кәсіптері бойынша ел құрметіне бөленді. Осы шаңырақтағы қыз баланың бірі – Анар да әпкесі Жанар секілді ұстаздық мамандықты таңдады. Ол қазақ тілі және әдебиеті пәнінен дәріс береді. Талай жастардың азамат болып қалыптасуына өзінің қомақты үлесін қосты.

Обаған киелі ауыл екендігін жұрттың бәрі біледі. Сақан апамыз бұл күндері сүйікті ұлы Тасболатпен бір үйде ұмыр кешіп жатыр. Жасы келген кісіге қамқорлық жасап, оның денсаулығына ерекше көңіл бөледі.

Қарашаңырақ болған соң өзге балаларының бәрі де осы үйде бас қосады. Сақан апамыздың қас-қабағына қарап, ол кісіні өздерінің еңбектегі, оқудағы табыстарымен қуантуға тырысады.

АУЫЛҒА СЫЙЛЫ КЕЛІН БОЛДЫ

Ағамыз Асан мен апамыз Сақан үшін балаларының әрқайсысының орны қашан да бөлек. Дегенмен, Жанар есімді қыздары кішкентайынан өте зерек, алғыр, тіларғыш, адам баласына жақын болып қалыптасты. Ол сонау мектеп қабырғасында жүргеннен бастап ұстаз болсам дейтін. Білім ордасындағы мұғалімдердің дәріс беру тәсілдеріне ерекше қызығатын. Жылдар өткен сайын сол іңкәрлік оны тек биіктерге құлшындырды.

Ауылдағы мектепте оқитын білімге ынтызар Жанар уақыт өте сол кездегі облыс орталығындағы ана тілімізде оқытатын жалғыз ғана Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-интернатқа қабылданды. Осы жерде оның басқалардан дараланатын барлық асыл қасиеттері жарқырап көрінді.

Сабаққа зейінді, қоғамдық жұмыста белсенді бойжеткен құрбылары және ұстаздары арасында үлкен беделге ие болды. Оны білетіндер бұдан келешекте ел үшін адал қызмет ететін жан-жақты маман шығатындығына шексіз сенетін. Олардың сол үміті де толық ақталды

деуге негіз бар. Өйткені, ол мектеп-интернатты ойдағыдай аяқтаған соң, сол шақтағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында студент атанып, бала кездегі асқақ арманы біртіндеп жүзеге аса бастады.

Уақыт деген зырылдап өтіп жатты. Өзінің ерекше қабілеті, мол адамгершілігі, қарапайымдылығы әркез бірден сезіліп тұратын ол жоғары оқу орнын 1986 жылы ойдағыдай аяқтап, қолына көптен күткен дипломды да алды.

Ауылда дүниеге келіп, ес білгеннен еңбек қана кімді болсын тек асқақ шыңдарға көтеретіндігін жұдырықтай жүрегімен сезініп өскен ол қаладан шалғайда жатқан Ұзынкөл ауданының Абай деп аталатын елді мекеніне жолдама алды.

Дәл сол кезде осы замандастарымыз кейде Итсары деп те атайтын, яғни кіл қаракөз бауырларымыз қоныс тепкен қасиетті ауылға жас маман ретінде ұстаздық қызметке кірісті.

Алғаш көріп, жылы қабақ танытқан кісілер қашан да жадыңда мәңгілік сақталып қалады емес пе? Жігерлі жас ұстазды осындағы Бірлік негізгі мектебінің директоры болып қызмет атқарған білікті ұстаз, сегіз қырлы, бір сырлы, абыз тұлға Қалиақбар Балтабаев өзінің туған қызындай жылы қарсы алды.

Бұл да өзінің ізгі қасиеттерімен жаңа ортаға судай сіңіп кетті. Қысқа мерзім ішінде жастайынан тиянақты білім алғандығын іс жүзінде дәлелдеп шықты. Осындағы жүректері ізгілікке толы әріптестерінің бауырмалдығының, бастаған ісін соңына дейін жеткізбей қоймайтын ізденімпаздығының арқасында таңдаулы ұстаздарының қатарына қосылды.

Абай ауылы ол үшін өте құтты болды. Себебі, ол осында жергілікті, өзінің жан-дүниесін терең түсінетін, еңбекте әбден шыңдалған, білікті электрик болып жұмыс істейтін Бақытжан есімді жігітпен көңілдері жарасты. Сол шынайы сыйластық үлкен де мөлдір махаббатқа ұласты. Сөйтіп, олар өз алдарына жеке шаңырақ көтеріп, екі жақтағы туған-туыстарын шексіз қуанышқа кенелтті. Ұстаздық қызметте де беделі артып, есімі аудан мен облысқа танылды.

«Балалы үй – базар» демекші, үш перзенттері отбасының қуанышын еселей түсті. Бәрі де ата-аналарынан тағылымды өнеге көрді. Отағасы да өте балажан, жарына адал, айналасындағылармен ізгі қарым-қатынастағы азамат еді.

Ешкім де алда не күтіп тұрғанын білмейді. Тағдырдың жазуына не істерсің? Аққөңіл, сезімтал Бақытжан бауырымыздың ғұмыры қысқа болды. Әрине, оның дүниеден өтуі әулетіне оңай түспегені белгілі. Дегенмен, Жанар қарындасымыз тас-түйін бекініп, жақсы күндер мен жылдарды алдан күтті. Үш балапанын өз қатарынан қалдырмай өсіруге барын салды. Әкелерінің жоқтығын байқатпады. Олар да әкелерінің атына кір келтірмей, аналарының ақ сүтін ақтауға ұмтылыс танытты.

Қазір барлық кездескен қиындықтар артта қалды. Тұңғыштары Әсем өте елгезек, кішіпейіл әрі жан-дүниесі сұлу бойжеткен болып қалыптасты. Анасына демеу болып, тиянақты білім алды. Қазіргі таңда Қостанай қалалық әкімдігінде ішкі саясат бөлімінің басшысы. Оның ғұмырлық серігі, яғни отағасы Тойшыбек Қостанайдағы заң академиясында жауапты қызметте. Ерлі-зайыптының алтын асықтай, сүпсүйкімді қос қыздары өсіп келеді. Тұңғыштары Самира – 2-сынып оқушысы, үздік шәкірт. Одан кейінгі Адема балабақшаға барады.

Киелі шаңырақта тәрбиеленген ортаншы перзенті Арайлым анасына балғын шағынан қатты еліктейтін. Шешесіндей мұғалім болуды көксейтін. Өсе келе соған қол жеткізді. Психолог және өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі.

Жанардың ұлы Арман биыл Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетін тәмамдады. Саналы бозбала білікті маман болып шықты. Әулеттері оның болашағы жарқын болатындығына әу баста нық сенді.

БІЛІКТІ БАСШЫ ӘРІ ТӘЛІМГЕР

Бұл күндері Жанар Асанқызы Қошанова облыстағы тәжірибелі ұстаздардың бірі. Қазіргі қызметіне дейін жоғарыда аталған Ұзынкөл ауданындағы Киев орта мектебіне басшылық етіп, білім ордасының беделін көтерді. Былтырдан бері Қостанай шаһарындағы №29 орта мектептің директоры.

Осынау аралас мектептің жұмысын жандандыруға бойындағы барлық қажыр-қайратын, білімі мен білігін арнап келеді. Қазіргі таңда мұнда 1030 оқушы бар. Тек өткен бір жыл ішінде 300 оқушы қосылды. Қазақ сыныптары да едәуір көбейді. Осының өзі мектептегі жұмыс пен тәрбиенің дұрыс жолға қойылғандығын байқатып тұрған жоқ па?

Білім ордасында шәкірттердің алаңсыз оқуына барлық жағдай туғызылған. Елуден астам ұстаз ортақ мақсат жолында қызмет атқарып жатқандығын таяуда осы жерде арнайы болғанымызда да өз көзімізбен көріп, көңілімізге түйдік.

Жанар тек өзін ғана ойлаған жандардың санатынан емес. Ерекше қамқорлығы мен мол адамгершілігінен де болар, қаншама қазақ қыздары оның жолын қуды. Мысалы, Татьяна Тязина, Балғанат Базарбаева, Ұлжан Қазиева секілді шәкірттері өз саласының танымал мамандары атанды. Ұстаз үшін бұдан артық бақыт пен қуаныш бола ма?

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Оның мәртебесі биік, төрден өзіндік берік орын алуы еліміздегі барша қандастарымызға тікелей байланысты. Осыны жете түсінген білім ордасының директоры өзі жетекшілік ететін ұжымда оқушыларымыздың бойына ұлттық құндылықтарымызды терең сіңіріп, ана тіліміздің барынша өрісін кеңейтуіне септігін тигізуді өзінің күнделікті борышы деп есептейді.

Өзімен тілдескен №29 мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Шолпан Оспанова басшысы жайлы өз ойын ортаға сала келіп, былай деп сыр шертті: «Жанар Асанқызы ұйымдастырушылық қабілеті мол, әріптестерінің арасында аса құрметке бөленген. Ол өзіне де, өзгелерге де жоғары талап қояды. Сондықтан да біз ол кісіден үйренеріміз жеткілікті. Өткен бір жылдың ішінде-ақ оқушыларымыз қалалық, облыстық ғылыми жоба сайысына қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Облыс орталығындағы «Абай оқулары», «Бауыржан оқулары» сайыстарында көзге түскен оқушылар да баршылық».

«Ананың отбасында және балаларының өмірінде алар орны ерекше. Мұны біз жақсы білеміз. Осы күнге дейін тіршілікте бірдеңеге қолымыз жеткен болса, онда шешеміздің де сіңірген еңбегі мол деп есептеймін. Қыз бала анасына жақын болып келеді. Әлі күнге дейін онымен сырласамын. Қажет кезінде маған ақыл-кеңесін беріп отырады. Немерелеріне деген сүйіспеншілігі де ерекше. Ал қызметіне келсек, жауапкершілік жүгі өте жоғары. Мектепке ерте кетіп, кеш оралады. Көп жылдардан бері өзі жас кезінен бастап таңдаған орыс тілі және әдебиеті пәніне тыңғылықты әзірленеді. «Еңбегіне қарай өнбегі» демекші, төккен маңдай тері ескерусіз қалған жоқ. Бірқатар марапаттарға ие болды. Ол үшін ең басты жетістік – шәкірттерінің ел сенімін ақтап, тәуелсіз Қазақстанның туғырының биік, абырой-беделінің жоғары болуына атсалысуы. Олар жайлы лебіз естісе, төбесі көкке бір елі жетпей қалады», – дейді қызы Әсем.

Міне, бүгін Қостанай облысындағы сыйлы да білімді ұстаз, заман талабына сай білікті мектеп басшысы Жанар Қошанова жайлы сыр шерттік. Ол алдағы уақытта да намысты да жігерлі, өз Отаны мен туған жерін шексіз сүйетін нағыз патриоттарды тәрбиелеуге өзінің қомақты үлесін қоса беретіндігіне шүбә келтірмейміз.

Оразалы ЖАҚСАНОВ,
Қазақстанның Құрметті журналисі

Мен Кеңеспен бұдан 30 жыл бұрын шамасында таныстым. Жолдасымыз академик, бала дәрігері Камал Ормантаевтың мерей тойының ақылдасу шайында бірінші рет көрдім. Сол ақылдасу шай дегенді бірінші ойлап тапқан да осы Кеңес болатын.

Жиенге тілек

(Фармацевтика ғылымының докторы Кеңес Үшпаев 80 жаста)

Кенжекең келіп «Камалдың жақында мерей тойы болады, соны өткізу жөнінде Кеңес деген жігіт ақыл шайға шақырды» деген. Барғаным сол еді бір қап-қара сұрыңсыз жігіт алдымнан шығып қарсы алды да, «Әй қатын, мен сені білмеймін, бірақ байыңды жақсы көремін» дегені.

Ондай сөзді бұрын естіп көрмегенмін, оның үстіне басымнан мен де сөз асырмайтын мінезім бар еді. Бірақ, соның өткірлігіне сүйсіндім бе, әлде тосын сөзге тосылдым ба, әйтеуір «оны уақыт көрсетер» деген-нен артық сөз қайтара алмадым.

Міне, осылай басталған біздің таныстығымыз жақсы достыққа, туыстан артық сыйластыққа айналды. Кеңесті білген сайын оның өзі қара болса да, ішкі аппақ ақжарқын адал адамдығы, азаматтығы мол жарқын жігіт ретінде танылдым. Қазақта «Тікен гүлін қорғайды, ара балын қорғайды, жаман малын қорғайды, жақсы арын қорғайды» деген мақал бар. Ал, Кеңес арлы жігіт, табысты да жігіт. Бірақ, тапқанын астына басып, жейтін қорқау емес, шашып жейтін, барын жолдастары мен туыстарымен, жоқ-жітік, жетім-жесірлермен бөлісіп жүреді.

Азаматтардың басына іс түссе, солардың жанынан табылады, қолдан келсе, бар көмегін аямай жүретін азамат. «Дүниеде жоғын іздемеген, жоғалтқанын сағынбаған жұмыр басты пендеден қатерлі де қауіпті адам жоқ» деген. Ал, Кеңес атасын іздеп, еліне мешіт салып, көше бергізіп, өзінің де, елдің де жоғын жоқтап жүрген азамат. Адамдардың қамын ойлаған бұл саналылығы, заманның қалпынан тыс қалмаған бұл даналығы деп айтқым келеді.

Совет заманында да бір қазанның құлағын ұстаған, ал мына заманда да ақыл парасатын іске қосып, табыстың көзін тауып, көп кісіге көмектесіп, халықтың қалаулысы, елдің елеулісі бола білген Кеңесті «іскер дана Кеңес» дегім келеді.

Өзінің тентек мінезі өзіне жарасып тұрады. Жұрт ісін теріс деп түсінбейді, қайта көп сызылғаннан шаршап, сондай жарқын мінезді сағынып тұрамыз.

Беріде жазушы Қоғабай Сәрсекеев қатты ауырып, Америкадан келді. Оны ұшақтан қарсы алып, нәселкемен алып келеміз. Бәріміз не айтып, не істерімізді білмей, қабағымыз түсіп, көзде жас үйірілген. Біздің жабырқаған түрімізді көріп ол қиналғандай болды. Сол кезде досы әрі екеуі қалжыңдасып, ойнайтын құрдасы Кеңес: «Ей Қоғабай, бұл не жатыс? Бізге еркелеп жатырсың ба? Бәріміз келгенде шалжимай тұрсайшы», – дегені. Не күлерімізді, не жыларымызды білмей теріс айналдық, көзіміздегі жас та жиылды. Қоғаш досының қалжыңын қабыл алғандай бар күшін жинап, езуін тартып күлімсіреп жатыр. Біз-де қуанып езу тартқан болдық. Ауруы жеңілдегендей болды. Бәрімізді бір қара түнектен шығарғандай болды.

Кеңес арғындарға жиен, шешесі арғын қызы. Сондықтан «арғындардың бәріне жиенмін» деп қалжыңдап жүреді.

Бірде бір үлкен кісі қайтыс болып, басы-қасында Кенжекең (Кенжеғали Сағадиев) жүрді, ол үлкен кісі болған соң арты той деп те қоямыз. Дегенмен, өлімнің аты өлім ғой, бәріміз отырғанбыз.

Кеңес тұрып «Ей арғындар» деді, «бұл не бүлдіргелі тұр» деп қалдық. Ол болса «Ей арғындар, сендер өлгеннен кейін жақсы шығарып салсын десеңдер, Кенжекең тірі тұрғанда өліп алыңдар» дегені. Оған не дейміз? Ашуланамыз ба? Біразы күліп алды.

Осы мінезі өзіне жарасымды әрі шындықты айтады. Ал, оны басқа біреу айтса жұрт қабылдамас еді. Ол айтса ешкім ренжімейді, оның мінезін жақсы білгендіктен бе, әйтеуір ол ортаға келсе, ортаның гүлі секілді өзіне назарын аударып алады. Біздің ортамызда Кеңес болмаса, ол қайда деп іздеп отырамыз. Қалай десек те, оны халқы, елі сүйетін азамат. Көпшілдігі, қолының ашықтығы, жөн таба білетіндігі, кісі басына қиындық түскенде көмек қолын созатын азаматтығы, адам басындағы жақсы қасиеттің бәрі сенің бойыңнан табылады.

Айналайын Кеңес, сенімен ағайындас болып араласқаныма Құдайға рахмет айтамын. Өмірдің ұзақ болуының бір көрсеткіші жақсы адаммен жанасу. Мүмкін мұнша өмір сүруіміздің себебінің бірі жақсы адамдармен көңілді өмір сүргеніміз болар.

Марқұм Кенжекең сені қатты өз інісіндей сыйлайтын еді, сенің торқалы тойыңа ол басқаша айтар ма еді, кім білсін, оған шамасы келмей ауырды, дүниеден озды.

Өте сұлу ақылды Гүлназың бар. Алтын асықтай балаларың бар, солардың қызығын қызықтап, біраз өмір сүруіңе тілектеспін.

Нағытай ӘБІТАЙҚЫЗЫ

24

ҚАЗАҚСТАНДА ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУҒА
ҚАТЫСТЫ ТУЫНДАЙТЫН
СҰРАҚТАРҒА ЖАУАП БЕРЕТІН

1450

НӨМІРЛІ CALL-ОРТАЛЫҚ ТӘУЛІК БОЙЫ
24\7 РЕЖИМІНДЕ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

ТОП-10: Әлемдегі суицид көрсеткіші жоғары елдер

№	Мемлекет	2020 жылғы көрсеткіш
01	Литва	100 мың адамға шаққанда 31,9
02	Ресей	100 мың адамға шаққанда 31,0
03	Гайана	100 мың адамға шаққанда 29,2
04	Оңтүстік Корея	100 мың адамға шаққанда 26,9
05	Беларусь	100 мың адамға шаққанда 26,2
06	Суринам	100 мың адамға шаққанда 22,8
07	**Қазақстан**	100 мың адамға шаққанда 22,5
08	Украина	100 мың адамға шаққанда 22,4
09	Латвия	100 мың адамға шаққанда 21,2
10	Лесото	100 мың адамға шаққанда 21,2

Дереккөз **ДДСҰ** ▮ Инфографика **Айнұр Қайратбек**

Сәрсекеевтер әулеті ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор –
Сағындық Сатыбалдыұлы Сатыбалдиннің
қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ТОП–10: ЖАЛПЫ ІШКІ ӨНІМІ ЖОҒАРЫ ЕЛДЕР (2019)

01. **АҚШ**	21 427 700 млрд доллар
02. **Қытай**	14 342 903 млрд доллар
03. **Жапония**	5 081 770 млрд доллар
04. **Германия**	3 845 630 млрд доллар
05. **Үндістан**	2 875 142 млрд доллар
06. **Ұлыбритания**	2 827 113 млрд доллар
07. **Франция**	2 715 518 млрд доллар
08. **Италия**	2 001 244 млрд доллар
09. **Бразилия**	1 839 758 млрд доллар
10. **Канада**	1 736 426 млрд доллар
53. **Қазақстан**	180 162 млрд доллар

Дереккөз Дүниежүзілік банк ▮ **Инфография** Айнұр Қайратбек

МЕНШІК ИЕСІ «МИРАС ИНФО» БАСПАСЫ

РЕДАКЦИЯ ЖӘНЕ АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ **МАХМҰТ НӘЛІБАЕВ**
БАС ДИРЕКТОР **ҚАЛИ ҚАМБАРОВ**
БАС РЕДАКТОР **ЖАСҰЛАН МӘУЛЕНҰЛЫ**
БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ **СИВИ МАХМУДИ**
КӨРКЕМДЕУШІ РЕДАКТОР **АЙНҰР ҚАЙРАТБЕККЫЗЫ**
ЖАУАПТЫ ХАТШЫ **МАРЖАН ЖАМБАЙ**
БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ **МАДИЯР ӘЗИЗҰЛЫ, ЖАНАР ДӘУЛЕТҚЫЗЫ, ФАРАБИ СӘЙКЕНОВ**
МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР **ЖАНСАЯ ШЫҢҒЫСХАН** – НҰР-СҰЛТАН, **СЕРІК ШАЙМАН** – ҚОСТАНАЙ
АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ **ҚОҒАБАЙ СӘРСЕКЕЕВ, СЕРІК ҚИРАБАЕВ, САҒЫНДЫҚ САТЫБАЛДИН, САЙЛАУ БАЙЗАҚОВ, ХҰСАЙЫН УӘЛИЕВ, АЛМА ДОСЖАНОВА, ГҮЛБАРШЫН СӘРСЕКЕЕВА, САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ, ҚАЙРОЛЛА МАМЫТАНҰЛЫ**

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ

Қазақстан Республикасы, A05A1D6, **Алматы қаласы, Абай даңғылы** (Гагарин даңғылының қиылысы)**, № 143, 3-қабат, 303-кеңсе**

РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ

+7 (701) **505 48 48** **kazakh_2006@mail.ru**

ГАЗЕТ ТЕГІН ТАРАЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР

Халықаралық Алматы әуежайы — Б. Майлин к-сі, №02
Алматы метрополитенінің барлық бекеттері — «Райымбек батыр», «Жібек жолы», «Алмалы», «Абай», «Байқоңыр», «Мұхтар Әуезов атындағы театры», «Алатау», «Сайран», «Мәскеу»
«Алматы-1» теміржол бекеті — Станционная к-сі, № 01
«Алматы-2» теміржол бекеті — Абылай хан дан., № 01
«Сайран» автобекеті — Төле би к-сі, № 294

ГАЗЕТ САТЫЛАТЫН ДҮҢГІРШЕКТЕР

«Караван», «Kok tengri» дүңгіршектері

ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАТЫН МЕКЕМЕЛЕР

«Қазпошта», «Евразия пресс», «Эврика пресс» бөлімшелері

ТАРАЛЫМЫ 18 300 ДАНА **ТАПСЫРЫС № 1296 / 271**

Газет «Алматы-Болашақ» (Алматы, Мұқанов к-сі, 223 «В») **және «Өмір-Нұр»** (Талғар, Қонаев к-сі, 18) **баспаханаларында басылды**

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, есепке қою туралы № 17704-Г куәлігі 2019 жылдың 15 мамырында берілді. Алғашқы есепке қою № 6897-Г куәлігі 2006 жылы 7 ақпанда алынды.
Газет 1913-1918 жылдары Алаш арыстары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың ұйытқы болуымен жарық көрді.
2006 жылы Қоғабай Сәрсекеевтің бастамасымен № 266 санынан қайта шықты.
Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, авторлардың мақалалары қысқартылып, редакцияланады.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына/ тіліне жауап бермейді.
Газетте интернет сайттарының фотолары, inform.kz, baq.kz, baribar.kz, tengrinews.kz ақпараттық агенттіктерінің мақалалары мен деректері қолданылды.
Газет әр аптаның сейсенбі күндері жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жазылым, бөлшек сауда арқылы және тегін таралады.

САҒЫНДЫҚ САТЫБАЛДЫҰЛЫ САТЫБАЛДИН

Қазақстан Республикасының ғылымы мен техникасына еңбек сіңірген қайраткері, ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Сағындық Сатыбалдин 83 жасында өмірден өтті.

Сағындық Сатыбалдыұлы Сатыбалдин 1937 жылы 5 мамырда Қостанай облысына қарасты Семиозер ауданының (қазіргі Әулиекөл) Жангелдин атындағы кеңшарда дүниеге келген. 1960 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) экономика факультетін бітірген.

1962 жылы халық шаруашылығын жоспарлау кафедрасының аға оқытушысы болып еңбек жолын бастады. 1962-1966 жылдары Алматы халық шаруашылығы институтында деканның орынбасары болды. 1975-1976 жылдары АҚШ университеттері мен ғылыми орталықтарында тағылымдамадан өтті. 1980 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің докторанты. 1981-1983 жылдары Алматы халық шаруашылығы институтының профессоры, 1983-1984 жылдары ҚазКСР Ғылым академиясында өндіргіш күштерді зерттеу жөніндегі кеңес төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды. 1984-1985 жылдары Вьетнам КП ОК және Вьетнам үкіметі жанындағы Халық шаруашылығын басқару Жоғарғы мектебінде сабақ берді. 1985-1990 жылдары А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының ректоры, 1992-1993 жылдары ҚР ҰҒА вице-президенті – қоғамдық ғылымдар бөлімінің академик-хатшысы, 1993-2004 жылдары ҚР Президенті жанындағы Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институты атқарушы директорының орынбасары, 2004 жылы Қазақ-Британ техникалық университетінің директоры болды.

Академик Сағындық Сатыбалдиннің 400-ден астам ғылыми еңбектері, зерттеулері, соның ішінде 45 ұжымдық монографиялары, оқулықтары жарияланды. Олар ТМД елдерінде, АҚШ, Вьетнам, Оңтүстік Корея, Жапония, ҚХР, Швеция, Пәкістан және әлемнің басқа елдерінде басып шығарылды.

2004 жылы Кембридж университетінің библиографиялық орталығы Сағындық Сатыбалдинге «XXI ғасырдың көрнекті ойшылы» атағын беріп, күміс медальмен марапаттады. 2006 жылы АҚШ мәдениет және білім қайраткерлерінің жалпы жиналысы мен американдық библиографиялық институт қазақстандық ғалымды «Бейбітшілік үшін халықаралық награда» Құрмет дипломымен марапаттады.

ҚР ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор Сағындық Сатыбалдыұлы Сатыбалдиннің қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Қазақстанның ғылымы мен экономикасына өлшеусіз үлес қосқан қайраткердің жарқын бейнесі халық жадында мәңгі сақталады.

Халық қаһарманы, Армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Халықаралық қайырымдылық қоры мен «Qazaq» республикалық қоғамдық–саяси газетінің ұжымы

«Amnesty International» халықаралық құқық қорғау ұйымы әлемдегі өлім жазасына қатысты 2019 жылға арналған есебін жариялады. Ұйым деректеріне сүйенсек, өткен жылы әлемнің 56 елінде кем дегенде 3 299 адамға (Мемлекеттік құпия саналатындықтан Қытай, Иран, Солтүстік Корея, Сирия елдеріндегі өлім жазасына кесілгендердің нақты санын білу мүмкін емес) өлім жазасы үкімі шығарылса, Қытай, Солтүстік Корея, Сирия, Вьетнамды есепке алмағанда 16 ел 649 адамға өлім жазасын қолданыпты. Ал, темір тордағы «өлім камераларында» барлығы 26 мыңдай тұтқын отыр. «Qazaq» газеті бүгін осы тақырыпқа кеңінен тоқталады.

АУЫР ҚЫЛМЫС ҮШІН АУЫР ЖАЗА

Өлім жазасы былтыр қай елдерде қолданылды?

Фараби СӘЙКЕНОВ,
саяси шолушы

ӨЛІМ ЖАЗАСЫ: ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Сонымен, 2019 жылы «Amnesty International» ұйымы 16 елде орын алған 649 өлім жазасын тіркеді. Бұл көрсеткіш 2018 жылмен салыстырғанда 5%-ға төмен. Яғни, сол жылы 20 елде 690 өлім жазасы орындалған болатын. Ұйымның есебінше соңғы он жылдықтағы ең аз көрсеткіш 2019 жылғы деректер болып табылады. Мәселен, 1989 жылдан бері ең көп өлім жазасы 2015 жылы тіркелді. Ресми мәліметке сенсек, осыдан 5 жыл бұрын әлемде 1 634 адам атылды, дарға асылды немесе басы шабылды.

Өлім жазасының көп бөлігі әдеттегідей Қытайда, Иранда, Сауд Арабиясында, Вьетнамда, Солтүстік Кореяда және Иракта орын алды.

Қытай әлі күнге дейін өлім жазасын жиі қолданады. Бірақ, аспан асты еліндегі өлім жазасының қолданылу деңгейін нақты айту қиын. Себебі, оған қатысты ақпараттар мемлекеттік құпия болып саналғандықтан, нақты ресми мәліметтер жоқ. Әлем бойынша былтыр тіркелген 649 өлім жазасының есебіне Қытайда орындалған мыңдаған жазаның саны кірмейді.

Қытай, Солтүстік Корея, Сирия, Вьетнам елдеріндегі өлім жазасына қатысты нақты ақпараттардың жоқтығы үшін оларды есепке алмасақ, онда өлім жазасының 80%-ы тек төрт елде – Иран, Сауд Арабиясы, Ирак және Мысырда ғана орындалды.

Иранда өлім жазасының көрсеткіші екі жыл қатарынан төмендеп келеді. 2017 жылы 507 адам өлім жазасына кесілсе, 2018 жылы 253, 2019 жылы 251 өлім жазасы болды.

Былтыр Гамбия, Кения, Зимбабве, Орталық Африка Республикасы өлім жазасынан бас тартты. Күні кеше олардың қатарына біздің Қазақстан да қосылды. Ресей, Тәжікстан өлім жазасына жарияланған мораторийді ұзартты. Сондай-ақ, былтыр АҚШ-тың Нью-Гэмпшир штатында өлім жазасы туралы заң өз күшін жойды. Сөйтіп, өлім жазасынан бас тартқан американдық 21-ші штат атанды.

2018 жылдың соңында әлемнің 106 мемлекеті заңды түрде өлім жазасын қолданудан бас тартса, былтыр олардың саны 142-ге жетті. Ал, 56 елдің өлім жазасынан бас тартуға ниеті жоқ.

«Amnesty International» өлім жазасының орнына басқа жаза қарастырып жатқан 24 елді тіркеді. Олардың қатарында Бангладеш, Үндістан, Индонезия, Малайзия, Марокко, Мьянма, Нигерия, Біріккен Араб Әмірліктері, Оңтүстік Корея сияқты елдер бар.

Өлім жазасына кесілген 11 тұтқынның ақталуы екі елде тіркелді. Олар Замбия (8) және Америка Құрама Штаттары (3).

Әлемде 2019 жылы өлім жазасының мына түрлері қолданылды: ату, дәрі егу, дарға асу, бас кесу, электрлі орындық арқылы өлтіру. Көбіне бұл ауыр жазалар есірткі сату, зорлау, жемқорлық, құдайдан безу, адам ұрлығы сияқты жағдайда қолданылды.

Кейбір мемлекеттерде өлім жазасына қатысты шыққан сот үкімі халықаралық соттың стандарттарына сай келмейді. Соның ішінде Беларусь, Вьетнам, Ирак, Иран, Қытай, Пәкістан, Сауд Арабиясы, Солтүстік Кореяда шығарылған үкімдер бар.

ӨЛІМ ЖАЗАСЫ ТУРАЛЫ АЙМАҚТЫҚ ШОЛУ

Солтүстік және Оңтүстік Америка құрлықтарында соңғы он жылдықта өлім жазасын қолданатын жалғыз ел – АҚШ.

Иә, өркениетті елдердің көшін бастайтын АҚШ қажет жағдайда өлім жазасын қолдануды құп көреді. Бірақ, АҚШ конституциясы өлім жазасы туралы баптың кеңінен қарастырған. Конституцияға енгізілген сегізінші өзгеріс бойынша айыпкердің жасаған қылмысы толық дәлелденбейінше, үкім орындалмайды.

2019 жылы АҚШ-та 35 адамға өлім жазасына кесуге үкім шығарылса, соның 22-сіне үкім орындалды. Жалпы, 28 штаттың заңында өлім жазасы бар болғанымен, іс жүзінде басым көпшілігі бұл жазаны қолданбайды. Дегенмен, 2,5 мың АҚШ азаматы абақтыдағы «өлім камерасында» отыр.

Америка тарихында өлім жазасын қуаттайтын саясаткер ретінде АҚШ-тың 43-ші президенті Джордж Буш аталады. Себебі, кіші Буш 1995-2000 жылдары Техас штатының губернаторы болып тұрған тұста 140 адамның өлім жазасына кесілуіне рұқсат беріп қол қойған. Тек бір ғана адамға кешірім берген.

АҚШ-та өлім жазасы көбінесе жабық камераларда, яғни ел назарынан тыс орындалады. Қолданылатын әдістер: газбен тұншықтыру, екпе егу, ату және электрлі орындықпен өлтіру. Сондай-ақ, айыпкерге үкім орындалмас бұрын күнәсін жуу үшін алты ай діни қызметкермен рухани тұрғыда тазаруға да мүмкіндік беріледі.

Айта кетейік, электрлі орындық арқылы жазаны қолдану XIX ғасырдың аяғында АҚШ-та өнертапқыш Томас Алва Эдисон ойлап тапқан. Тұтқынды орындыққа отырғызып, басына арнайы дулыға кигізіп, аяқ-қолын, көзін байлайды. Денесін белдіктермен бекітеді. Бастапқыда екі мың вольттық айнымалы ток өткізеді, одан кейін ток мөлшерін азайтып, тағы бір рет ток жібереді. Содан адамның жүрек соғысы тоқтайды.

2019 жылы Азия-Тынық мұхит аймағындағы 11 елде кем дегенде 1 219 адам өлім жазасына кесіліп, болып саналады.

Заң бойынша аспан асты елінде өлім жазасына кесілетіндер: жемқорлықпен айналысқандар, заңсыз есірткі саудалағандар, мемлекетке қарсы тыңшылық әрекет жасағандар, жалдамалы баскесерлер. Бірақ, сыбайлас жемқорлықпен айналысқандардың барлығына бірдей өлім жазасы берілмейді. Егер парақордың мемлекетке келтірген шығыны 450 мың юаньнан (шамамен 28 млн теңге) асқан жағдайда ғана ату жазасына кесіледі.

Күншығыс елінде қазіргі таңда өлім жазасына кесілгендерді дарға асу әдісі бар. Дегенмен, өлім жазасына кесуде жапондар қателікке бой алдырмауды жөн көреді. Қылмыскердің қылмысы толық дәлелденген уақытта ғана үкім орындалады. Осы арқылы Жапония жазықсыз жандардың өлім жазасына кесілудің алдын алып отыр. Мысалы, 1995 жылы Токио метросында жарылыс ұйымдастырған «Аум Синрикё» террористерінің ісін бақандай 23 жыл бойы зерттеп, анық-қанығына әбден көз жеткізген соң барып қана үкім орындалды. Сөйтіп, 2018 жылы «Аум Синрикё» сектасының 13 мүшесі өлім жазасына кесілді.

Айта кетейік, Жапония 1982 жылы БҰҰ-ның «Өлім жазасын жою туралы» азаматтық және саяси құқықтар туралы пактісіне қол қоюдан бас тартқан еді.

Солтүстік Кореядағы (КХДР) өлім жазасына кесілгендердің жасаған қылмыстары біз үшін түкке тұрмастай көрінеді. Бірақ, Құдайға сенбейтін ел заңында бірқатар қылмыс жасағандардың жазасы – өлім. Егер тыйым салынған шетелдік музыканы тыңдаса, шетелдік сайттарға кірсе, шенеунік жиналыста ұйықтап қалса, мереке күндерінен бөлек алкогольді ішімдік ішсе, шет елге қоңырау шалса, Оңтүстік Кореяның кинолорын көрсе, билікке қарсы шықса, порнографиялық видеоларды көрсе және таратса, басшыларға құрмет танытпаса, яғни тыйым салынған нәрселерді жасаған жағдайда ел алдында өлім жазасына кесіледі.

2015 жылы болған өлім жазасы әлемді дүр сілкінтті. Жиналыста баяндама жасап тұрған диктатор Ким Чен Ынге Қарулы Күштер министрі Хен Ен Чхольдің ұйықтап қалғаны ұнамаған. Ұйқысы қанбаған министрді қатал басшы әскери жаттығу полигонында жұрттың көзінше мәңгілікке ұйқыға жіберді.

Еуропа бойынша былтыр Беларусьте үш өлім жазасы тіркелді, оның екеуі орындалды. Осылайша, Беларусь – өлім жазасынан бас тартпаған соңғы ішінде 5 елде 1 009 үкім орындалған. Алайда, «Amnesty International» ұйымының жасаған есебіне Солтүстік Корея мен Вьетнамдағы жүздеген өлім жазасы кірмеді.

Қытай Халық Республикасы – өлім жазасын кең қолданатын елдердің бірі. Бейресми мәліметтер бойынша, Қытайда жылына шамамен бес мың адам өлім жазасына кесіледі. Дегенмен, олардың нақты санын әлемдік қауымдастық білмейді. Бейжің бұл ақпаратты жалпақ жұртқа жария етпейді. Мемлекеттік құпия Еуропадағы жалғыз ел атанып отыр.

Минск жазаның ауыр түрін «геноцид», «соғыс ұйымдастыру», «лаңкестік әрекет», «Отанға опасыздық жасау», т.б. қылмыстар үшін қолданып келеді. 1996 жылы бұл елде өлім жазасынан бас тарту мәселесі талқыланған еді. Алайда, референдумға қатысқандардың 80%-ы жазаның сақталуын қолдап дауыс берді.

Солтүстіктегі көршіміз Ресей Федерациясы өлім жазасынан түпкілікті бас тартқан жоқ. Мәскеу оған мораторий жариялаған.

Таяу Шығыс және Африкадағы жағдай күрделі. «Amnesty International» ұйымының таратқан мәліметіне сенсек, бұл аймақтағы бес мемлекет – Египет (Мысыр), Ирак, Иран, Йемен және Сауд Арабиясындағы болған өлім жазасының көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда төмен. Сонда да бұл елдер әлемде өлім жазасын көп қолданатын мемлекеттер болып қала береді. Дарға асу, бас шабу, тас ату сынды жаза түрлері көбінде осы аймақтағы елдерде қолданылады.

ҚАЗАҚСТАН АУЫР ЖАЗАДАН БАС ТАРТТЫ

Өткен айда, 23 қыркүйекте Біріккен Ұлттар Ұйымының штаб-пәтерінде Қазақстанның БҰҰ жанындағы Тұрақты өкілі Қайрат Омаров өлім жазасын жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің екінші Факультативтік хаттамасына қол қойды.

Сол күні өлім жазасын жою туралы халықаралық Хаттамаға қосылу туралы шешімді Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 75-ші мерейтойлық сессиясының жалпы саяси пікірталас барасында сөйлеген сөзінде жариялады. Мемлекет басшысы Қазақстан өмір сүру мен адами қадір-қасиетке негізделген құқықты жүзеге асыруға бекем екенін атап өтті.

Айта кетейік, Қазақстан Республикасында өлім жазасын қолдану ҚР Президентінің 2003 жылы тиісті мораторий енгізу туралы Жарлығымен тоқтатылған болатын. Содан 2004 жылдан бастап өлім жазасы өмірлік бас бостандығынан айыру жазасымен алмастырылды.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін әлемде өлім жазасынан бас тарту сияқты тенденция пайда болды. 1948 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының» 3-ші және 5-ші тармақтарына «әркімнің өмір сүруге хақысы бар және ешкімге азаптайтын, ар-намысын қорлайтын жаза тағайындауға болмайды» деген өзгеріс енгізді. Сонымен қатар, БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 1977 жылы, 1980 жылы және 1989 жылы «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» пактінің екінші факультативтік хаттамасын ұсынды. БҰҰ-ның бұл үндеулері жауапсыз қалмады. Алғаш рет 1978 жылы Испания, 1981 жылы Франция, 1990 жылы тағы 40 мемлекет өлім жазасынан бас тартты. Жоғарыда атап өткеніміздей, 2019 жылы өлім жазасынан бас тартқан елдердің қатары 142-ге жетті.

Рас, БҰҰ және «Amnesty International» халықаралық құқық қорғау ұйымдарының ықпалымен көптеген мемлекеттер бұл ең ауыр жаза түріне мораторий жариялап, тіпті кейбірі одан бас тарта басталды. Алайда, «аюға намаз үйреткен таяқ» деп білетін Қытай, Иран, Сауд Арабиясы, Вьетнам, Мысыр, Ирак, Солтүстік Корея сияқты ондаған елдердің өлім жазасынан таяу он жылдықта бас тартатын түрлері байқалмайды.